




Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

Қазақстандағы НЕЕТ жастарының әлеуметтік ұстанымдары

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА


Социальные установки молодежи НЕЕТ в Казахстане

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Нұр-Сұлтан, 2020



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



Қазақстандағы НЕЕТ жастарының әлеуметтік ұстанымдары

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

Нұр-Сұлтан, 2020

**«Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік ұстанымдары» әлеуметтік зерттеу/Руднева Е.А.,
Урпекова А.Г. – тартылған сарапшы: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2020. – 70 б.**

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша фокус-топтық пікірталас әдісімен жүргізілген «Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік ұстанымдары» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне негізделген.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
Қоғамдық пікірді фокус-топтық өлшеу бағдарламасы	8
1. NEET санатындағы жастардың сипаты	9
1.1 Типтеу	9
1.2 Білім алу мен өзін-өзі дамытуға көзқарас	11
2. NEET санатындағы жастардың психологиялық жай-күйі	21
2.1 Өмірге қанағаттану және эмоциялық жағдайы	21
2.2 Мақсаттары мен болашаққа жоспарлары	23
3. NEET санатындағы жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл-күйі	25
3.1 NEET жастарының негізгі мәселері	25
3.2 Материалдық әл-ауқатты бағалау	28
3.3 Наразылық деңгейі	31
4. Қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасау	35
4.1 Жастар ұйымдары туралы хабардарлық және оларға қатысу	35
4.2 Жастар бағдарламалары туралы хабардарлық және оларға қатысу	38
5. Девиантты мінез-құлыққа көзқарас	42
5.1 Қоғамға қарсы мінез-құлықтың таралуына көзқарас және бағалау	42
5.2 Себептері және ықпал ету факторлары	43
6. NEET санатындағы жастардың бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы	47
6.1 Хобби және әуестік	47
6.2 Жұмыспен қамтылу және жұмысқа орналасу мәселелері	48
6.3 COVID-19 пандемиясының NEET санатындағы жастардың жұмыспен қамтылуына әсері	54
6.4 Жұмыс іздеудің тиімді әдістері.....	55
6.5 Жұмыспен қамту және жастарды қолдау саласындағы мемлекеттік бастамаларға көзқарас	58
Қорытынды	65
Қосымша	69

Кіріспе

Жастар мемлекет дамуының болашақ траекториясын анықтауда маңызды рөл атқаратын ел халқының ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені қазіргі уақытта осы санаттағы әлеуметтік-экономикалық, психологиялық әл-ауқат болашақта адами капиталдың сапасын анықтайды. Сонымен бірге, жастардың өмірлік ұстанымдары мен мақсаттарының сенімділігі мен тұрақтылығының, сондай-ақ олардың ересектер мен балалар арасындағы өтпелі кезеңнің жағдайында болуына байланысты жастар халықтың ең осал топтарының бірі, бұл жағдайда қалыптасу жолындағы кез-келген әсер, кедергілер мен тосқауылдар өмір сапасына теріс әсер етіп, сәйкесінше жастардың жалпы жағдайын нашарлатуы мүмкін.

Ресми статистика деректері бойынша 2020 жылы Қазақстан Республикасы жастарының саны (14 - 29 жас) - 3 765 383 адамды немесе 20,4%-ды құрады. 2020 жылдың II тоқсанында 15 - 28 жас аралығындағы жастардың экономикалық белсенді бөлігінің үлесі 2 098,3 мың адамды құрады, оның ішінде 2 014,3 мың адам жұмыспен қамтылған.

1-кесте.

ҚР өңірлері бойынша 15-28 жастағы жұмыспен қамтылған халық, мың адам

№	Өңір атауы	2018 жылғы	2019 жылғы	2020 жылғы
		2-тоқсан	2-тоқсан	2-тоқсан
	Қазақстан Республикасы	2 038,8	2099,2	2014,3
1	Ақмола	78,4	79,7	68,8
2	Ақтөбе	86,8	90,3	69,6
3	Алматы	231,0	262,8	285,4
4	Атырау	77,8	89,7	68,3
5	Батыс Қазақстан	80,0	81,9	78,3
6	Жамбыл	183,0	200,2	161,4
7	Қарағанды	139,2	122,7	116,4
8	Қостанай	95,9	86,7	73,7
9	Қызылорда	105,6	96,8	68,6
10	Маңғыстау	64,0	66,0	79,0
11	Павлодар	69,0	69,2	70,2
12	Солтүстік Қазақстан	49,9	45,3	48,9
13	Түркістан	186,3	168,5	166,8
14	Шығыс Қазақстан	153,6	173,1	164,1
15	Нұр-Сұлтан қ.	131,9	121,0	142,3
16	Алматы қ.	222,3	252,0	260,9
17	Шымкент қ.	84,0	93,3	91,6

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы


Бүгінгі таңда NEET санатындағы жастар, яғни қолы бос және білім алмайтын жастар маргинализацияға, әлеуметтік эксклюзияға, кедейлікке және т.б. бейім болғандықтан, ерекше алаңдаушылық туырады. Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) бағалауына сәйкес 2020 жылы 15-24 жас аралығындағы жастар арасында NEET үлесі 22,4%-ды құрады, бұл ретте аталған көрсеткіш жігіттерге (14%) қарағанда қыздар арасында екі есе жоғары (31,2%).

Халықаралық еңбек ұйымының деректеріне сәйкес, Қазақстанда соңғы 10 жылда NEET жастар үлесінің өскені байқалады. Мысалы, 2010 жылы жұмыспен қамтылмаған және оқымайтын жастардың саны 8,2%-ды құрады, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 11%-ға дейін ұлғайды (2019 жылы - 10,5%). Өлемдік үрдіске сүйенетін болсақ, Қазақстанда бұл көрсеткіш жігіттермен салыстырғанда (8,9%, 2020 ж.) қыздар арасында (13,2%, 2020 ж.) жоғары¹.

Алайда, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша NEET жастарының үлесі ХЕҰ деректерінен айтарлықтай төмен: 2019 жылы - 7,4%; 2020 жылдың екінші тоқсанында - 7,6% болған, және де 2014 жылдан бастап осы санаттағы жастар санының төмендегені байқалады (1-сурет). Көрсеткіштердегі айырмашылықтар қазақстандық деректерді талдау процесінде 15-28 жастағы жастарды қамтумен түсіндіріледі.

1-сурет.

Қазақстандағы NEET санатындағы жастардың үлесі, 2014-2020 жж.



Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Өңірлік тұрғыда 15-28 жас аралығындағы NEET жастарының үлесі жоғары ретінде Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласын атап өтуге болады (2-кесте).

¹Елдер бойынша NEET санатындағы жастар үлесі бойынша Халықаралық еңбек ұйымының дерекқоры. Электрондық ресурс:

https://www.ilo.org/shinyapps/bulkexplorer53/?lang=en&segment=indicator&id=EIP_2EET_SEX_RT_A [Қаралған күні: 2020 ж. 26 қазан]

2-кесте

15-28 жастағы NEET санатындағы жастардың үлесі, өңірлер бойынша, %

№	Өңір	2019 жыл	2020 жылдың 2 тоқсаны
	Қазақстан Республикасы	7,4	7,6
1	Алматы облысы	8,1	9,6
2	Ақмола облысы	6,3	8,3
3	Ақтөбе облысы	7,3	7,5
4	Атырау облысы	5,0	5,7
5	Шығыс Қазақстан облысы	5,2	8,6
6	Жамбыл облысы	7,7	7,5
7	Батыс Қазақстан облысы	2,8	3,6
8	Қарағанды облысы	12,2	12,1
9	Қостанай облысы	6,3	5,9
10	Қызылорда облысы	8,2	8,4
11	Маңғыстау облысы	7,4	8,3
12	Павлодар облысы	5,3	4,9
13	Солтүстік Қазақстан облысы	6,9	6,1
14	Түркістан облысы	9,7	6,7
15	Алматы қ.	6,2	6,3
16	Нұр-Сұлтан қ.	6,8	7,0
17	Шымкент қ.	8,6	8,4

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Жастардың мұндай тобының болуы бірқатар қауіп-қатерлерге әкеледі, олардың негізгісі жастар арасында да, жалпы халық арасында да адами капиталдың нашарлауы, еңбек және оқу тиімділігінің төмендеуі, халықтың бір бөлігі ретінде жастардың бөлінуімен байланысты елдің әлеуметтік-экономикалық даму саласында жатыр. Сонымен қатар олар әлеуметтік-мәдени аспектіде қоғамның бірлігіне де әсер етеді. Мұнда денсаулық, өмір сүру ұзақтығы және еңбек белсенділігі мәселелерін де атап өтуге болады. Экономикалық шығындар туралы айтатын болсақ, мысалы, 2011 жылғы өмір сүру және еңбек жағдайларын жақсарту еуропалық қорының есептеулеріне сәйкес, Еуропалық Одақ елдерінің NEET жастары проблемасына байланысты шығындары 2011 жылы ғана 153 миллиард еуроны құраған, бұл Еуроодақтың ЖІӨ көлемінің 1,2% бөлігіне тең².

Екінші жағынан, NEET санатындағы жастар мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктігіне қауіп төндіреді, себебі бұл санат маргиналданды, қылмыстану және қоғамға қарсы мінез-құлықтың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл жастар ортасында наразылықтың қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Мысалы, Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығының мәліметінше, 2011-2012 жылдары наразылық акциясына қатысқан жастардың шамамен 20%-ы NEET санатының өкілдері болған³.

NEET санатындағы жастардың жағдайын үнемі бақылау және зерттеу, проблемалар мен әсер ету факторларын талдау өзекті және осы санаттағы жастарды қолдау механизмдерін әзірлеу және сәйкесінше олардың жалпы санындағы үлесін азайту және тәуекелдерді жою үшін тиімді құралдардың бірі. Бұл мәселені зерттеу, екінші жағынан, COVID-19 пандемиясына байланысты маңызды, бұл жастардың жағдайына, атап айтқанда NEET санаты үлесінің арту қаупіне қатысты алаңдаушылықты арттырды.

²Different youth work approaches for different NEET situations. The Salto-Youth inclusion resource centre. Электрондық ресурс: <https://www.salto-youth.net/downloads/4-17-3266/OnTrack.pdf> [Қаралған күні: 2020 ж. 12 қараша]

³Буланова М., Костенко В. (2019). NEET-жастары: наразылық әлеуеті және шындық. РМТУ хабаршысы. «Философия. Әлеуметтану. Өнертану» топтамасы. №1, 120-129 б.

Қоғамдық пікірді фокус-топтық өлшеу бағдарламасы

Зерттеу мақсаты – NEET санатына жататын жастардың типтерін талдау, қоғамдық институттармен өзара әрекеттесу деңгейін және мемлекеттік жастар бағдарламаларына қатысуын анықтау, сондай-ақ жас халықтың құрылымында осы санаттың санын азайту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Міндеттер:

- NEET жастар типтеуін анықтау;
- NEET жастарының қоғамдық институттармен өзара әрекеттесуін талдау;
- NEET жастарының мемлекеттік жастар бағдарламалары туралы хабардар болу және қатысу деңгейін анықтау;
- NEET жастар санатының негізгі мәселелерін анықтау;
- жастардың девиантты мінез-құлықтарын анықтау;
- NEET жастарының психологиялық жағдайын анықтау;
- NEET жастарының бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын талдау.

Зерттеу объектісі мен мәні

Зерттеу объектісі: NEET санатына жататын 14-28 жас аралығындағы Қазақстан жастары (еш жерде оқымайтын, жұмыс істемейтін, табысы төмен адамдар).

Зерттеу мәні: NEET буынын және олардың Қазақстан жастары ортасындағы көріністерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер, жастар ортасындағы келеңсіз үрдістерді жою жөніндегі жастар саясаты институттары мен ұйымдарының қызметі.

Бір фокус-топқа 12 адам - NEET санатының өкілдері қатысты.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты фокус-топтық талқылаулар Zoom және Skype қосымшаларының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы онлайн режимде өтті.

Еліміздің 5 өңірі - Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Түркістан облыстарында, Нұр-Сұлтан қаласында барлығы 5 фокус-топтық талқылау өткізілді.

Фокус-топ респонденттерін тарту:

Облыстардағы супервайзерлер берілген жынысы, жасы, этносы және басқалары параметрлерге сәйкес фокус-топтардың 12 (он екі) қатысушысын (респонденттерді) іздеу және тартуды (рекрутинг) қамтамасыз етті.

Фокус-топ қатысушыларының респонденттеріне сыйақы беру:

Респонденттерге фокус-топқа қатысқаны үшін сыйақы қарастырылған.

Талдау және нәтижелер:

Фокус-топты жүргізу кезінде кейіннен мағынасын ашу (транскрипциялау) және деректерді талдауды жеңілдету үшін талқылауға аудиожазба жүргізілді. Фокус-топтардың қорытындысы бойынша транскрипциялау жөніндегі маман аудиожазбаларды тыңдап, транскрипт жазды.

Фокус-топтың нәтижелерін талдау, талдамалық баяндама жазу үшін сарапшы тартылды.

1. NEET санатындағы жастардың сипаты

1.1. Типтеу

Әдетте әлемдік тәжірибеде NEET санатындағы жастарды екі үлкен топқа жұмыссыз және экономикалық белсенді емес жастар бөлу кездеседі.

NEET жастарының бірінші санатына уақытша немесе тұрақты жұмыс істемейтін, сондай-ақ білім беру процесіне қатыспайтын жастар кіреді.

Екінші топқа әртүрлі себептермен жұмысқа орналаспағандар кіреді: жеке таңдау, балаларға, қарттарға қарау қажеттілігі, ауру, жұмыс істеу қажеттілігінің болмауы (материалдық қамтылу, басқа мақсаттар).⁴

Зерттеуде бірінші және екінші топқа кіретін NEET-жастары көрсетілген. Сонымен қатар, елімізде жұбайлары тарапынан еңбек қызметімен айналысуға тыйым салу себебінен, тұрмыстағы әйелдердің экономикалық енжарлығымен сипатталатынын атап өтуге болады. Жалпы, қыздар арасындағы NEET санатының неғұрлым жоғары көрсеткіштері, тұрмыстағы қыздарға үй тіршілігін жүргізу, балаларға және отбасының қарт мүшелерін қарау мәселелері жүктеліп, әдетте, қыздар үй шаруасындағы әйелдерге айналады.⁵

«Карантинге дейін мен қосымша жұмыс істедім, қосымша табыс таптым, яғни даяшы болып жұмыс істедім. Күнделікті шығындарды тауып деген сияқты. Ал қазір үйде, жұмыссыз отырмын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Менің атым Сағи. Мен екі жыл бойы тұрақты жұмыс істедім. Наурыз айында жұмыстан босатылдым. Қазір жұмыс іздеп жүрмін» (еркек, қазақ, 23 жас, Атырау облысы).

«Қазіргі уақытта мен оқымаймын және жұмыс істемеймін, өйткені мен әлі ата-анаммен тұрамын және өзiрге жұмыс іздemеймін» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен қазіргі уақытта жұмыс істемеймін, бірақ тұрмыс құрғанға дейін ұзақ уақыт тәрбиеші болып жұмыс істедім. Күйеуім қарсы» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Мен университеттен кейін 2 жыл жұмыс істедім, қазір 3 жыл декретте отырамын. Өкінішке орай, карантинге байланысты жұмысқа шығу мүмкін емес. Баланы балабақшаға беру керек, жұмыс істей алмайтын болып тұрмын» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«2 жыл тұрақты жұмыс істедім. Кейін басқа қалаға көшетін болып, жұмыстан шықтым, міне, бір жыл бойы жұмыс жоқ. Қазір жұмыссызбын. Денсаулық жағдайым бойынша уақытша жұмыссызбын» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Мен оқу бітіргеніме бір жыл болды, биылғы жылы жұмыс істемедім, өйткені мен жүкті болдым, ал жүкті әйелдерді жұмысқа алмайды. Қазір менің балам бір жасқа толды, енді жұмысқа шығуға болады деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

Жалпы, NEET санатындағы жастарды анықтап, оларды бағалай отырып, бұл сипаттамалары ел мен аймақтарға байланысты әртүрлі болатын әркелкі топ екенін атап өткен жөн. Осындай сипаттамалардың бірі - бұл санаттағы жастардың көбінесе жоғары немесе орта арнайы білімінің болмауы. Мыса-

⁴Young people not in employment, education or training. ILO/Sida Partnership Programme. Электрондық ресурс: https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/26634NEET_Sida_brief.pdf [Қаралған күні: 2020 ж. 26 қазан]

⁵Alimkhanova D. (2018) Understanding the Rising NEET Phenomenon in Southern Kazakhstan. CAP Paper 206 (CAAF Fellows Papers). Электрондық ресурс: <https://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2018/06/Alimkhanova-CAP-Fellows-Paper-June-2018.pdf> [Қаралған күні: 2020 ж. 12 қараша]

лы, Дж. Бахер және оның әріптестері 2014 жылы Аустрияда өткізген зерттеуге сәйкес, мектептен кету жастардың, қыздардың да, жігіттердің де NEET санатының қатарына қосылуына ықпал ететін факторлардың бірі болған.⁶

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан жастары арасында NEET санаты орта мектептің 9 сыныбын аяқтап, содан кейін колледжге түскендер, сондай-ақ 11 сыныпты бітіріп, жоғары білім алғандар есебінен толтырылады. Сонымен қатар, мектептің 9 сыныбы мен колледжден кейін жоғары оқу орындарында оқуын жалғастырған жастар тобын атап өткен жөн. Егер біз 9 немесе 11 сынып аяқтауға қатысты шешім туралы айтатын болсақ, онда бұл шешім дербес, сондай-ақ ата-аналардың қысымына байланысты қабылданады. Сонымен қатар, ата-аналардың ықпалы балаға кеңес беруден бастап оның орнына шешім қабылдауға дейін ұласып жатады.

«Орта білім бойынша, тоғыз сыныпты бітіргеннен кейін мен колледжге түстім. Бұл менің ата-анамның қалауы болды» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Тоғыз сыныпты бітіргеннен кейін мен колледжге түстім, яғни тоғызыншы сыныптан кейін колледжге түстім, оны орташа бағамен бітірдім. Мен неге тоғыз сыныпты бітірдім? Мен өзім солай қаладым» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен он бірінші сыныптан кейін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары оқу орнын бітірдім» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен 11 сыныпты бітірдім, содан кейін Ресейге, Томскке оқуға түстім, және ... анам маған кеңес берді» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің жоғары білімім бар. Тоғыз сыныпты бітіргеннен кейін мен колледжде, содан кейін жоғары оқу орнында оқыдым. Тоғыз сынып аяқтау туралы шешімді өзім қабылдадым» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Мен Токаревка кентіндегі орта мектептің 11 сыныбын бітірдім, бұл шешімді өзім қабылдадым, себебі жоғары оқу орнына түскім келді» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен 9 сыныптан кейін анаммен кеңесіп, педагогикалық колледжге түсуге бел будым, өйткені гранттар көп. Сондықтан мен ол жерге баруды шештім. Мен анаммен тоғызыншы сыныптан кейін не істейтінімді, қайда баратынымды барлық сұрақтар бойынша кеңесіп отырдым» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен мектептің 11 сыныбын бітірдім. Менің мұғалім болуым ата-анамның таңдауы болды. Қазір үйде баламен отырмын» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

Қазіргі уақытта тек орта білімі бар жастар тобын бөлек алып көрсетуге болады. Мұның себебі көп жағдайда қабылдау емтихандарындағы олардың алған төмен балдары оқу орындарына түсуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, олардың келесі жылға білім алуға оң көзқарас және оқуға түсу ниеті бар. Оқу орындарына түскен жастардың тағы бір тобы оқуды бітіре алмағандар немесе оқуды қаламағандар, өйткені бұл олардың болашақ кәсібі емес екенін түсінгендер, нәтижесінде бұл жайт оларды төмен білікті жұмысқа орналасуына немесе жұмыссыз болуына әкелді. Бір жағынан, жастар осы жағдайға ата-аналарын кінәлайды, өйткені олардың ықпалынан өздеріне лайықты келмейтін мамандыққа оқуға түскен болатын.

⁶Bacher, Johann & Tamesberger, Dennis & Leitgöb, Heinz. (2014). Not in Education, Employment or Training: Causes, Characteristics of NEET-affected Youth and Exit Strategies in Austria working paper A study for the Federal Ministry of Labour, Social Affairs and Consumer Protection (BMASK). Institut für Sozial- und Wirtschaftswissenschaften.

«Менің орта білімім бар. Он бір сыныпты бітіріп, ҰҚК академиясына түсуге бел будым. Өкінішке орай, ол жерге бара алмадым. Қазір ҰҚК академиясына түсуге дайындалып жатырмын, келесі жылға емтихан тапсыруды жоспарлап отырмын» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Мектеп бітірген соң ҰБТ тапсырдым. Мен төмен балл жинап, Алматыдағы оқу орнына түсе алмадым. Келесі жылы қайтадан тапсырамын және түсемін деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Менің орта білімім бар. Бірақ мен орта кәсіптік білімді бітіре алмадым. Мен ата-анамның ықпалымен колледже заңгер мамандығына түстім, бірақ оны меңгере алмадым. Оқуды бітірген жоқпын. Қазір дәнекерлеуші болып жұмыс істеймін» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Бұрын айтқанымдай, 11 сыныптан кейін туризмге түстім. Бұл менің ата-анамның шешімі болды. Сондықтан мен 2 жылдан кейін оны тастадым, сол жерден кетіп, экономикаға бардым, бұл ата-анамның шешімі болды. Бұл өте қатты әсер етті» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Мен он бір сыныпты бітірдім. Мектепті бітіргеннен кейін мен ҰБТ-да аз балл жинадым, жоғары оқу орнына түсе алмадым. Осыдан кейін мен ауылда қаламын және оқымаймын деп шештім» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Мен 11 сыныпты бітірдім, шешімді өзім қабылдадым, бірақ оқуға бармаймын деп шештім. Мен жұмыс істедім, қазір жұмыс жоқ, тілдік курстарға барып жүрмін» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

Сондай-ақ, қазіргі уақытта мектеп бітіргеннен кейін өзін және болашақ мамандығын іздеп жүрген, бір жыл ойланып, өзін-өзі дамытумен, тілдерді үйренумен айналысатын респонденттер тобын атап өткен жөн.

«Қазір мен жылды бос өткізуді ұйғардым, өйткені мен не істегім келетіні және болашақта не істеу керектігі туралы жеке ойланғым келді. Мен өзімді дамытумен, еңбек нарығындағы алдыңғы қатарлы салаларды зерттеумен айналысамын және тіл оқытушыларынан сабақ алып жүрмін» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен 11 сыныпты бітірдім, енді болашақта кім болғым келетіні туралы ойлану үшін бір жыл алуды шештім. Қазір өзімді дамытып, тіл үйреніп жүрмін» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

1.2 Білім алу мен өзін-өзі дамытуға көзқарас

Жастарды болашақта жұмысқа орналастыру кезіндегі маңызды тұстардың бірі еңбек нарығында оқитын мамандығына деген сұраныс болып табылады, сондықтан кәсіптік бағдар беру мәселелері белгілі бір мамандықтар (мысалы, техникалық) түлектерінің тапшылық тенденциясын және Қазақстанда басқа мамандықтың көптігін ескере отырып өзекті болып қала береді. Кейбір жастар оқитын мамандығын өз қызығушылықтарына қарай дербес таңдаған, тіпті жастар өздерінің қызығушылығы мен әуестігіне сүйене отырып, ата-аналарының қалауына қарамастан мамандықты таңдаған жағдайлар туралы айтылды. Мамандықты таңдаудың негізгі себептерінің бірі - оның еңбек нарығындағы қажеттілігі, сонымен қатар жастарды қызықтыратын ерекше еңбек жағдайлары мен беделін атап өтуге болады.

«Мен таңдаған мамандық - заңгер. Мен өз құқығымды білгім келді және қажет болған жағдайда құқықтық көмекке мұқтаж адамдарға көмектесу мүмкіндігін алу осыған себеп болды» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Менің мамандығым бойынша аяқтаған оқу орным, мамандығым шетел тілі аудармашысы. Яғни халықаралық, шетел тілі халықаралық тіл болғандықтан қазіргі таңда көпшілігімізге қажет және де алдағы уақытта да қайбір жұмысқа кірсеңіз де көп жерлерде ағылшын тілін талап еткізіледі. Сол

себепті шетел тілін таңдадым» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен де өз еркіммен мамандығымды таңдағанмын. Және оны осы заманға керекті мамандық болғаннан кейін таңдадым және өкінбеймін. Ол өзіме пайдасын беріп жатыр» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Бітірген мамандығым – аудармашы. Өз ойым ағылшын тілі көптеген жұмыстарға керек деп ойлаймын. Сол себептен осы мамандықты таңдадым» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мен таңдаған мамандығыма ата анам қарсы болды. Өйткені ол мамандық қазіргі таңда елімізде дамымаған. Туризм саласын өзім жақсы көріп таңдадым, болашақта бұл мамандық беделді деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен осы военный академияға түскім келген өзімді спорт жағынан шынықтырып жүресің де, күнде жаттығулар жасап денсаулығыңа қарап жүресің, еше олар 45 жастан пенсияға шығады дейді, жас кезімде пенсияға шығып аласын, мен сол жағынан таңдағым келді» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мамандығымды беделді деп санаймын. Себебі маған формада жүрген бала кезімнен ұнайды. Милиция бала кезімнен ұнайды. Маған сол адамдар беделді болып көрінеді» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

Мамандықты таңдауға сыртқы факторлар да әсер етеді – ҰБТ-дағы төмен балл, отбасының экономикалық мүмкіндіктері, осы мамандыққа гранттардың болуы және тиісті грант алу мүмкіндігі, бұл қазіргі уақытта мамандық бойынша жұмыс іздеудің қиындауына әсер етеді, өйткені мемлекеттік гранттарға ұмтылу кезінде жастар мен ата-аналар оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ескермейді және тек осындай білім алуға көңіл бөледі.

«Мен сол материаловедение мамандығын таңдадым, өйткені ол кезде ЕНТ-дан төменгі балл жинағам и одан кейін грантқа түсу мақсатында осы мамандықты таңдаған болатынмын. Жалпы бұл мамандық көбінесе қыз балаларға жұмыс табу қиындық туғызады, себебі зауытта істейтін ер адамдар көбінесе ұл балаларды алғылары келеді, қыз балаларды көп алғылары келмейді екен сол жақтан қиындық туындайды» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен ата-анама жеңілдік болсын деп, грантқа талпындым, ЕНТ-ға дайындалдым. Оның бәрін ата-анам қолдады. Сол, содан соң ЖОО-на грантқа түстім ЕНУ-ға» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Мектеп бітірген және болашақ мамандығын анықтамаған жастар тобын бөлек атап өтуге болады, бірақ жалпы алғанда олар таңдау өздерінің қалауы мен мүдделеріне негізделуі керек деп санайды.

«Мен әлі ешқандай мамандық алған жоқпын, менің мамандығымды таңдауға өз көзқарасым әсер етеді. Егер мен өмір бойы қандай да бір іспен айналысуға дайын екенімді сезсем, мен міндетті түрде онымен айналысамын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Қазіргі уақытта менің мамандығым жоқ» (еркек, қазақ, 16 жас, Қарағанды облысы).

«Менің кәсібім жоқ, бірақ менің болашақ мамандықты таңдауыма қызығушылықтар мен өзіме ұнайтын іс әсер етеді деп санаймын» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

Сонымен қатар, өз мамандығының беделін бағалай отырып, жастардың көпшілігі критерийлер ретінде мамандықтың қазір және болашақта қажеттілігін, оның қоғамның және экономиканың басқа салаларының дамуына әсерін атап өтіп, оң жауап берді.

«Жалпы өзім енді болашақта таңдайтын мамандығым – заңгер. Заңгер мамандығы өзі беделді мамандық болып табылады, мамандық орны болып табылады» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Менің мамандығым беделді деп ойлаймын. Себебі көп транспортқа біздің мамандық әсер етеді» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Мен жалпы қаржыгермін және ол барлық жерде сұранысқа ие. Әр компанияда, кез-келген ұйымда сұраныс бар. Иә, мен беделді деп санаймын» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, байланысшы мамандығы өте қажет. Себебі қазір барлығы интернетте екеніні көріп отырмыз, бәрі өте жоғары қарқынмен дамуда» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің таңдаған мамандығым әрбір мекемеге керек деп ойлаймын. Мен таңдаған мамандығым – есепші мамандығы. Бұл мамандықты анам екеуіміз бірге шешкен болатынбыз. Бұл беделді деп ойлаймын. Болашақта керек мамандық» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Менің жоғары білімім бар, маған мамандығым ұнайды. Ол сұранысқа ие. Бұл дәнекерлеу инженері» (орыс, еркек, 25 жас, Қарағанды облысы)

Екінші жағынан, таңдалған оқу орны мен таңдаған мамандығынан көңілі қалу қазіргі уақытта болашақ мамандықты анықтай алмайтын жастардың жұмыссыздығы себептерінің бірі болып табылады.

«Мен 9 сыныпты бітіріп, тіл колледжіне түстім. Керемет болады деп ойладым. Бұл өте жақсы колледж деп ойладым. Нәтижесінде, олай болмады, әскерге барғаным жақсы еді. Мен оқуды тастап кеттім, оқымаймын, жұмыс істемеймін» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен 11 сыныпты бітірдім, бұл дербес шешім болды, содан кейін Астана университетіне оқуға түстім, туризмде екі жыл оқып, шығып кеттім, себебі бұл менің мамандығым емес еді. Содан кейін мен экономиканы оқып, білім алдым, оны да менің ісім емес екенін түсіндім. Ұзақ уақыт бойы бармен болып жұмыс істедім, содан кейін жұмыссыз қалдым және әрі қарай не істеймін деген ойда жүрмін» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

Ата-аналар мамандық таңдауда басым рөл атқарады. Әдетте, ата-аналар тарапынан мамандық таңдау критерийлері мамандыққа деген сұранысқа сай келеді, яғни баланың жұмысқа орналасуы мен қаржылық тәуелсіздігіне деген сенімділік маңызды тұстардың бірі болып табылады.

Мұндай араласудың жағымды да, жағымсыз да жақтары бар. Бір жағынан, ата-аналар балаларына еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар таңдауға кеңес береді, бірақ екінші жағынан, бұл шешім жастардың қызығушылығын ескерусіз қабылданғандықтан, білім алуға, содан кейін мамандық бойынша жұмысқа орналасуға уәждеменің болмауына әкеледі. Осылайша, зерттеу көрсеткендей, кейбір информанттар ата-аналардың таңдауына өкініп, болашақ мамандықты анықтауда біреудің ықпалына түскендерін көрсетті. Сонымен қатар, шешім қабылдау кезінде достарына еліктеу де болатыны анықталды.

«Мен метеорология мамандығын бітіргенмін. Оны таңдауыма себепші болған мамам» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Иә, мен оны беделді деп санаймын. Себебі, «дәрігерлер әрқашан барлық жерде қажет». Анам маған қандай да бір жағдай болса да, тіпті сол коронавирустың өзінде, жұмыссыз қалмайтынымды айтты. Өз отбасыңызды асырайсың дегендей. Негізінен анам ықпал етті, өйткені ол қаржылық тұрғыдан бұл жақсы мамандық және игі іс екенін түсіндірді» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен негізі мамандық таңдауда 70 пайызы ата-анамның ықпалымен түскенмін деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Білім жайлы айтсам, мен досымның жетегінде кеттім. Ол кезде маған компьютерлер ұнады, компьютерді қазбалауды ұнататынымын және бағдарламашыға баруды ойладым. Ол бағдарламашыға

барды, мен оның соңынан ердім. Бірақ бір жылдан кейін бұл мүлдем менің ісім емес екенін түсіндім» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Таңдаған мамандығымды айтар болсам, ата анамның арқасында түскенмін. Өзімнің мамандығыммен жұмыс жасаған жоқпын. Сол үшін оның қаншалықты керемет екенін сезінген жоқпын» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

Бүгінде Интернет-технологиялардың дамуымен, білім беруді цифрландыру мәселесін өзектендіре отырып, дәстүрлі білім берудің баламасы ретінде ілгерілеп келе жатқан қысқа мерзімді онлайн курстардан өту бойынша көбірек мүмкіндіктер ұсынылуда. NEET санатындағы қазақстандық жастар мұндай курстарға деген оң көзқарасқа қарамастан, жоғары білім еңбек қызметі кезінде қажет болатын неғұрлым терең және кең білім береді деп санай отырып, оларды қосымша білімге жатқызады, сонымен қатар жоғары оқу орындары әлеуметтенудің құралы болып табылады, жастар әрі өмірде, еңбекте де, күнделікті өмірде де қажетті мәдени нормаларды бойына сіңіреді.

«Менің ойымша бұл жерде қысқа курстар оқығанмен, ол тек қана дополнительный курс ретінде қабылданады. Ал жоғарғы оқу орнын міндетті түрде оқу керек жастарға. Себебі оның ішінде неше түрлі профессорлар, манағы ғылым кандидат, докторлары секілді беделді, білімді адамдар оқытады. Олардың беретін дәрістері әрине жастарға керек» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Менің ойымша, беделді. Егер оқымасаңыз, миыңыз жұмыс істемейді, меніңше. Әрине, басқа курстардан өтуге болады, кейбір мақсаттар үшін бұл маңызды. Бірақ менің ойымша, жоғары білімің болса, өзіңді болашақта сенімді сезінетін боласың, тіпті жай жүргеннің өзінде... сенімді болу үшін оны аяқтау керек сияқты» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жалпы, менің ойымша, білім әрқашан өзекті болады. Әрине, бірінші кезекте негізгі білім алу керек, ал курстар немесе кейбір онлайн-сыныптар қосымша білім алу үшін қажет. Білмеймін, қосымша нәрсе сияқты. Ал, қандай да бір маңызды емес, яғни бұл дипломды алу, болашақта өз мамандығыңызда қолданатын білім» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине оқу керек университетте былай партада отырып деген сияқты білім алып. Интернеттен білім алуға, қысқа курстар болмаса, ЖОО оқығанға жетпейді. Білім алу керек және одан ары жалғастыру керек. Тоқтап қалмау керек. Бірнеше мамандық алсаң тіптен жақсы, қоғамға пайдаң тиеді. Білімді болған жақсы. Өмірдің соңына дейін білім алған дұрыс» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Қысқа мерзімді курстарға қатысқан дұрыс деп ойлаймын. Бірақ ол толықтай білімділікке тәрбиелейді. Одан кейін ЖОО міндетті түрде барлық адамға керек деп ойлаймын. Себебі ол ең бірінші адамды мәдениеттілікке тәрбиелейді. Интернеттегі білім ЖОО-ға жетпейді» (еркек, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

Екінші жағынан, респонденттер қысқа мерзімді курстардың пайдасын және олардың дәстүрлі біліммен салыстырғанда тиімділігін атап өтіп, Қазақстан жағдайында диплом қажет екенін айтты, өйткені кез-келген жерде жұмысқа орналасу кезінде жоғары, орта-кәсіптік білім туралы диплом сұрайды.

«Жалпы айтып жатқаныңыз қысқа мерзімді курстар, жалпы ол да артық етпейді. Ол дейтін енді кіріп жатырған заман ырғағына сай сұраныстар ғой. Мысалы шетелдік мекемелер кіреді, сондай қысқа мерзімді курстар болады. Тренингтерді оқып, мысалы электрик болады, сварщик болады 1-2 айдың ішінде оқып бітіретіндер. Ал олар енді жұмысқа кірерде енді жоғары толық оқуын бітірген дипломы болғаны дұрыс деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Негізінен, біз бюрократ ел болғандықтан, құжаттар маңызды. Көк және қызыл мөрлер елінде,

жас адам университетті бітіріп, қағаз алуы керек, бұл міндетті. Негізінде, өзіңіз айтқандай, интернеттен бәрін үйренуге болады, мен бұл оймен келісемін, сондықтан, бір жағынан бәріміз диплом алу керек екенін білемін. Екінші жағынан, ерік-жігерің болса, белгілі бір курстарда оқып-ақ, бәрін үйреніп алуға болады» (еркек, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жоғары оқу орынын бітіру керек деп ойлаймын. Себебі, мысалы, бір жерге жұмысқа баратын болсан, диплом сұрайды ғой. Дипломы бар ма деп. Сенің дипломын бар ма деп. Жоқтарға қарағанда алдында қаралады. Сол себепті деп ойлаймын болу керек диплом» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Сондай-ақ онлайн курстар заманауи тренд және көп пайда әкеледі деген пікірлер айтылды, алайда бұл тұста білім алушының ынтасы мен табандылығы маңызды.

«Қысқа курстарға, қысқа мерзімді курстарға қарсылығым жоқ. Наоборот ондайларды қолдаймын. Және де жоғары оқу біліміне қарағанда осы курсты оқып шыққан ыңғайлы деп ойлаймын қазіргі заманға сай» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Ондай курстарды мен қолдаймын. Қазіргі кезде тем более дамыған заман. Басқа елдерде бізге қарағанда әлдеқайда дамушылық бар. Көбінесе онлайн оқытады барлығын. Қазіргі кезде көптеген адамдар былай оқығаннан гөрі онлайн оқығаннан бірнеше есе көп пайда тауып жатырғаны белгілі. Менің қарсылығым жоқ ондай оқуға» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Курстарды айтсақ, менің ойымша, бұл өте пайдалы. Себебі адамның қалауы болса, ол тіпті білімі жоқ болса да, яғни егер ол қандай да бір салада бірінші болғысы келсе, оның үйреніп алуға мүмкіндігі бар. Бастысы ниет. Ал диплом, менің ойымша, біздің елде бар деген аты үшін қажет. Жұмысқа орналасу әрдайым дипломды қажет етеді. «Сізде жоғары білім бар ма?», егер адам оған «жоқ» десе, онда «Ааа... бізге тек жоғары білімі барлар керек» деп жатады» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Оны оқып, оқыған нарсесімен жұмыс істеп пайдалана алса, оқыған дұрыс. Ал жай әншейін еріккенге баратын болса, қажеті жоқ» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

Онлайн курстардың теориялық бағыттылығы, практикалық білімнің болмауы сияқты кемшіліктері айтылды, сондай-ақ осындай қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырушылар алаяқ болулары мүмкін.

«Жалпы, теория жүзінде алған білімнен гөрі практика жүзінде алған білім тиімдірек. Сондықтан интернеттегі оқуларға жүгінудің қажеті жоқ, қайта оқу орындарына барып, сол жерден білім алған дұрыс деп есептеймін» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Студент болғанға не жетсін. Студенттік өмірді кешкен өте күшті деп ойлаймын. Қолдаймын. Интернет дегенге қарсымын. Біреуі алдауы мүмкін. Сенбеймін былайша айтқанда» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

Жастардың басым көпшілігі өзін-өзі дамыту өте маңызды және онымен айналысу керек деп санайды, өйткені бұл адамның материалдық әл-ауқатына ықпал ететін жұмысқа орналасуға және алға жылжуға пайдалы.

«Өздігінен білім алу маңызды, әрине өздігінен ізденген адам білім алып, әрбір затты үйренген адам, болашақта өзіне пайдасы тиетіні сөзсіз» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Енді әркім өздігіненен білім алу керек деп ойлаймын, алдағы уақытта наны» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Мен маңызды деп санаймын. Себебі әр адамға өз-өзіне, болашағына керек. Өмір бойы ол басқа біреудің мойнында отыра алмайды ғой. Себебі оның өзі оқып, өзі адам болып, өзі жұмысқа кіріп, сөйтіп өз болашағын ойлау керек деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Өздігінен білім алу маңызды деп ойлаймын. Және де ізденген, және де көп білген жақсы. Сол білім арқылы нанын табады. Күнін көреді» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Иә, өздігінен білім алу, менің ойымша, бұл адамда болуы мүмкін ең маңызды нәрсе. Яғни, егер ол кез-келген салада, тіпті физикалық немесе ақыл-ой саласында өзін-өзі дамытса, бұл оның болашақ өмірі үшін жақсы болады. Яғни, ол қазірдің өзінде қаржылық сауатты болады және дамиды, көп ақша табады» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Өздігінен білім алу арқылы адам қажетті маманға айналады. Ол әрқашан сұранысқа ие. Біз курстар, онлайн-сыныптар қызметкерге өз біліктілігін арттыруға көмектесетінін айттық. Қаржылық жағы да жоғары болады, жалақы жоғарылайды және мәртебесі көтеріледі» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Өздігінен білім алу әрдайым қажет, яғни ол өзің үшін керек, бұл, мысалы, тіл үйрену, сондай-ақ өзін-өзі дамыту. Болашақта бұл мамандық бір жерге кетуге көмектеседі немесе бір мамандық үшін қажет болады» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

Екінші жағынан, өзін-өзі оқытудың жағымды әсерлерінің бірі нақтылы қаржылық және еңбек пайдасынан басқа, адамның білімін жаңарту, оның дүниетанымын кеңейту.

«Өздігінен білім алу қажет, өйткені бұл белгілі бір саланы меңгеру үшін қажет. Бұл диплом да, басқа да емес. Адам әрқашан өзін-өзі оқытумен айналысуы керек, әлем тоқтап тұрмайды, дамиды. Жылдам дамып келе жатқан әлемнен артта қалмау үшін жаңа сөздерді қолданатын балалар жаңа сленгтерді қолданады. Әр адамға өз білімін, дағдыларын дамыту қажет» (еркек, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине адам өзін жетілдіріп отыру керек үнемі. Үнемі білім алып отыру керек. Өйткені заман талабы өте қатал. Ай ти саласы қазір дамыды, сол үшін қазір соған ілесіп отырмасаң, қалып кетесің. Дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену үшін Қазақстанда тұрған әрбір азамат білімді болуы керек. Сол үшін үнемі білім алып, жеке ізденісте болғанымыз дұрыс» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Бұл ретте, адамның өздігінен білім алуға ниеті мен ынтасы болмаса, алған білімнен пайда болмайтыны айтылды.

«Менің ойымша, қатысушылардың бірі айтқандай, ең бастысы - ниет, сондықтан менің ойымша, өзін-өзі тәрбиелеу үшін де сол ниет керек. Егер ниет болса, әрине пайдалы. Университетте айтылғандай, 70% студенттің өзі алған білім, 30% білімді оқытушы береді. Сондықтан өздігінен білім алу – қалай да керек нәрсе. Бірақ өзін-өзі оқыту үшін ниет керек, меніңше» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен де оны маңызды деп санаймын. Бірақ бұл әркімнің қалауына байланысты сияқты, біреу қалайды, біреу қаламайды деген сияқты. Қызығушылығына байланысты» (еркек, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

NEET жастарының пікірінше, қоршаған орта, ата-аналар, достар болашақ мамандықты таңдауға әсер етеді, бірақ жастардың мамандық таңдағанда, өз мүдделеріне сүйене отырып, таңдауын жасаған дұрыс, өйткені бұл жас адамды тұлға ретінде қалыптастыру қадамдарының бірі. Сонымен қатар, адамның қоршаған ортасы тек мамандық таңдау, білім беру саласына ғана емес, сонымен қатар өмірдің басқа салаларына да әсер ететіні баса айтылды.

«Ықпал етеді. Кез келген адамның өз туыстары бар, үлкен жердерде жұмыс жасайтын адамдар болады. Сол адамдарға қарап өздері қызығатын адамдар болады. Сол қызыққандықтан сол өздерінің

мамандықтарын таңдап, сол кісілерге ұқсаймын деп, сол сияқты болам деген сияқты қылып, қолынан келетін мамандықты таңдап, соған жеткені дұрыс» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

«Мен де, қоғам адамның таңдауына қатты әсер етеді деп ойлаймын. Білім болсын, басқа болсын - үйленетін болсаңыз да, қоғам жүз пайыз әсер етеді, меніңше» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, әрине ата-анасы, достары, бауырлары, қасындағы айналасындағы адамдар жастардың болашақта қандай мамандық таңдауына да ықпал етеді. Бірақ енді әркім өзіне ұнаған мамандықты таңдаған дұрыс деп ойлаймын. Менің ойымша, солай» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Айналадағы қоршаған орта және де адамдардың барлығы әсер етуші факторлар болып саналады. Кез келген адамға, кез келген ортаның жүрісіне, тұрысына барлығына байланысты. Оның ойы және де басқа жағынан қызығушылықтары өзгеруі мүмкін. Дегенмен соның ішінде ең бастысы жаңағыдай адамның өзінің қалауына байланысты. Айналадағы адамдар просто әсер етуші факторлар боп саналады деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Қоршаған ортадағы, айналадағы адамдар мамандық таңдауға әбден әсер етуі мүмкін және де достар немесе ата-аналар, кейбір ата-аналар болады баласын өзінің қалауымен оқуға түсірмейді. Әрбір адам тұлға ретінде қалыптасуы үшін, бала өзінің армандаған мамандығына тапсыруы тиіс деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

Ата-аналар мен достардың ықпалын бағалай отырып, респонденттер мәселенің екі жағын ашты. Бір жағынан, ата-аналар, достар кеңесші, мотиватор ретінде әрекет етеді, олар өздерінің жақындарын оқуға шешім қабылдауда қолдайды, сонымен қатар, ата-аналардың жас ұрпаққа өзін-өзі анықтауға көмектесетін білім мен тәжірибесі бар. Алайда, екінші жағынан, кейде ата-аналар шамадан тыс қысым көрсетіп, баланың орнына мамандық таңдайды, бұл баланың одан әрі ересек өміріне, атап айтқанда жұмысқа орналасуына, өмірге қанағаттануына және т.б. теріс әсер етеді. Егер жастар болашақ мамандықты достарының ықпалымен таңдаса, досымен/құрбысымен бірге мамандыққа барса да, осындай жағдай қалыптасады.

«Жалпы, ата-аналар мен достардың пікірі білім алуға және мамандық таңдауға деген ұмтылысқа жақсы әсер етеді деп санаймын. Бірақ ата-аналарын тыңдамайтын және қалаған мамандыққа баратын адамдар бар» (әйел, орыс, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менің ойымша, ата-аналар мен достардың пікірлері таңдауға әсер етеді. Олар бір нәрсеге қол жеткізуге көмектеседі» (еркек, қазақ, 16 жас, Қарағанды облысы).

«Қоршаған орта, ата-аналар, олар табиғи түрде әсер етеді. Әр отбасыларда әртүрлі. Менің отбасымда бұл жай кеңес сияқты. Ата-аналар өз тәжірибелеріне сүйене отырып, мен не істеуім керек екенін кеңес береді. Мен мұны тыңдай аламын, бірақ олар қалағандай жасай алмаймын, өйткені мен олай ойламаймын. Кейбір отбасыларда олар тікелей қысым жасайды, олар заңгерлік немесе тағы басқа ұсыныстар айтады. Достар да әсер етеді. Олар қалай әсер етеді десеңіз, қандай да бір идеялар беру арқылы» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Ықпал етеді. Себебі ол өзінің баласының жақсы болғанын қалап, мынандайға түс деп өз ойларын айтады. Себебі олар біледі қайсысының жақсы екенін» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Әрине, ата-аналар мен достар бірінші кезекте балаға және оның дүниетанымына әсер етеді. Сондықтан, мүмкін, ата-анасының кеңесі немесе мәжбүрлеуі бойынша, адам маңызды және қажет болып көрінетін жерге барады» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Ықпал етеді деп санаймын бірақ қалай айтсам болады, егер ата-ана балаға айтқан мамандықты таңдап, оны оқығысы келмесе, оны қинап қажеті жоқ деп санаймын, өйткені ол бала өзі қаламаған нәрсені шындығына келгенде жасамайды» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, бірақта ол Жадыра апай айтып тұрған сияқты, қазақтар солай ғой айтады ұят болады деп, түсіп ал грантқа деп, оқып аласың сосын әрі қарай өзің білесің нестегің келсе де деп, баланы тал-

пындырады, сосын бала әрі қарай оқып жүре береді өзіне ұнамайтын немесін проффессиясын, потом аяғында жұмыс таба алмай, солай жағдай» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Қоршаған орта қатты әсер етеді. Себебі мен жастық шағымнан бастап сізді көтеретін адамдарды таңдау керек деп санаймын. Ақымақ адамдардан аулақ болып, сауатты адамдармен көбірек сөйлесіңіз. Бір нәрсеге ұмтылуға тырысыңыз. Қоршаған орта қатты әсер етеді. Адам ретінде сіз өте сауатты бола аласыз, бір жағынан сіз жақсысыз, бірақ егер қоршаған орта нашар болса, ол сізді дұрыс емес бағытта тарта алады. Бұл өте қатты әсер етеді» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Өз ойым ата-ана балаға ықпал етеді деп ойлаймын. Манағыдай, бала таңдаған мамандығын оқығысы келіп ынта етеді ғой енді. Сол жақсы көріп тұрса сол мамандығын. Бірақ қазіргі уақытта көбінесе айналадағы адамдардан көріп, айтуға болады, көбінесе ата-анасы шешеді деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Қоршаған орта жастардың ұмтылысына және олардың кәсібін таңдауға әсер етуі мүмкін, сол ата-аналар баланы өздері жұмыс істеген мамандықта жұмыс істеуге көндіре алады. Бұл тіпті оңай болады. Сондай-ақ, түрі бойынша достар: ол бір мамандыққа түседі және ол сізді өзімен бірге шақырады» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Қазіргі таңда кейбір ата-аналар бар, баласының ойымен емес, өзінің түсірген мамандығымен оқытады. Ондай болмаған дұрыс әрине. Әркім өз мамандығы бойынша оқыған дұрыс. Солай деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Көпшіліктің пікірінше, білімнің болмауы адамға ешқандай әсер етпейді. Білімі жоқ жастар да жұмыс істейді, күнін көреді, кейде университетті бітіргендерден де көп табыс табады. Айта кететін жағдай, респонденттер ЖОО-да оқымағандардың оқуға уақыт жұмсамай, тәуелсіз, өз-өзіне жеткілікті тұлға болып жүрген жағдайларына қызыға қарайтынын айтты.

«Менің оқымаған достарым бар және олар қазір жұмыс істейді. Олар басқа адамдардан ерекшеленеді дегенге күмәнім бар. Олар неғұрлым дербес, бізге қарағанда тәуелсіз. Біз дегенім, мектепті бітіріп, әлі не істеу керектігін білмейтін адамдар» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Иә, менің оқымаған достарым бар. Негізінде, олар еш айырмашылығы жоқ, олар өздерінің уақыттары мен нервтерін ұнатпайтын оқуға жұмсамағаны үшін бақытты» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Оқымаған таныстарым бар. Олардың еш айырмашылығы жоқ. Олар бір ақымақ емес. Олардың тілі күрмеліп тұрмайды. Олардың бәрі жақсы. Тек олар жұмыс істейді. Олар оқымайды, бірақ жұмыс істейді. Бұл жалғыз айырмашылық» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Көп айырмашылықтар өзім байқамаймын, досым бар қазір бақша шаруашылығымен айналысады, айына сезон кезінде 7-8 миллион кіргізеді үйіне, бізден оқығандардан қарағанда көп табады, диплом сатып алған» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менің де оқымаған мысалы таныстарым достарым арасында бар, иә бірақ олар оқымаса да мысалы ұлдар армияға барып иә қазіргі таңда өте жоғары зарплатада жұмыс істейді, ал ондайлар көп мысалы қазір жеке өздеріне ИП ашып алып сондай сондай жұмыстар істеп, мысалы, салонда сондайда істеп жүрген қыздар бар, армияға кеткен ұлдар бар, олардың барлығының зарплатасы жақсы, ал оқыған таныстарым, сыныптастарым бар, олар да дәл қазір мен сияқты жұмыс таба алмай жай сауда сияқтылармен айналасып жүр» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен де келісемін, мен өзім колледжде оқығанда, енді жаңа айтып жатыр ғой, оқымаған балалар боқтап, түкіріп сүйтіп жатады деп, иә ал оқығандар олар істемейді, олар цивилизованный болады деп, негізі бәрі ұшқан ұясына байланысты, ұшқан ұяңда қандай тәрбие береді соған байланысты, ол оқысаң

да, оқымасаң да адам сондай болып қалыптасады, ұл бала да, қыз бала да» (еркек, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, оқымағандар бар. Олар базарда сауда сатады, кейбірі поляда егін егеді. Мінездеріне келсек анау айтқандай ерекшелік жоқ» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Дегенмен, жұмыспен қамту және жұмыс мансабы бойынша жоғарылау проблемалары, сондай-ақ мәдени аспект бойынша жастар арасында айырмашылықтар бар екені айтылды, мысалы, әңгіме кезінде көше жаргонын пайдалану, қоғамдағы мінез-құлық. Алайда, бұл пікірге қарама-қайшы ой айтылды, өйткені респонденттердің тағы бір бөлігінің пікірінше, егер мінез-құлық, сөйлесу мәдениетінде айырмашылықтар болса, бұл білімге емес, адамның тәрбиесіне байланысты.

«Иә, менің айналамда оқымаған адамдар бар. Қолында дипломы жоқ, тек мектеп білімімен жүрген. Иә, байқадым әсіресе олар ондай жағында жұмысқа кірген кезде көп қиыншылық көреді. Тек уақытша, тек арнайы өзінің берілген уақытымен жұмыс жасайды және мінез-құлқына келген кезде аздап, мінездері кішкене, иә мінез-құлықтары өте ауыр. Оның бәрі де, қазіргі бәрі де болып жатырған пандемияда соның бәрі қосымша стресс болар деп ойлаймын сондай адамдарға» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Ондай адамдар көп емес. Бір-екі адам бар, олар бірақ жұмыссыз үйлерінде отыр» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Менің ондай таныстарым бар. Олардың жоғары білімі жоқ, бірақ жұмыс істейді, ауыл шаруашылығы, ата-анамның таныстары. Олар ауыл шаруашылығымен айналысады. 25 жасар жігіттер сияқты, жоғары білімі жоқ, бірақ сол арқылы олар ауыл шаруашылығымен жақсы айналысады, яғни ірі қара мал бағады. Сөйлескенде... мәдениет сәл төмендеу, айырмашылықтар бар, бірақ олар соншалықты қатты емес. Жап-жақсы, мейірімді адамдар, тек білімі аздап жеткіліксіз. Бұл ата-аналарға байланысты шығар, мен олардың ата-аналары бар ма, жоқ па білмеймін» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Бірақ менің қасымда көп емес бірден-саран бар оқу оқымаған. Бірақ деген жұмысқа кіру, өзінің ойлаған жұмыстарына тұрып кету, сондай жағынан қиындықтар болады да, былай нормально жұмыстар тауып, пока сондай жұмыстарда жүргендер» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Иә, одан кейін айтатыным оқыған мен оқымағанның айырмашылығы ол бар. Оқыған адам негізі білінеді, ол оқыған ортаңа байланысты адамның мінез-құлқы өзгерістер болады, мысалы сөйлейтін сөздерінен көше де кетіп бара жатқан кезде, мысалы оқыған адамдар көшенің өзінде дұрыс жүріп, дұрыс тұрады ғой, ал оқымаған адамдар да, ол білініп қалады мысалы түкіретін бір жерге түкіре салу, мүмкін тағы бір неме боқтай салып деген сияқты сондай айырмашылықтар бар» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Ондай достарымыз бар. Олардың айырмашылығы мәдениет жағынан кішкене артта болады, анайылау болады. Қалай сөйлеу керек екенін, қандай ортада өзін қалай ұстау керек екенінен артта қалады. Сондықтан айырмашылығы жер мен көктей» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Мен де Мейіржанның сөзіне қосылғым келеді. Ондай таныстарымыз көп әрине, Бірақ оқыған мен оқымағанның айырмашылығы тау мен жердей десек те болады. Адаммен қарым қатынасқа түсе алмау қиындықтары тууы мүмкін» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Менде де оқымаған таныстар бар, жалпы оқыған мен оқымағанның айырмашылығы мәдениеттің төмендігі деп білемін. Көзқарастары екі түрлі болады» (еркек, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Мен келіспеймін мына айтып отырған сөзімен. Ол былай қарасаң қазір күшті университетті бітіріп алған жастардың өзі жұмыста бөлек адам да, былай шыққан кезде бөлек адам болып шыға келетіндер де бар, сондықтан өйтіп бөліп жарудың қажеті жоқ деп санаймын. Себебі ол оқыған күшті дипломы бар жігіттің өзі де боқтап кей жерлерде, мысалы, мас боп отыратын адамдар да бар және

де көбінде байқайтыным жаңалықтардан да, интернет желісінен де көп көруге болады, госслужбада жүргендер үнемі парақорлықпен ұсталып жатады, біріншіден, екіншіден, сондай неше түрлі заведение-ларда отырғанда біреумен төбелесіп, сол сияқты. Сондықтан ол адамның жеке сана сезіміне байланысты деп санаймын және де оқымаған адамның өмірге деген құштарлығы арта түседі деп санаймын. Өйткені ол жұмысы бар, дипломы бар адамдар қалай деуші еді, барлықтан тайраңдайды деп санаймын, ал жоқ адам бала-шағасын асырау үшін, өзі бір жетістікке жету үшін, үй алу үшін басқа да нәрселермен өз-өзін қамтамасыз ету үшін одан сайын өмірге құштарлығы артып, одан сайын еңбек етеді деп санаймын өзім» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен де келісемін, мен өзім колледжде оқығанда енді жаңа айтып жатыр ғой оқымаған балалар боқтап, түкіріп сүйтіп жатады деп, иә, ал оқығандар олар істемейді, олар цивилизованный болады деп, негізі бәрі ұшқан ұясына байланысты, ұшқан ұянда қандай тәрбие береді соған байланысты, ол оқысаң да, оқымасаң да, адам сондай болып қалыптасады, ұл бала да, қыз бала да. Мен оқыған колледжде, например, физрук ұлдар да болды, например програмисттер болды, олар да мысалы сондай, колледждің артына барып темекіні де тартады, түкіреді, балалармен де төбелеседі, оның бәрі оқыған оқымағанға қатысты деп ойламаймын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

Информанттардың бір бөлігі сұраққа жауап бере алмады және оқымаған таныстарының болмауына байланысты оқыған және оқымаған адамдар арасындағы айырмашылықтарды анықтай алмады.

«Менің жоғары білім алмаған достарым жоқ. Мүлдем білім алмағандар жоқ. Мен бұл сұраққа жауап бере алмаймын» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Ол менің айналамда оқымаған адамдар жоқ. Барлығы да оқыған және де оқымаған адамдар болған жағдайда олардың іс-әрекеттері жайында, өз-өздерін ұстау жағдайларын мен ол кісілерді білмедім, қандай жағдайда болатынын» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Жоқ, менің таныстарымның барлығы оқыған, ондай таныстарым жоқ» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Қорытынды

Жастардың NEET санатына кіру факторларының бірі білімге қолжетімділік болмауы және нәтижесінде жастардың осы тобының негізгі сипаттамаларының бірі білім деңгейінің төмендігі болып табылады, Қазақстанда жұмыспен қамтылмаған және оқымайтын жастардың, әдетте, орта-кәсіптік, жоғары білімі бар деп есептеледі. Сонымен қатар, мектеп бітіргеннен кейін оқу орындарына түсе алмаған NEET жастарының бір бөлігі үшін болашақта оқуға түсуге деген ықылас пен оң көзқарас бар.

Қазақстанның NEET жастары білім алудың кез келген түріне оң көзқарасын білдіріп, білім алу қажеттілігін жұмысқа орналасу мен мансаптық өсудің баспалдақтарының бірі ретінде атап өтеді. Сонымен қатар, ата-аналар мен достар болашақ мамандықты, білім алу деңгейі және түсетін оқу орнын таңдауда айтарлықтай әсер етеді.

2. NEET санатындағы жастардың психологиялық жай-күйі

2.1 Өмірге қанағаттану және эмоциялық жағдайы

Зерттеу міндеттерінің бірі NEET жастарының психологиялық жағдайын анықтау болды. Жұмыс істемейтін және оқымайтын жастарға мұқият назар аударуды және зерттеуді қажет етеді, өйткені осы зерттеу барысында олардың арасында бұл жайт қылмыстану, психологиялық, эмоционалды проблемалардың қалыптасуына, әртүрлі тәуелділіктер мен әлеуметтік алшақтаудың пайда болуына әкелетіні анықталды.⁷

Жұмыспен қамтылмаған және білім алмайтын жастар, жалпы, өз өміріне қанағаттанады және жақсы көңіл-күйде. Өмірге қанағаттану факторларының бірі – ата-аналардың, туыстардың және жақын адамдардың қолдауы. Алайда, COVID-19 пандемиясы аздап ыңғайсыздық пен алаңдаушылық тудырды, бұл өмір салтына, жұмысқа орналасуға және оқу форматына әсер етеді.

«Өмір қанағаттанамын. Иә, әрине, көңілім толады. Өзімді жақсы сезінемін» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен өз өміріме қанағаттанамын. Құдайға шүкір, бәрі жақсы» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

«Иә, қанағаттанамын, көңіл-күйім жақсы, өзімді жақсы сезінемін» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен өмірге толық ризамын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Балалармен үйде отырған кейін уже еш нәрсе ойламайтын боласын. Балаларға тамақ бересің, далаға шығарасын. Жақсы барлығы, Аллаға шүкір, жақсы барлығы» (әйел, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жалпы, бәрі көңілімнен шығады. Әрине, пандемия, карантин өмірді біршама баяулатады. Осыған байланысты, декреттен жұмысқа шыға алмай жүрмін» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Қазіргі уақытта мен өміріме ризамын, көңіл-күйім жақсы. Бәрі жақсы, өйткені қасымда жақын адамдар, туыстар, мені қолдайтын ата-анам бар» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен қанағаттанамын. Коронавирус, мұның бәрі ұсақ-түйек, өмірдің сынақтары. Өмір қысқа және бір нәрсеге, коронавирусқа қадалып қалу, мұның бәрі ұсақ-түйек. Негізі отбасым қасымда, аман-есен біз» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менде құдайға шүкір барлығы бар, отбасым бар, 2 балам бар, бірақта өзімнің алға қойған бір мақсатым бар, соған осы жаңа жылға дейін соған жетіп, жақсы көрсеткіш көрсеткім келеді. Құдай қаласа сол кезде бәрімен бөлісе жатармын, женіске жеткен жағдайда және де жақсы жақсы жұмысқа ауысқым келеді. Өзімнің қалай деп айтсам болады, әрі қарай да жетіле түскенімді қалаймын, бір орында тоқтап қалмай» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

Екінші жағынан, информанттардың аз бөлігі өмірге толық қанағаттанбау, ересек өмірдің (бала тәрбиесі, үй жұмыстары) жауапкершілігінен шаршауды және ыңғайсыздық сезінеді, бұл ішінара отбасылық міндеттерден алшақтауға мүмкіндік беретін жұмыс ортасының болмауына ықпал етеді.

⁷Kutsyuruba, Benjamin & DeLuca, Christopher & Butler, Alana & Godden, Lorraine & Youmans, Alexandra & Hussain, Alicia & Stroud Stasel, Rebecca & Shewchuk, Samantha & Coe-Nesbitt, Heather. (2019). Needs of NEET youth: Pathways to positive outcomes. Электрондық ресурсы: <https://educ.queensu.ca/sites/webpublish.queensu.ca/educwww/files/files/NEET%20Literature%20Review%20Approved%20June%202019.pdf> Қаралған күні: 2020 ж. 12 қараша

«Көңілім толады деуге болады, бірақ толық емес» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Ішінара қанағаттанамын. Көңіл-күйім құбылмалы, әр кезде әрқалай» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

«Мен өз өміріме қанағаттанамын деп айта аламын, кей кезде болады бір шаршап кетесін, себебі менде қазір уже тұрмыс құрғаннан кейін екі балам бар, екі балаға қарау керек секілді нелер бар, бірақ өмірге қанағаттанамын, ризамын, қазіргі сезініп жатқан бақытты кездерім бәрі өте көп, сол үшін өміріме рахмет айтамын, ата-анама рахмет айтамын. Мен ойлаймын, егер қазір жұмыс табылса, кішкене өзімнің ортам болса деп ойлаймын, сол жағынан мен кішкене қанағаттанбаймын, қазір кішкене риза емеспін» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жалпы, менің өмірім түбегейлі өзгерді, қызықсыз болғандай. Бұрын менде оқу, жұмыс, яғни қозғалыс болды. Ал қазір мен үйде отырамын, менің барлық қызметім тоқтады, тек үй, бала. Сондықтан, бұл аздап өкінішті... мәселе тіпті балада да емес ... жалпы, бұл жағдай онша емес. Мен басқа нәрсені қалайтын сияқтымын» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Елден кету ниеті туралы пікірлер айтылды, бұл Қазақстандағы өз өмірін теріс бағалаумен байланысты емес. Әдетте, информанттардың шетелде оқуға түсіп сонда оқу жоспарлары бар.

«Біздің елдегі өмірге көптен бері қуанбаймын, өйткені мен өзім қазақпын, бұл менің жерім, бірақ бұл жерде маған мүлдем ыңғайсыз. Ешқандай жеңілдіктер жоқ, маған ештеңе ұнамайды, мен шетелге кеткім келеді» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Қазіргі уақытта мен де өз өміріме ризамын. Соңғы уақытта көңіл-күй өте жақсы, ал болашаққа деген жоспар – Польшаға барып, сол жерде тұрып, білім алу. Мен сонда болдым және маған өте ұнады» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

Жалпы өмірге қанағаттанумен қатар, соңғы уақытта информанттар пандемия, жұмыс орындарының қысқаруымен байланысты денсаулық, жұмысқа орналасу, мамандық таңдауға алаңдаушылықты, эмоционалды көңіл-күйдің өзгеруін бастан кешуде.

«Енді екінші толқын болуы мүмкін деген қорқыныш бар және жақындарым үшін қорқамын. Өзім үшін аса қорықпаймын, қанша дегенмен жас организм, қиындықты еңсере алуым мүмкін, бірақ ата-әжелер, жақындарым үшін біршама қорқамын» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен де бақыттымын, өміріме көңілім толады. Соңғы кезде көңіл-күй құбылмалы, бұл осы болып жатқан ауруларға байланысты» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Орташа көңіл-күйдеміз. Себебі уақытша жұмыста жоқпыз. Соған байланысты көңіл-күйіміз кейде ортаңқы болады, бірақ өте төмен деп те айтуға болмайды» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Көңіл-күйім орташа. Биыл сол себептен оқуға түсе алмағандықтан, жұмыс та жоқ болғасын, сондай себептермен орташа» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Көңіл-күйім орташа. Қазіргі пандемиядан қорқып қалып, одан жұмыс таба алмай, сол орташа болып тұр. Ондай күшті емес» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Көңіл-күй соңғы күндері бірқалыпты, өзгеріссіз. Дегенмен алдағы жоспарларды ойлағанда көңіл-күйім басқаша болып өзгеріп тұрады. Алаңдаушылық болады. Келешекке деген қорқыныш сезімі» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Адам баласы болған соң көптеген көңіл күйді бастан кешіреміз. Соңғы кезде мендегі болатын көңіл күйлер ашулану, ренжу, кейде қуану, кейде мұңаю секілді сезімдер ауыспалы түрде орын алып

жатады» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Жалпы бір тұрақты көңіл күйде жүрмін деп айта алмаймын. Кейде көңілді, кейде уайым. Уайым болғанда, алаңдаушылық деп айта аламын, болашаққа деген алаңдаушылық» (еркек, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Жалпы, мен өміріме қанағаттанамын, бірақ мені 17 жаста қолымнан ештеңе келмейді деген ой мазалайды. Мен өзімді қалай табуға болатынын білмеймін» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Соңғы кезде өкініш, көңіл күйім жоқ, бірақ бұл мені алға қарай жетелейді деп ойлаймын, ынталандырады бұл мені толықтай» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Шынымды айтсам, мен тіпті білмеймін ... ерекше сезім жоқ. Мүмкін, вирусқа байланысты, иә, мына жігіт жақындары үшін қорқамын деп дұрыс айтады. Қазіргі уақытта, осыдан басқа ештеңе алаңдатпайды, басқасы сол қалпында» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

2.2 Мақсаттары мен болашаққа жоспарлары

Соңғы уақытта жастарды мазалаған белгілі бір қорқыныш пен уайымға қарамастан, NEET жастарына болашаққа деген оң көзқарас тән: таңдаған оқу орнына түсу, өз орнын табу, жұмысқа орналасу, бизнес ашу және дамыту. Бұл жерде айта кету керек, оқу және жұмысқа орналасу мәселесінде информанттардың көпшілігі болашақта өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқысы келеді.

Сонымен қатар, қойылған мақсаттарға жетуде басты қолдау және мотиватор ретінде отбасы үлкен рөл атқарады: ата-аналар, балалар, жұбайлар. Отбасын құрған және балалары бар жастарды алға жылжуға, үлгі болуға, олар үшін рөлдік модель болуға шабыттандыратын, осы балалар.

«Болашаққа деген жоспарым көп. Үй тұрғызу деген секілді. Балаларымды өсіру. Сол балаларды өсіру, қасымдағы семьям, бала-шағам мені ынталандырады» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Болашақта оқуға түсу, жұмысқа орналасу сол мамандықпен. Әрі қарай алып кету сол жұмысты» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Мен өзімді жақсы сезінемін. Мен өзімді ынталы сезінемін, өйткені туыстарымның қолдауы мені ынталандырады және мен олармен күшті сезінемін» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің алға қойған мақсатым, алдағы уақытта колледжді жақсы бітіріп, сол мамандық бойынша әрі қарай жұмысымды жалғастырсам деп едім» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Бұйырса болашаққа деген жоспарларым көп. Ең біріншіден, ол жұмысқа орналасу, өз мамандығым бойынша және одан бөлек бизнес ашу. Қазір жасап жатырған бизнесімді дамыту» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Менің алдағы болашақ жоспарым, ол өз мамандығым бойынша әрі қарай жоғары оқу орнын жасап, сол мамандықпен жұмыс жасау. Және де өзімнің кәсібімді ашу» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Менің алға қойған мақсатым, келесі жылы көктемге таман бизнес ашу, Атамекен де 3 млн кредит береді екен ғой, залоғқа үйімді қойып бизнес бастайын деп жатырмын. Вот, сол менің мақсатым, келер жылға» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Болашаққа жоспарым оқуға түсу, ұрпақ тәрбиелеу, мұғалім болу. Бұған менің ата анам мен жақындарым ынталандырады» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен тігіншіге оқыдым. Менің ателье ашқым келеді, құдай қаласа. Бизнесімді жүргізгім келеді. Балалар үшін ғой. Солардың барлығы мотивация ғой» (әйел, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Уәждеме – балалар шығар. Менің ойымша, балаларға үлгі болу керек, олар: «мен әкемдей болғым келеді!» дейтіндей. Ал мақсатым болса, бизнес ашу» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен өміріме ризамын, соңғы кезде көңіл-күйім жақсы. Мен шетелге әйеліммен бірге оқығым келеді. Жақсы өмір ынталандырады. Бір-біріміз үшін, балаларымыз үшін» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды

облысы).

«Менің мотиваторым - маған қарап отырған балам шығар. Болашақта айтып отыратын болады, болашақ ұрпақ, олар кім болады, олар қалай болады. Менің мотивациям, ұлымды тәрбиелеу, болашақта мықты жігіт етіп өсіру» (еркек, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Алдағы қойған жоспарым енді өзім таңдаған мамандығыма түсіп, соны аман-есен бітіріп, сол бойынша жұмысқа орналасу. Ал былай өмірде мотивация беріп, әрдайым қолдап жүретін өзімнің әке-шешем» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Менде болашаққа деген жоспарлардың дәрежесі өте жоғары. Және де сондағы мақсаттарыма, мұраттарыма жетудегі негізгі ынталандыратын күш ол - үміт, сенім және отбасымның маған деген көзқарасы, сол кісілердің қолдауы» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Болашақта белгілі бір мамандық бойынша білім алу жоспары бар. Мені әрдайым қолдайтын туыстар мен жақындар ынталандырады» (еркек, қазақ, 16 жас, Қарағанды облысы).

«Бәрі жақсы, өйткені жақындарым, туыстарым, мені қолдайтын ата-анам бар. Тіпті мен модель ретінде жұмыс істеп бастаған кезде, олар қасымда болды, мені қолдады, және бұл менікі емес екенін түсініп, қайда бару керектігін шешуге бір жыл беруді сұраған кезде де, олар менің таңдауымды қолдады. Қыркүйек айында мен заңгерлік оқуға түсіп, білім алып, өзіме ұнайтын мамандық бойынша жұмыс істеуге тырысамын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Негізінде болашаққа жоспарым көп. Соның негізгісі деп айта аламын - жеке кәсіп ашқым келеді. Бұл мақсатқа мені ынталандыратын менің жақындарым, туыстарым, солардың қолдауы көмегі деп айта аламын» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Менің болашаққа деген мақсаттарым көп. Мен үшін мотивация - менің кішкентай балам. Мен жұмысқа тұрамын деп үміттенемін, бәрі жақсы болады» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мен әрқашан ата-анамды тыңдауға дайынмын, егер менде қиындықтар болса, мен оларға сенім артамын, ақылдарын тыңдаймын, менің өмірімде бәрі жақсы» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

Қорытынды

NEET санатындағы жастар өмірге қанағаттанады, өз болашағын, қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктерін оң бағалайды. Әдетте, олардың өмірлік мақсаттары жұмысқа орналасумен, оқуды аяқтаумен, бизнес бастаумен және өмірде өз орнын табумен байланысты. Отбасы жастардың өмірінде бұл кезде де басты орын алды, қиын өмірлік жағдайларда қолдау көрсетіп, мақсаттарына жету үшін іс-әрекетке талпындырады.

Сонымен бірге, COVID-19 пандемиясы және денсаулық, жұмысқа орналасу, экономикалық тұрақтылық және даму мәселелерін өзектендіру жастардың эмоционалды фонына әсер етеді.

3. НЕЕТ санатындағы жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл-күйі

3.1. НЕЕТ жастарының негізгі мәселелері

НЕЕТ жастарының басты қиыншылықтары – әсіресе коронавирустық пандемия кезінде көбейіп келе жатқан жұмыссыздық, материалдық және қаржылық қауіпсіздік мәселелері. Жұмысқа орналасу мәселесін егжей-тегжейлі қарау кезінде мамандық бойынша жұмыс табу қиындығы, жұмысқа орналасу кезінде тәжірибе талап ету және непотизмнің болуы, оқу орындарының түлектерінің жалақысы төмен болуы, сондай-ақ зейнеткерлердің зейнетке шыққан кезде мекемеде өз жұмыс орнын сақтап қалулары атап өтуге болады, бұладың бәрі жастардың жұмыспен қамтылуына әсер етеді.

«Қазіргі проблема манағыдай мына карантин деп ойлаймын. Карантиннің кесірінен енді көптеген жұмысқа кіре алмай жатыр кісілер. Жалпы негізгі маңызды мәселе ол жұмысқа алғанда обязательно опыт работы сұрайды. Осы жақында бітірген студенттерге кішкене қиыншылық тудырады да, манағыдай без опыта работы алмайды жұмысқа. Сол мәселе болмаса» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Менде қиыншылық дегенде қазір осы пандемиядан жұмыссыз қалдым. Сол менде қиыншылық болып жатыр. Басқа себеп жоқ қиыншылық әкеліп жатырған» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Көбінесе қаражат жағындағы проблемаларға тап боламын» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Менің ойым бойынша жалпы пандемияның, тек қана пандемияның кесірінен емес, бұрында да ол жұмыссыздық жағдайы нашар, жұмысқа кіру нашар. Опыт работы сұрайды. Немесе таныс арқылы кіру керек. Немесе мамандық бойынша жұмыс табу қиын. Тап осы өзімізде» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Мендегі мәселе жұмыссыздық орталығынан арнайы курс өту үшін міндетті түрде диплом сұрауы. Ол жұмыссыз адамдар дипломды қайдан алады. Сол үшін жұмыссыздыққа барып тұрмын. Сол кішкене кері әсерін беріп отыр» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Менде қазір проблема деп айтсам болады, тұрақты жұмыс табу яғни және де көп адам да кездесетін қаржылық қиыншылықтар болады ғой. Оны жасырудың қажеті жоқ деп санаймын, өйткені қазір карантин кездері көп жерлер жабық, жұмыстары жоқ, менің ойымша көп адамдар қаржылық қиындықтар, сол қаржылық қиындық туындағаннан кейін отбаслық проблемалар басталады» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мысалы үшін қазір зейнетақы жасына жеткен адамдарды шығару керек сияқты, иә бұны біреулер естіп жатса, иә бәрі жерді тексеріп зейнеткерлікке шыққан мұғалімдерді шығарып жаңадан колледж бітірген, универ бітірген мұғалімдерді жұмысқа алу керек деп санаймын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Қазіргі мынау карантин заманы болып жатыр ғой, қазір басты проблема, меніңше ол жұмыссыздық, себебі қысқарту, жалақы төмен, мысалы, продукт питания қымбат, сол сияқты проблемалар ғой. Қазіргі заманда нақты бір тұрарлық высокооплачиваемый деп айтады ғой, сондай жұмыс табу деп ойлаймын. Мысалы, жаңағы колледж бітіріп, жұмыс барғанда опыт, стаж сұрайды» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Ақша, материалдық мәселелер жиі кездеседі» (әйел, қазақ, 19 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Көп жағдайда қаржылық. Отбасылық, түрлі даулар бар, бірақ бұл қалыпты жағдай» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менде қазір негізінен қаржылық проблемалар бар. Бұрын мен ақша таптым... ал, қазір... бұрынғыға қарағанда көбірек нәрсеге ұмтыламын, бірақ қазір мүмкін болмай тұр. Себебі, мен үйде баламен оты-

рмын, әйтпесе жұмыс істер ме едім» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Қазіргі таңда басты мәселем, бұл өзімнің мамандығым бойынша жұмыс табу. Екіншісі, бұл карантин кезінде қатты қиындық туғызады. Үшіншіден, студенттерге қазіргі таңда тәжірибе, опыты дейміз ғой, соны сұрайды. Сол басты мәселеміз» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Жұмыспен қамту мәселелерінен басқа жастар сыбайлас жемқорлық, оның ішінде мемлекеттік органдардағы әлеуметтік, жыныстық теңсіздік мәселелерін атады. Зерттеулер көрсеткендей, гендерлік, этникалық, діни, аумақтық, жас ерекшеліктері, қарым-қатынас тілі жастардың еңбек нарығына қалай қарайтындығын және жұмыс берушілердің оларға қалай қарайтындығын анықтайтын факторлар болып табылады, яғни жастар қандай-да бір негізде кемсітілуі мүмкін, бұл олардың NEET санатына енуіне ықпал етеді^{8,9}.

«Көбіне жемқорлық» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Сіздерге айтар дүниемді проблемалар қатарына жатқыза алмаймын. Алайда көп кездесіп жататын проблемалар қатарына, ер мен әйелдің теңсіздігі, әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, жемқорлық деген сияқты дүниелерді айта аламын. Осындай проблемалармен кездесіп жататыным бар» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Мемлекеттік мекемелердің, сол сияқты мекемелермен жұмыс жасағаннан кейін, солардың жемқорлығы, бірнәрсе дәметіп тұруы, сол нәрселер жиі кездеседі» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Сонымен қатар, жастардың бір бөлігінде ешқандай проблемалар жоқ және өздерін жақсы сезінеді.

«Менің атым Жанерке. Қазіргі уақытта менің өмірімді қиындататын сондай бір күрделі проблемалар жоқ» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Проблемаларға тап боламын деп айта алмаймын, өзім иә, жеке өзім» (еркек, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Проблема жоқ, бәрі жақсы» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен проблемаларға өте сирек тап боламын» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен ешқандай проблемаларға тап болмаймын, егер олар орын алса, мен көбінесе достарым мен әйеліме жүгінемін» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

Жастар проблемаларды өз бетінше шешуге тырысады, бірақ отбасының қолдауы әлі де үлкен маңызға ие. Бұл, ең алдымен, ата-аналар, жұбайлар. Қолдау, бір жағынан, информанттардың қиыншылықтарымен бөлісіп, қолайсыз жағдайдан шығу туралы кеңес сұрағанынан көрінеді. Екінші жағынан, егер мәселені өз бетінше шешу мүмкін болмаса, отбасы қауіпсіздік «көпшігі» міндетін атқарады.

«Проблеманы шешу үшін кімнің көмегіне жүгінгенде, барынша өзім шешуге тырысамын. Өзімнің отбасыммен ақылдасып, кейбір проблеманы солай шешуге тырысамын» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Қиындықтар туындаған кезде мен оларды өзім шешуге тырысамын. Біреуге қарамастан. Мен достарыммен, туыстарыммен бөлісемін, бірақ бәрін айтпауға тырыспаймын. Мен бәрін өзім жасадым,

⁸Lightman, N., & Gingrich, L. G. (2012). The intersection dynamics of social exclusion: Age, gender, race and immigrant status in Canada's labour market. *Canadian Ethnic Studies*, 44(3), 121–145.

⁹Preston, J. (2008). The urgency of post-secondary education for Aboriginal Peoples. *Canadian Journal of Educational Administration and Policy*, 86, 1–22.

өзім шештім, қаржылық жағынан маған жеткілікті болды. Мен ешқашан ата-анама тәуелді болмадым, мен оқу ақысын өзім төледім, бәрін өзім жасадым» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Егер тап болғанның өзінде, онда оларды өзім шешемін. Мен ересек қызбын, біреуге жүгінудің мағынасы жоқ. Бөлісетін адамдарым бар, бұл достар, жігітім немесе ата-анам» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Мен оларды өзім шешемін немесе ата-анама жүгінемін. Немесе мен оларды достарыммен бөлісемін, менің керемет достарым бар» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

«Мен көбінесе анама жүгінемін және жұбайымнан көмек сұраймын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Жалпы қандай да бір проблема, алға қойған мақсаттар болса, ардайым өзімнің отбасым, әке-шешемнің алдынан өтіп, солардың батасымен, ақыл-кеңесімен жүремін» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Әке-шешемнен сұраймын көмекті, нағыз шеше алмайтын не болатын болса» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Әрине, ең алдымен, күйеуімнен көмек сұраймын, әрдайым кеңес беріп, көмектеседі. Екіншіден, ата-анама шығар. Әсіресе аналар. Теріс қарап, бас тартты деген әңгіме болған емес. Әрқашан көмектеседі» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине жолдасым бар, яғни жұбайым. Ақылды, кеңесті сол кісіден сұрап, яғни проблеманы шеше алмай жатсам содан кеңес аламын» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Қолымнан келмеген жағдайда, ата анамның, жақындарымның көмегіне жүгінемін» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен проблемаларымды, проблема емес, міндеттерді дейінші, өзім шешуге тырысамын. Дербес шешемін, егер көмек керек болса, туыстарыма, жақындарыма жүгінемін» (еркек, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Сондай-ақ, информанттар достарының көмегіне жүгінеді, олар кейде ата-ананың рөлін алмастырады, өйткені жастар үйдегі туыстардан қолдау таппайтын жағдайлар да болады.

«Егер кез болсам – менің айтып, бөлісетін адамдарым бар, не достарыма, не ата-анама айта аламын. Олар әрдайым қолдайды, әрқашан көмектеседі» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Менде қандай да бір проблемалар туындаған кезде, мен ата-анама қарағанда достарыммен бөлісе аламын. Мен ешқашан барлық жағдайлар туралы ата-анама айтпаймын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Проблеманы достарыммен не болмаса өзім шешуге тырысамын» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Мен достарыма көбірек жүгінемін. Себебі үйде ата-анаммен, бауырлармен, әпкелермен жиі қақтығыстар болады. Себебі.. күні бойы үйде болғандықтан, не оқымайсың, жұмыс істемейсің және олардың айтуынша, не істеп жүргенің белгісіз. Олар қазір осындай уақыт екенін, пандемия жүріп жатқанын, біз ғана емес, бүкіл әлем бастан кешіп жатқанын түсінбейді. Бәрі де үйде. Бірақ мен достармен көбірек уақыт өткізуге тырысамын» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Проблемалар болған жағдайда, жанымда достарым бар, солар проблемадан шығуға көмектеседі, ал былай қатты қатты проблемалар болып көрген емес» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

3.2 Материалдық әл-ауқатты бағалау

NEET жастарының материалдық, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын анықтай отырып, әр адамның байлық, дәулет ұғымын өзіндік қабылдауы қалыптасқанын есте ұстаған жөн. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, байлықты жастардың көпшілігі болашақ қаржылық шығындарды жоспарлау қажеттілігі туралы ойламай-ақ, қалаған нәрсесін ала алатын материалдық байлықтармен (пәтер, көлік, саяхат, байлық) анықтайды.

«Мен үшін материалдық әл-ауқат – жеке баспанаға ие болу, қандай да бір қалауларға ақша табу, ертеңгі күн туралы алаңдамау» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен үшін ауқаттылық ол толық қамтамасыз етілу және байлық дегенді білдіреді» (әйел, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен үшін материалдық әл-ауқат – пәтер сатып алу, жұмысымның болуы, ең алдымен тамақпен және үймен қамтамасыз ететін жалақының болуы» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен үшін материалдық әл-ауқат – қалаған нәрсемді сатып алу» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

«Мен үшін молшылық – қалаған нәрсемді сатып алу. Саяхаттағың келсе – сол сәтте билет сатып алып, ұшып кеттің. Үй сатып алғың келсе, өзің тұрғың келген елде, Қазақстанды айтам, үй сатып алу» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

Сонымен қатар, олардың материалдық қауіпсіздігін анықтай отырып, көпшілігі негізгі қажеттіліктерге (баспана, үстелдегі нан, киім) жеткілікті екенін атап өтті. Өз отбасынан бөлек тұратын информанттар, өздерінің табысы (жинақтары), жұбайларының табысы жеткілікті екенін атап өтті. Ата-аналарға тәуелді жастар өз отбасыларының жағдайы жеткілікті деп, ата-аналарының материалдық қамтамасыз етудегі рөлін атап өтті. Информанттардың көпшілігі өз жағдайларына риза, бірақ одан да көп ақша табуға деген ұмтылыс байқалды.

«Иә, өзімді материалдық жағынан қамтамасыз етілген адаммын деп санаймын. Бәрі шүкір, жетеді» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Қаражат жағынан да және басқа жағынан да өзімді толық қамтамасыз етілгенмін деп санаймын. Және де қазіргі өзімнің қаражат жағдайыма, өзімнің ісіммен тапқан табысым жетерліктей деп айта аламын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Қамтамасыз етілгенбіз, әке-шешемнің арқасында» (Ержан, еркек, 17 жас, Атырау облысы).

«Материалдық жағынан бәріне шүкіршілік етемін. Бәрі енді әке-шешемнің арқасында» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Аллаға шүкір деп айтайын, барлығы жеткілікті. Главное ешкімнен нан сұрап жатқан жоқпыз ғой. Өзімізге жетеді, отбасымызға» (әйел, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Қолымнан келеді. Менің ойымша, біздің отбасымыз мол өмір сүреді. Дұрыс айтады, бастысы үйің, ішетін асың болса жеткілікті» (әйел, орыс, 16 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Барлығы жеткілікті, бірақ әрқашан да, - деп айтамыз ғой. Ақша ешкімге жетпейді ғой. Әйтеуір бір айдан, бір айға жетеді. Солай өмір сүреміз ғой бәріміз. Ну, жетеді, тамағымыз тоқ, киіміміз бүтін» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен айына 500 мың жалақы алатын кезде, өзімді материалдық жағынан қамтамасыз етілген деп санаймын. Әлі олай сезінбеймін. Бірақ менің ойымша, қаржылай қамтамасыз етілу үшін толық өмір сүру керек. Жылына бір рет бір жерге бару керек. Несиесіз өмір сүру, яғни өмір сізді қыспаққа алмауы үшін. Жақындарыңызға көмектесу, мысалы, егер біреу ауырып қалса, сізде ақша болмаса, оған қалай

көмектесесіз. Әрине, құдай берген өмір сүру жағдайларын қабылдау керек. Бірақ менің ойымша, біз одан да жақсы өмір сүру үшін көп нәрсеге ұмтылуымыз керек» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Екінші жағынан, информанттардың бір бөлігі денсаулықтың маңыздылығы, материалдық, ақшалай көрсеткіштерге қарағанда жұмыс істеуге физикалық мүмкіндік туралы жалпылама жауаптар берді және осы тұрғыдан өздерінің жағдайларын жақсы деп санайды.

«Ауқаттылық деп санаймын, мен ең бірінші ол денсаулық, денсаулығың жоқ болса қанша жерден бай болсаң да, ешқандай пайдасы жоқ деп санаймын, екіншіден, отбасылы адамдар үшін отбасы яғни баласы деп санаймын ауқаттылық деп, және де өмірге деген құштарлық, яғни өмірге деген құштарлығы болса, денсаулығы жақсы болса, ол байлыққа да, басқасына да, табысты жұмысқа да жете алады деп санаймын. Сондықтан, ең бірінші, ол денсаулық» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Бірінші байлық шынымен де денсаулық және де өзімді баймын деп санаймын, әке-шешем жанымда, екі қол екі аяғым сау, жұмыс істеуге қабілеттімін, сол байлық» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Ауқаттылық деген ол бірінші орында денсаулық тұрады, денсаулық болса жұмыс істеуге жарамдысыз, хотя бы андай сезонный работа болсын, сол жерде жұмыс істеп өзіңе ақша табуға болады» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

Табыс көздері мен қаржылық қиындықтардың болуына қатысты бірнеше топты анықтауға болады. **Пандемия кезінде табыссыз қалған отбасылары бар жас жігіттер**, көлікпен қызмет көрсетіп, репетиторлық, кездейсоқ жұмыс істеумен қосымша ақша табуға тырысады. Достар, ата-аналар қиын қаржылық жағдайларда қолдау көрсетеді, бірақ көп жағдайда жастар оларды өздері шешуге тырысады.

«Енді әртүрлі жағдайлар болады ғой, бірақ ондай қаржы жағынан қатты қиналған күндерім болған жоқ деп ойлаймын. Қазіргі уақытта енді күнкөріс көзі бар. Автокөлікпен» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Осы күнге дейін күн көрушілік жағдайым өте жақсы болған. Қазіргі пандемия кесірінен арасында интернет, онлайн арқылы адамдарға ағылшын тілін үйретемін. Сол жағынан аз, аз-маз қаражат тауып жүрмін. Сол арқылы қазір күн көріп жүрмін» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Әрине қаражат жағынан қиындықтар болады, қазіргі таңда енді есептегенде. Өз басым тиіп-қашып жұмыстар жасаймын. Енді үйден қарап отырғаннан жақсы ғой деп, сол» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Мен папамның машинасымен таксовать етемін. Солда жетеді маған» (еркек, қазақ, 23 жас, Атырау облысы).

«Мен қаржы мәселелерін шешемін, кейде қосымша жұмыс аламын. Достар менің жұмыссыз жүргенімді біледі, бір жерде бір нәрсе болып жатса, айтады. Сондай-ақ, кешке көлік босаған кезде тасымалмен айналысамын, такси қызметін көрсетемін түнге дейін» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен де жеке жұмыс жасаймын. Сол жұмысымның арқасында өзімді қамтамасыз етіп отырмын. Қаржы тапшылығы кезінде достарымнан, туыстарымнан ала тұрамын. Осылай шешеміз» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Екінші топты жас қыздар, әдетте, тұрмыстағылар құрайды. Негізгі кіріс көзі жұбайының табысы және қиындықтар туындаған жағдайда олар ата-аналарына жүгінеді. Сонымен қатар, декреттік демалыстағы информанттар жұбайларына көмектесуге тырысады және үйде отырып қолөнер, аспаздық және

т.б. қызметтермен айналысады. Респонденттердің барлығы ара-тұра қаржылық қиындықтар болатынын айтты, жалақыдан жалақыға дейін ақша жетпейтінін, қарыз ақшаға жүгіну қажеттілігін, сондай-ақ кездейсоқ шығындар мен өздерінің қаржылық шығындарын жоспарлай алмайтынын келтірді.

«Өз ойым, өз пікірім ақша, енді қазіргі карантинге байланысты енді ақша көбінесе көп семьяларда ақша жоқ қой енді. Бірақ шешімдер көп. Енді үйден бизнес ашып, кәсіп ашып бір шамалы кішкентай торт болсын бірдеңе қолдан жасап, ручной заттар жасап, сөйтіп сатуға болады деп ойлаймын. Өз басым жолдасым жұмыс жасайды. Бірақ жолдасыма қарамай, өзім де бір жұмыстар тауып, бірдеңе жасап тастап, сөйтіп тырысамын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Қаражатқа қиыншылықтар әр үйде болады деп ойлаймын. Бірақ өз басым, қазір кішігірім бизнесім бар. Үйде отырып неше түрлі подаркалар жасаймын» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Біздер деген бір айлығына қарай пока өмір сүріп жатырмыз. Қаражат... жетеді» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Біз сол жұбайымыздың 42500 теңгесіне күн көріп отырмыз» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Енді мен басты жолдасым ғой енді қамтамасыз ететін бізді, екіншіден өзім қосымша жұмыстар алып үйден істеуге тырысамын, енді өйткені бір жолдасымның жалақысы жете бермейді қазіргі таңда, өйткені азық-түлік қымбат және де коммуналдық қызметтер бар дегендей және де өзімнің ата-анам, ата-енем көмектесіп тұрады арасында, енді олардан үнемі сұрай беруге ұяламыз» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен айта кетейін иә, мен например, жұмыс істемейтін адаммын, мен тұрмысқа шыққаннан күйеуім мен үшін бар жауапкершілікті алды, сол үшін қазір мені толықтай қамтамасыз етіп отырған ол күйеуім және балаларымды бәрін қамтамасыз етіп отырған күйеуім иә, ол маған айтады жұмысқа шықпай-ақ қой, киер киімің бар, ішетін тамағың бар, үйің бар, көлігің бар, неменеге жұмысқа шығасың деп сүйтеді оның ойынша» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен дәл қазір жұбайымның қаражатына өмір сүріп жүрмін. Негізінде бәрібірде қаражат өзің тапқандай болмайды екен. Қиыншылықтар болып жатады. Жеке басыма қажетті заттар керек болғанда, сол кезде қиындыққа тап боласың. Бірақ бірге өткереміз. Жұбайыма ескертемін, айтамын. Солай бірге өткереміз» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Біз күйеуімнің табысына күн көреміз және бізде жатақхана бар, яғни бізде жалға беретін бөлме бар. Яғни, ақша жеткілікті сияқты, бірақ бәрібір жағдайға қарай өмір сүре алмаймыз деп ойлаймын. Себебі біз көп нәрсені қалаймыз, бәрін жасаймыз, бірақ соңында біз жалақыны немесе қашан түседі деп ақшаны күтеміз. Бұл аз ақша емес сияқты, бірақ әлі де жетіспейді. Осылай деуге болады» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине зарплатадан зарплатаны күтіп жүреміз ғой. Зарплата түскенде бір қуанамыз. Келесі тағы да бәрін алып-алып, келесі зарплатаны күте жүреміз ғой. Барлығы да сондай деп ойлаймын. Жолдасымның зарплатасына өмір сүреміз. Ал жетпеген жағдайда қарызға аламыз» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Жастардың үшінші тобы ата-аналарының мойнында отыр және сәйкесінше материалдық қиындықтар туындаған кезде оларды, әдетте, ата-аналары шешеді. Бұл жерде жастардың отбасының ересектерге тек қаржылық жағынан ғана емес, моральдық-психологиялық жағынан да тәуелділігі көрінеді.

«Егер қаржылық жағдай туралы айтатын болсақ, иә, біз кедей емеспіз, ата-анам мені орнымды тапқанша, университетке түскенше қамтамасыз етеді. Олар маған өмірімнің барлық жағынан қолдау көрсетуге уәде берді» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің проблемаларымды ата-анам шешеді. Олар маған қаржылық, моральдық және барлық

жағынан көмектеседі. Мен оларға жүгінемін» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен ата анамның ақшасына күн көремін. Солардың арқасында жүрген адаммын. Ақшадан қиналған сәттер, жағдайлар болады. Ондай кезде әкем тырысып бізді қиындық соқпасын деп көмектесіп жүреді бізге» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Мен қазіргі таңда ата-анамның қаражатына күн көремін. Материалдық қиыншылықтар болып тұрады енді, көп болады деп айта алмаймын. Не дегенмен өмір гой» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен қазіргі уақытта өзімді ата-анама тәуелдімін деп санаймын, сондықтан мен өзімді материалдық жағынан қамтылған адам деп санаймын деп айта алмаймын. Ал, ата-анамның материалдық жағдайы көңілімнен шығады деп айта аламын. Бізде қаржылық қиындықтар жоқ» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Анамның қаражатына, кейде таныстарым бала күтіміне шақырып тұрады. Ал қаржылық қиындықтар барлығында болып тұрады деп ойлаймын. Сол кезде мен анашым мен апкемнен сұраймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

3.3 Наразылық деңгейі

Информанттар тұратын елді мекендегі наразылық акцияларының ықтималдылығына қатысты пікірлер анықталды. Бір бөлігі наразылық акциялары бірнеше себептерге байланысты мүмкін емес деп санайды. Біріншіден, халықтың наразылығы, әдетте, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер топтары арқылы көрінеді, сондықтан азаматтардың көшеге нақты шығуы екіталай. Екіншіден, респонденттер наразылық акцияларын өткізудің мағынасы жоқ деп санайды, өйткені әрқашан өз пікірлерін толық айтуға мүмкіндік бола бермейді. Үшіншіден, ауқымды наразылықтар да мүмкін емес, өйткені адамдар көбінесе наразылық білдірсе, онда олар жеке немесе коммуналдық проблемалары туралы айтады.

«Біздің елде де ондай наразылық акциялары болып көрген емес осы уақытқа дейін жаңағыдай халыққа. Халық наразылығын көбінесе қазір енді дамып кеткесін Telegram-нан көбінесе, Instagram или WhatsApp, солай акиматқа хат жолдау немесе тағы басқа арқылы жеткізеді. Ал былай наразылық акциялары болған емес» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Біздің елді мекенде наразылық акциясы болмайды. Көбіне болса Telegram, WhatsApp арқылы наразылықтарын білдіріп жатады халықтар» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Митингтерге қатысты күмәнім бар, өйткені бізде, Теміртауда бәрі жақсы, тіпті экологиялық ахуалдың нашарлығына қарамастан, қала біртіндеп дамып, өсіп келеді, оған қалай қуанбайын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Біздің елде сөз бостандығы жоқ. Митингтерге келетін болсақ, мен жаңа ештеңе айта алмаймын, біздің мемлекет мұндай акцияларға әлі дайын емес» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Болмайды. Болса да адамдар ішінде қалады, сыртқа шығармайды. Шығарғанмен де ол нәрсені ешкім қолдамайды. Сол үшін жоқ деп айтамын мен» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Митингтерге қатысты – біздің сөзді ешкім елемейді, шын мәнінде. Бұл бос нәрсе» (орыс, еркек, 25 жас, Қарағанды облысы).

«Мен тұрып жатырған жерде наразылық акциялары болып жатырған жоқ. Егер де болған жағдайда, ондай мәселеге қатыспаймын. Бұған себеп қазіргі таңда халықтар өзінің наразылық акцияларын интернет желісі арқылы жазып жатыр. Интернет, Instagram, уотсап арқылы дегендей» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Информанттардың тағы бір бөлігі наразылық акциялары елде өтіп жатыр деп айтты және тиісінше

халықтың әлеуметтік, материалдық жағдайы нашарлаған және мемлекет тарапынан халықтың проблемаларына лайықты реакция болмаған, сондай-ақ әділеттілікті, оның ішінде этносаралық қатынастар саласында қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда наразылық акцияларының мүмкіндігі туралы пікір білдірді. Бұл тұрғыда пандемияның әсері және коронавирустың қазіргі жағдайынан туындайтын проблемалар (жұмыссыздық, халықтың табысын жоғалту) атап өтілді. Сонымен қатар, тіл мәселесі мен этникалық кемсітушілік мәселелері, атап айтқанда Шығыс Қазақстан облысында аталып өтті.

«Сұрақ түсінікті. Біздің елді мекенде наразылық акциясы болуы мүмкін, бірақ әрине. Маған не түрткі болуы мүмкін, егер халықтың күн көрісі қиындаса яғни, не болмаса халыққа күн көрсетуге үкімет қиындатса ғана, сол уақытта ғана митингке шығуым мүмкін, наразылық білдіруім мүмкін. Халықты қанап жіберуі, үкіметтің халықты қанап жіберуі наразылық акциясына шығуыма түрткі болуы мүмкін» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Өзімнің тұрып жатырған елді мекенімде осыған дейін осындай наразылық халықтың көтерілгені болған жоқ. Енді жоғары жақтан көп қысым болмаса, үкіметтен көп пайда болмаса осындай пандемия кезінде, әрине халық көтеріледі, көмек сұрайды. Былай елде бәрі тыныш, жоғарыдағы үкімет көмектесіп жатырса, халық риза болады. Бекерден бекер көтерілмейді, түрлі себептері бар ғой оның да» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Біздің елді мекенде наразылық акциялары болмаған. Бірақ пандемия кезінде сондай митингке ұйымдасуына сондай көп ықтималдық тиді деп ойлаймын. Себебі көп адам жұмыссыз қалды, сосын ақшасыз да қалды» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Өзімде болмаған жағдай бірақ естігендерім бар өзімнің таныстарымнан жұмысқа кірген кезде бастықтары, заведующийлары нелері орыстары болады екен де қазақтар жұмыс істеп жүрген жерде қазақтар да міндетті түрде олардың алдында орысша сөйлеу керек екен, негізі енді біздің басты тіліміз қазақ тілі ғой, қазақ тілін орыстар да сөйлеу керек қазақтар да сөйлеу керек, иә сол үшін мүмкін болмаса басқа үшін болмайды деп, көбінде қазақтар ызаланып жатады, біз өзіміз қазақтар қазақша сөйлесіп өзіміздің бірдеңелерімізді шешіп жатсақ, орыстар бізге кеп тисінеді дейді, бізге келіп алып сендер бізді жамандап жатсыңдар ма, неге орысша сөйлемейсіңдер біздің алдымызда деп орыстар басым болғаннан кейін орыстар сүйтіп қазақтарды басатын сияқты болып келеді өзіме, себебі былай магазинге барғанның өзінде де, қазақтар орыс болмасаң да, кейбір нәрселерді дұрыс айталмай қалсаң да, битіп тұрады, типпа сен айта алмайсың ба немене деген секілді» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Осы уақытқа дейін ешқандай митинг елде, біздің елде болмаған. Негізгі осы басты себеп, ол мына халықтың ақшасын жемеу дегендей. Мысалы, бүгінгі таңда бір тележурналист манағыдай айтқандай, қазақ тілін білмеген кісілерден 30 пайыз зарплатасынан алып тастау, алып қалу. Сол айтқан кісінің пікірі дұрыс емес деп ойлаймын. Себебі біздің елде көп адам, точнее национальностытары көп адамдар тұрады. Басты себеп сол деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Әрине, мүмкін деп ойлаймын. Қаржылық қиындықтарға байланысты, меніңше. Егер қандай да бір қаржылық көмек болмаса, адамдарды осыған жеткізуге болады. Ал, қалай... менің ойымша, бізде мейірімді, жақсы адамдар бар, бірақ егер оларда қаржылық проблемалар болса, онда бәрі жаман болады және қандай да бір қақтығыстар болуы мүмкін. Сондықтан, иә, менің ойымша, бұл мүмкін» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Наразылық туралы - менің ойымша, олар мүмкін. Бірақ адамдарға бұл қажет емес. Олар үкімет көз жұма қарайтынын, оларды қуалап және бәрі бұрынғыдай болатынын біледі» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

«Солай... біздің елде үнемі наразылық акциялары болып жатқан сияқты. Әсіресе көп балалы аналар. Бұған не түрткі болуы мүмкін - бұл ең алдымен қаржылық жағы, жұмыссыздық, ал біреудің

үлкен несиесі бар. Кем дегенде жартысын өтеу үшін, балалары көп аналар..., шынымен жетіспейді. Міне. Әрине, мен өзім шықпайтын едім. Білмеймін, әзірге мені бұл жағы алаңдатқан емес» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

NEET санатындағы жастардың көпшілігі наразылық акциялары болған жағдайда өздерінің қатыспайтындарын айтты, бұл наразылықтарға қатысқысы келмеу, наразылық білдірушілердің проблемаларынан алыс болу, осындай акциялардың тиімділігі мен пайдалы болуына қатысты күмәнмен түсіндіріледі.

«Біздің ауылдық жерлерде ондай шаралар өткізбейді, митингтер. Өз басым шықпаймын ондай нәрсеге» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Наразылық акциясы болады деп ойламаймын. Болып жатырса мен қатыспаймын ондайға» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Өзімде наразылық акцияға шықпаймын, ондай жандардың қатарынан емеспін» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Уақыт алатын сияқты, мақсат қойылған екен, оны шешу керек. Сондықтан болашақта пайдалы немесе пайдалы емес, нәтижеге әкелетін немесе әкелмейтін акцияларға назар аударудың, оған уақыт жұмсаудың қажеті жоқ меніңше, сондықтан мен бұған мүлдем назар аудармаймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, олар бізде мүмкін ғана емес, сонымен бірге өтіп те жатыр. Олар туралы естіп жатамыз. Мен өзім қатыспас едім. Бұл қаржылық проблемалар мен қатысатындай маңызы жоқ сияқты» (әйел, орыс, 16 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Қай жерде болып жатса да, мен өзім шыға алмаймын, шықпаймын да» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

«Митингтерге қатысты, мен олардың мағынасын көрмеймін. Себебі мен барлығымен келісемін, біздің мемлекет ондайға дайын емес. Сондықтан мен олардың мағынасын көрмеймін» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Мен мысалы, өзім шықпаймын деп ойлаймын. Халықты өздері осыған жеткізеді, поэтому шығатындар бар шығар деп ойлаймын. Бірақ мен өзім сондай нәрсеге араласпауға тырысамын» (әйел, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен шықпаймын, керек емес. Бірақ бар ғой іштей наразы жақтарымыз. Жаңағы Мейіржан айтпақшы, сайлау кезі өтірік барлығы мысалы да, бірақ оны біз барып өтірік деп айтсақ, білесіз ғой ар жағы не боп кететінін» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

Информанттардың аз бөлігі, егер халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты, сондай-ақ жеке мүдделері мен туыстары мен жақындарының мүдделері туралы сұрақтар қойылса, наразылық акцияларына жеке өзінің қатысу мүмкін екенін айтты. Сонымен бірге, наразылық білдіру наразылық акцияларына қатысу арқылы ғана емес, сонымен бірге эмиграция, яғни елден көшу арқылы да мүмкін екенін атап өткен жөн.

«Мен тұрып жатырған елді мекенімде наразылық акция болмаған және елдің күн көрушілік жағдайы нашарлаған жағдайда, әбден халық деген наразылыққа шығуы мүмкін және соған қосылуым да мүмкін. Әбден мүмкін ол себеп» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Наразылық акциялары болмаған, бірақ болуы мүмкін. Себебі сайлау кезінде, әйтпесе бір мемлекеттік мекемеге барған кезде әртүрлі қиындықтарға тап боламыз. Олар енді мемлекет тарапынан. Сондай нарсені неге шешпейді, неге қадағаламайды, көңіл бөлмейді деп біріншіден ашынасын. Ондай әңгімелерді жанымыздағылардан да көп естіп жатамыз. Ондай болуы мүмкін. Бірақ әзірге болған жоқ.

Егер болып жатса, қатысуым да мүмкін» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Біздің ауылда ондай болмайды деп ойлаймын. Ондай болған жағдайда да мен ол жаққа шықпаймын. Себебі ол маған керек жоқ. Егер ол менің жақындарыма қатысты болса шығуым мүмкін, былайша шықпаймын» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Мен бұндай наразылықтарға бас қатырғым келмейді. Бағана Нұрлыбек айтқандай, кім еді Нұрбол ма, Нұрбол айтқандай, өзімнің жақындарым не отбасым болса, онда мен қатысар едім» (еркек, қазақ, 17 жас, Түркістан облысы).

«Бізде сөз бостандығы жоқ, осындай кезең екенін түсінемін. Егер бізде сөз бостандығы болса, қандай да бір наразылықтар мүмкін болса, мен шығатын едім. Бірақ мен тіпті шыға алмайтынымды көріп тұрмын, өйткені бізде сөз бостандығы жоқ. Әрине, елде не болмай жатыр, бәрі жақсы деп айтуға келмейді. Сондықтан қаншама адамдар осы жерден кетуге тырысуда. Өйткені, білім алып, керемет маман болғанның өзінде, бұл жерде ештеңеге қол жеткізе алмайсың. Не бір айлыққа күн көресің, не болмаса танысың жоқ деп қабылдамай қояды, өйткені сізді итермелейтін достар мен туыстарыңыз жоқ. Сондықтан менің осы жерден кетіп, жетістікке жеткім келеді. Шынымен, кетіп қалғым келеді. Көп болды» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Мен тұратын жерде наразылық болуы мүмкін. Өткенде көріп те қалдым болып жатқанын. Мен қандай жағдайда наразылыққа шығуым мүмкін. Ол жаңа бір бауырым айтты ғой, жақындарыма зиян келсе ғана. Ал былайша айтқанда наразылық деген сол мемлекетке алақан жайып отырған адамдардың тірлігі секілді меніңше. Егер әр адам өз кәсібін жасап еңбек ететін болса, наразылық болмайтын шығар. Наразылық көбінесе ақшаға байланысты, мемлекеттік көмектерге байланысты болып жатыр менің естуімше, сол мемлекетке алақан жайып үйренген адамдардың ісі ғой» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

Қорытынды

Жұмыспен қамтылмаған, оқымаған жас қазақстандықтар үшін ең өзекті проблемалар елдегі қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайда жұмысқа орналасу, сыбайлас жемқорлық және непотизм, жалпы алғанда жастар үшін, оның ішінде алған мамандығы бойынша жұмыс орындарының тапшылығына байланысты және материалдық қамтамасыз ету саласында жатыр. Екінші жағынан, білім алып жатқан және жұмысқа орналасу мәселелері жоқ жастардың бір бөлігінде осындай проблемалар жоқ, өйткені оларды ата-аналары толық қамтамасыз етеді.

НЕЕТ жастары өздерінің материалдық жағдайына қанағаттанғанын көрсетеді. Айта кету керек, тұрақты жұмыспен қамтылмаған жағдайда жастардың көпшілігі толық емес жұмыс істейді немесе уақытша маусымдық жұмыспен айналысады және сәйкесінше белгілі бір кірістері бар. Декреттегі әйелдер көбінесе күйеулерінің табысына тәуелді, дегенмен олар Интернетте тауарлар мен қызметтерді сату арқылы қосымша табыс табу мүмкіндіктерін пайдаланады. Алайда, жас отбасылардың қаржылық қиындықтары бар. Ата-аналар мен достар жастардың қаржылық мәселесінде, басқа да туындаған мәселелерді шешуде қолдау көрсетеді.

НЕЕТ санатындағы жастар арасындағы наразылық деңгейі төмен деп сипаттауға болады. Жастардың көп бөлігі ондай ниетінің болмауына, наразылық білдірушілердің мақсаттары мен ұрандарынан алшақ болуына, шаралардың тиімділігіне күмәндануына байланысты әртүрлі наразылық акцияларына қатыспайды. Алайда, жеке мүдделерін немесе туыстары мен достарының мүдделерін қатысты проблемалар туындаған кезде қатысу жоққа шығарылмайды.

4. Қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасау

4.1 Жастар ұйымдары туралы хабардарлық және оларға қатысу

Жастардың жұмыспен қамту саласындағы мүмкіндіктері туралы хабардар болу деңгейінің төмендігі, сондай-ақ қолдау бағдарламалары мен жобаларының танымалдығының төмендігі жастарды жұмысқа орналастыруға кедергілердің бірі болып табылады.¹⁰ Зерттеу көрсеткендей, NEET жастарының көпшілігі жастар ұйымдарының қызметіне бірнеше себептер бойынша қатыспайды: олар туралы білмейді, жастар ұйымдары жастардың тұрғылықты жерлерінде жоқ, олар қызығушылық тудырмайды, сонымен қатар информанттар өздерінің қатысуының мағынасын көрмейді, өйткені мұндай ұйымдар нашар ұйымдастырылған.

«Біздің ауылдық жерде ондай жоқ. Өз басым қатысқан жоқпын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Мен де ондай ұйымдарға қатты қызығушылығым жоқ» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Жоқ, мен ештеңеге қатысқан емеспін, біреудің емделуіне қаражат жинау, қан тапсыру болмаса, солай ғана» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Мен ұйымдар мен жастар бірлестіктеріне ешқашан қатысқан емеспін, тіпті ешқашан қызығушылық танытпадым, олардың түрлерін де білмеймін» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

«Өкінішке орай, мен жастар ұйымдарына қатыспаймын, шынымды айтсам, оның мәнісін көрмеймін, өйткені олар аса орталықтандырылған емес және мүлдем ұйымдастырылмаған» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

Алайда, жастардың шағын тобы жастар бірлестіктеріне қатысу тәжірибесіне ие, бірақ көп жағдайда қатысу эпизодтық сипатта. Әдетте, жастар волонтерлік бастамаларға студенттік, мектеп ұйымдары арқылы да, сондай-ақ достарымен біріге отырып, өз бетінше де қатысты. Белгілі бір уақыт ішінде ұйымда болған жастар қозғалысының, бірлестіктің тікелей қатысушылары оның тиімділігін атап өтті, бірақ сонымен бірге оның қызметінде кемшіліктер бар екенін көрсетті.

«Ондай қоғамдық ұйымдарға әрине қатысып жүремін ондай жерлерден. Например EXPO, EXPO-2017 болды. Сол кезде волонтер болып тапсырғанмын кастингтен өтіп, бірақ ол кезде өзімнің жеке бас проблемаларыммен бармай қалдым. Және де басқа да волонтерствода болып, көптеген іс-шараларға қатысып жүремін» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Әрине қатыстым. Қатысып жүрдім. Оқу оқып жүргенде де қатысып жүрдім. Былтыр да қатыстым. Достарымызбен сөйтіп көмектесіп волонтерствоға шығып жүреміз» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Қоғамдық ұйым болғанда бізде өзіміздің таныс танитын жолдас балдар арасында өзіміз бір топ сияқты құрылып, жаңағыдай қайырымдылық іс-шараларымен айналыстық. Жағдайы жоқтарға жақсылық жасап деген сияқты, ораза кезінде жаңағы продуктілерін апарып, солай-солай болған» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

¹⁰ Kutsyuruba, Benjamin & DeLuca, Christopher & Butler, Alana & Godden, Lorraine & Youmans, Alexandra & Hussain, Alicia & Stroud Stasel, Rebecca & Shewchuk, Samantha & Coe-Nesbitt, Heather. (2019). Needs of NEET youth: Pathways to positive outcomes. Электрондық ресурсы: <https://educ.queensu.ca/sites/webpublish.queensu.ca/educwww/files/files/NEET%20Literature%20Review%20Approved%20June%202019.pdf> [Қаралған күні: 2020 ж. 12 қараша].

«Иә, мен қоғамдық ұйымдардың, «Жас Ұлан» үлгісінде жастар ұйымының қызметіне қатыстым, мен қызметті тиімді деп санаймын, бірақ кейбір жерлерде жақсартуды қажет ететін, түзеуге келетін олқылықтар, кемшіліктер бар» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

Аз тартылуына қарамастан, жастар мемлекеттік жастар бастамалары, жастар ұйымдары («Жасыл Ел», «Жас Ұлан», өңірлердегі жастар ресурстық орталықтары), партиялық жобалар («Жас Отан») туралы хабардар. Жастардың жауаптары бойынша, олар жастар бірлестіктері қызметінің мәні мен мазмұнын толық түсінбейді және оларды мемлекеттік жастар бағдарламаларынан ажыратпайды. Жастар бірлестіктері туралы айтатын болсақ, информанттар әртүрлі волонтерлік қозғалыстар, жобалар туралы көп естиді, ал өздері, әдетте, оларға қатыспайды.

«Мен көп естігем. Жаңағы бірнәрсе ұйымдастырып жатқандарын, бірақ әлі қатыспаппын, қатысу ойымда бар» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Мен де естігенмін, бірақ қатыспағанмын» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Мысалы Жастар ресурстық орталығы бар, олар мысалы оқушы жастарды, жұмыссыз жастарды, яғни жұмыс істеп жүрген жастарды, мысалы, волонтер болуға шақырады, яғни волонтерлық жұмыстар. Мысалы, бізде Ұлан ауданы Қасым Қайсенов кентінде сондай волонтерлық ұйымдар бар, мысалы онда 90-100 балаға дейін волонтерлар бар, олар карантин уақытында азық-түлік тасу мен мысалы үйлерге маскалар тарату сол секілді дезинфекциялық жұмыстарға көмектесті. Мысалы, олар қыс уақытында жалғыз тұратын қария кісілердің қарларын күреп береді деген сияқты үйдегі жұмыстарына көмектеседі, ондай волонтерлық жұмыстарға ат салысып қатысқан менімше дұрыс деп санаймын, өйткені ол өмірде көп тәжірибе жинауға көмектеседі, енді мен өзім қатысып көрмегем, бірақ сондай жастарды көрген кезде қызығамын, қатысып көргім келеді, ол волонтер болу жас кәріге қарамайды деп сенем, адам қолынан келгенін жасап көмектеседі. Ал одан бірлестік жұмыстарын біліп қатысып көрмегем» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Өкінішке орай, мен ешқандай жастар қозғалысы мен ұйымдарына мүше емеспін және қатысқан емеспін, бірақ біздің ауылда зейнеткерлерге көмектесетін волонтерлер тобы бар – мектеп оқушылары, жануарларға көмектесетін балалар бар. Егер мұны жастар ұйымы деп санауға болатын болса, онда мен оларды білемін, бірақ, өкінішке орай, олардың волонтерлер клубының ресми атауы есімде жоқ» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің есімім Жанерке жастар ұйымдары дегенде, көбінесе қазір еріктілер, волонтерлер. Олар университет, колледж және мектеп айналасында болады көбінесе жастар ұйымдарында. Және де Тимуршылар командасы, еріктілер қарттарға көмек көрсететін және де жағдайы төмен отбасыларға жаңағыдай үйіне барып, үйіндегі шаруаларды көмектесетін ұйымдарды білемін және де ондай ұйымдарды өзім қолдаймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Мен «Жас Отан», «Жас Қанат» сияқты жастар ұйымдарын ғана білемін» (Айнұр, әйел, 21 жас, Атырау облысы).

«Жастар ұйымдарының Елбасымен сайлаған ұйымдарынан «Жасыл Ел», «Дипломмен ауылға» деген ұйымдарды білемін. Және де қазіргі пандемия жағдайында халыққа өздері волонтерство ашып, өздері халыққа көмектесуде» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Бізде әртүрлі қайырымдылық қорлары ұйымдастырылды. Міне, «Болашақ» қауымдастығы және онымен байланысты барлық нәрсе, біз оған қатыстық. 9 мамырда ардагерлерге бардық» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен Отырар ауданының жастар орталығын білемін енді, әкімшілікке қарайды, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып жатыр, өнерге және спортқа баулып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып жа-

тыр. Айтыс, например сол сияқты, бірақ әлі де әлсіздеу сияқты, бірақ мен әлі қатыспаппын олардың ешқайсысына» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Екінші жағынан, NEET санатындағы жастар арасында жастар бірлестіктерінің болуы мен олардың қызметі туралы білмейтін топ ерекшеленеді және сәйкесінше олардың тиімділігін анықтауға қиналды.

«Мен жастар ұйымдарына қатыспадым, атауларын да білмеймін» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен қатысып көрмеппін және естіген де жоқпын, әйтеуір осы жыл жастар жылы екенін ғана білемін болды» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менде сол естіп те, қатысыпта көрген жоқпын, енді олардың жұмысы тиімді тиімді емес, ол жағын енді білмеймін қатысып көрмеген соң» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен ешқандай қоғамдық ұйымдарға қатыспадым және жастар ұйымдары туралы білмеймін» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Мен ондай ұйымдарды білмейді екем» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Менде нақты жастарға көмек беретін ұйымдар жайлы естімегенмін» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

Бұл ретте көпшілік мұндай бірлестіктерді жастар мен жалпы ел үшін пайдалы деп санайды. Айта кететін жағдай, NEET санатындағы жастар тарапынан қолдау мен қызығушылықты волонтерлікпен осындай акцияларға тікелей қатысатын, қоғамға пайда келтіретін адамдар тудырады.

«Ондай волонтерлік жұмыстарға ат салысып қатысқан менімше дұрыс деп санаймын өйткені ол өмірде көп тәжірибе жинауға көмектеседі. Енді мен өзім қатысып көрмегем, бірақ сондай жастарды көрген кезде қызығамын, қатысып көргім келеді. Ол волонтер болу жас кәріге қарамайды деп сенем, адам қолынан келгенін жасап көмектеседі. Ал одан бірлестік жұмыстарын біліп қатысып көрмегем» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен деген ондайларды қолдаймын. Көріп жүрміз. Instagram-да да қазір жастар көбісі осында қарттарға, жалғыз бастыларға, мысалы көп балалыларға барлығына көмектесіп жатыр. Мен өзім сондайларды көргесін бәрін қолдаймын» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

Мемлекет тарапынан жастар ұйымдарын ынталандыру тұрғысынан жастардың басым көпшілігі бұл идеяны қолдап, мемлекет жастарға ерекше назар аударуы керек, өйткені бұл елдің болашағы деп санайды. Қолдау қаржылық көмек саласына аударылуы керек: жастар ұйымдарына қаржылық қолдау көрсету, кәсіпкерлік бойынша тренингтер ұйымдастыру, жас кәсіпкерлер үшін салық ставкаларын төмендету, тегін білім беру. Жастардың волонтерлікке қатысуын ынталандыру үшін сый түрінде төлем енгізу, сондай-ақ оны еңбек өтілі ретінде есептеу ұсынылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы спорттық қозғалысты қолдау қажеттілігі атап өтілді.

«Мен айтам, мысалы, волонтерларға ештеңе төленбейді жай ғана өздерінің қалай айтсам болады жай ғана көмектерін көрсетеді ғой олар ерікті түрде, ерікті жастар болып есептеледі, бірақ менімше олардың осы жасаған жұмыстарын трудовою сияқтыға соған жазып қойса. Еңбек өтіліне қосса, қаржылық көмек көрсетсе, жалақы болмаса да бір сыйақы ретінде көмек көрсетсе деп санаймын, енді өз басым» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, мемлекет көмектесуі тиіс деп ойлаймын. Себебі, болашақтың тұтқасы дәл осы жастардың қолында» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Мемлекет туралы, иә, олар ынталандыруы керек деп санаймын, бірақ менің ойымша, қазір жастар үшін ынталандыру – бұл тек ақша ғана сияқты, мен тіпті білмеймін» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Көбіне материалдық жағдай деп ойлаймын, себебі жас кезде идея бар, фантазия бар, күш бар, ер бар, сол жас кезде материалдық жағынан көмектессе, сол жағынан қолдау керек жастарды» (әйел, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, әрине көмектесуге тиіс деп ойлаймын. Қазіргі кезде жастарға тегін білім беру керек, қазіргі кезде оқудың ақшасы да өте қымбат» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Әрине үкімет көмектесуі керек. Жастардың қоғамдық, манағы волонтерларға, жас мамандарға көмектесіп, қаржылай көмектесуі керек. Және де көмектескен сайын олардың ынтасы көбейеді. Қазір былай көмектесіп жатыр ғой әрине, бірақ енді аз көлемде. Жақсылап үкімет жастарды көтеруге көмектессе, сол үшін заңдар шығарса жастарды жақсы көтеретін. Сонда дұрыс болады деп есептеймін» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Мемлекет, әрине, осындай қызметті ынталандыруы, жастарға осы мәселелерде көмектесуі тиіс, өйткені бұл біздің кент тобы, олар волонтерлер, олар ақша үшін жұмыс істемейді, өздерінің жақындарына немесе жай ғана айналасындағыларға және көршілеріне көмектесу үшін жұмыс істейді. Ал мемлекет, әрине, 2019 жыл Жастар жылы болғанына қарамастан, өкінішке орай, волонтерлер жұмысында ерекше жақсартуларды байқамадым, өйткені бұл қандай да бір жолмен өтті. Ал, ынталандыруды айтсақ, мемлекет тарапынан болуы керек, әрине» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің ойымша, мемлекет жастарды ынталандыруы, оларға көмектесуі керек, яғни жастар – бұл елдің болашағы және біз оған үміт артуымыз керек» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Меніңше, көмек міндетті болуы керек. Спорт тұрғысынан. Нәліктен бізде спорт басқа елдердегідей дамымайды. Мысалы, мен футболда көбірек спортшылар көргім келеді, мықты болса, чемпиондар лигасына кіретін жағдайға жетсе. Менің ойымша, бәрі де бір кездері бала болған, кішкентай кезінен бастап қолдау көрсетсек, менің ойымша, олар биіктерге жете алады» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Олар осыған инвестиция салуы керек. Қазір бізде қандай трендтер бар?! Трендтер батыстан келеді, K-POP кәрістер тобы сияқты. Осы қызметті жарнамалау керек, көбірек күш салу керек, балалар әлгі бір кәріс туындыларынан емес, мемлекеттен бағдар алуы керек. Олар ұмтылатын болады, спорт туралы дұрыс айтылды. Спортшылар көбірек көрсетілсе, балалар мұны көреді және соны қайталайтын болады, өйткені балалар ересектерден өнеге алады. Егер мұның бәрі көрсетілсе, олар бәрін қайталайды және нәтижесі болады» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің ойымша, қолдау қажет. Мемлекет студенттерге көмектесу үшін осындай ұйымдар құруы керек, өйткені университеттен бастап кейбір студенттер бірдеңе жасайды немесе өз бизнесін ашады. Міне, жаңа бастаған кәсіпкерлерге көмектесу. Осыған байланысты салықтарды азайту» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

4.2. Жастар бағдарламалары туралы хабардарлық және оларға қатысу

Мемлекеттік жастар бағдарламаларына қатысты, жалпы, жастар ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылып келе жатқан «Болашақ», «Жасыл Ел», «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі» сияқты ең ірі және танымал жобалар туралы біледі. Сонымен қатар, көпшілік мұндай жобаларға сөзсіз қолдау білдірді.

«Мемлекеттік қолдау бағдарламалары дегенде мен тек «Болашақ» бағдарламасын білемін. Осындай Қазақстанда ірі университет, бакалавр және де магистратура деп ойлаймын оқуға түсіретін. Яғни

оқысы келетін адамдарды шет елдерден білім алуға өте көмектесетін бағдарлама» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен де манағы «Болашақ» бағдарламасын, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жастарға арналған, «Жастар практикасы» бағдарламаларын білетін сияқтымын тек» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Сондай жағынан және де «Болашақ», ауылға «Дипломмен ауылға» және де жастар жұмысы бар. Мысалы «Жасыл ел» деген сияқты үш ай каникулдарда қоғамдық белсенділіктерге жұмсау. Осындай білемін және де дұрыс деп шешемін» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Жұмыспен қамту бөліміне тіркеліп мысалы 3 ай, 6 ай практикадан өтетін бағдарламалар бар. Сол арқылы көп жастар мысалы тұрақты жұмысқа қалып жатқандар да бар, ал «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы подъемный ақша алып, тағы да несиелер алып, өздеріне үй алып, өздерін қамтамасыз етіп жатқан жастар бар. Сондықтан ондай бағдарламалар көп болу керек деп санаймын» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Қазіргі таңда осы мемлекет тарапынан жастарға көптеген қолдау көрсетіп жатыр, көптеген бағдарламалар іске асып жатыр, мысалға «Дипломмен ауылға», «Серпін» бағдарламасы және де «Жастар тәжірибесі», «Жасыл ел» сияқты бағдарламалар жүзеге асып жатыр. Олардың барлығы жалпы жастарға тиімді деп есептеймін» (әйел, қазақ, 20 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жастарға арналған көп қой, қазіргі таңда мысалы өз тігін фабрикасын, кішігірім кондитерский, мысалы ауыл шаруашылық деген сияқты» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

Алайда, Қазақстанның NEET жастарының бір бөлігі жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпаратты білмейді.

«Қатысып көрген емеспін» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Мен мұндай жобаларға қатысып көрмеппін» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Мұндай бағдарламаларға қатыспаппын» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Жоқ, мен ешқандай бағдарламаны білмеймін» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен де білмеймін» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Зерттеуге қатысушылардың арасында осындай бағдарламаларға тікелей қатысқандар болды, олар алған тәжірибесінің пайдасын атап өтті: жұмысқа орналасу, тәуелсіз табыс табу.

«Мен жұмыспен қамту бойынша «Nur Otan» партиясында практика өтіп көрген болатынымын, көптеген нәрселерді үйрендім, адамдар қандай проблемаларымен келеді сол туралы таныстым, көбінде сол тұрғын үй кезегіміз қашан жылжиды, сосын көпбалалы аналар, мысалы, бізге үкіметтен көмек көрсетілмейді деген сияқты проблемаларымен көп келетінін көрдім. Және де олардың «Nur Otan» партиясының қандай жұмыстар атқаратынын өз көзіммен көріп танысып білдім деп ойлаймын, ол да мен үшін өмірлік тәжірибе, келешек орналасып жатқан жұмысыма да тәжірибе деп есептеймін өзіме» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен осылардың ішінде осы Жасыл ел бағдарламасы бойынша биыл жұмыс атқардым ауданда бұл мен үшін бір жетістік болды деп есептеймін, өзімнің қаражатымды таптым осы жұмыс арқылы және де ауданның көркеюіне өз үлесімді қостым осы бағдарлама арқасында және де осы бағдарламаларды одан әрі дамытса деп ойлаймын, мысалы жастардың қаражат жағынан көмек көрсетсе» (әйел, қазақ, 20 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Колледж арқылы белгілі бір жастар «Атамекен» деген жастар ұйымына барғанмын. Онда анкета толтыруға. Яғни халыққа қазіргі таңда не керек? Қандай не ашқан жөн, яғни өзінің тұратын елді

мекенінде не жетіспейді деген сияқты сауалнамаларға қатыстым. Және де осыдан бір жыл бұрын «Жасыл Елге» бір айға жуық жұмыс жасаған болатынмын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Мемлекет тарапынан бағдарламаларға қатысудың жағымсыз тұстары да айтылды: қатысушылар аяқтағаннан кейін жұмыс таба алмайды; жобалар туралы толық және ашық ақпараттың болмауы; қатысу шарттарын және қабылдау рәсімдерінің ашықтығын әлсіз түсіндіру. Айта кету керек, теріс тәжірибе тек нақты бағдарламалармен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің жастар саласындағы барлық бастамалары мен күш-жігерін теріс бағалауға және көңілдері қалуына әкеледі.

«Мен айта кетейін, мен осыдан 5 жыл бұрын оқу бітірген кезде Күршім ауданына дипломмен ауылға деп бармақшы болғам. Сол жаққа бардым документерімді апардым дипломымды алдым сосын ол жаққа барғанымда ол жақтың акиматы маған айтты, сен «Дипломмен ауылға» деп осында келу үшін сен осы Күршімде пропискада болуың керексің 3 жыл бойында деп сөйтті. Ал мен Өскеменде тұрдым да, мен онда пропискам жоқ. «Дипломмен ауылға» дегеннен кейін қаладан ауылға келетін адам и оған үй беріліп жұмыс берілу керек емеспе деп едім, жоқ ондай емес, сен осында пропискада болу керексің, сонда ғана саған жұмыс та, үй де беріледі деп қайтарып жіберді, мен ойлаймын кейбір аудандарда «Дипломмен ауылға» деген немене әсер етпейді деп, потому что ойлаймын, акимат өздері енді жамандағаным емес, өздерінің нелеріне қарай тартып өздерінің туыстарына сондайларға істейді ма деп ойлаймын. Сенбеймін ондай нәрсеге» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, жастар практикасын мемлекет жақсы ойлап тапқан. Жастарға жастар практикасын ойлап тапқаны. Бірақ одан өткенімен де, көбінде жұмысқа орналасу қиындау уже оларға. Тағы да бар енді, қазірге шынымды айтсам көп есіме түспей тұр» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Иә, әрине, бұл әр оқушыға көмектеседі, білім алуға көмектеседі. Менің ойымша, әркім шетелге кетуді, оқуды, саяхаттауды, жаңа нәрсені көруді, жаңа нәрсе ашуды, шетелдіктермен сөйлесуді армандайды. Мүмкін болса, қайтадан барып жұмыс істегісі келеді. Әрине, бұл тиімді. Немесе Қазақстанда жақсы жұмысқа орналаса аласың. Әрине, мәртебе жоғары болады» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Кейбір жастар, например, бизнесті бастағысы келеді. Жастарды қолдау туралы қандай бизнес-тер қандай көмектер көрсететін бәрін ашық айтса иә, теледидардан көрсетсе, например нелерден телефондағы Instagram, вк адамдар көп отыратын айтса иә, реклама жасаса осылай осылай көмек береміз, осылай жасасаң деген секілді хабарландыру болса, потому что қазір көбіміз білмейміз, неге? Потому что ол туралы хабарландыру көп жерде жоқ, сөзбен айыталады, оны көп ешкім ұға қоймайды, видеомен болса иә, например. Иә, қысқа роликтер болса, осындай осындай бизнесті бастау, осындай жерге барасыздар, осындай документтер апарасыздар, сол жерге барасыздар, именно қай жерге барасыз сол жерде объяснение айтады, жастар соған қарай қай жерге баратынын біліп, уже өз істерін бастаушы еді деп ойлаймын. Қазір ешкім білмейді, не бар не жоқ, бір жерге барсаң екінші жерге жібереді, акиматқа барсаң то ли басқа жерге жібереді, жүреді әйтеуір непонятно, сол үшін ешкім білмейді қазір жастарды қолдау туралы қандай нелер бар екенін» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, мен тиімді деп санаймын. Біздің ауылға дипломмен ауылға деген бағдарламамен бір ағай келген еді, сол ауылға келіп біраз нәрсе үйретіп кетті мысалыға. Бұл жерде осы жағынан тиімді деп ойлаймын жалпы» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

Осы бағдарламалардың іске асырылуын оң бағалаумен қатар, жастар бағдарламаларын одан әрі қолдау, әсіресе ауылдық жерлерде жастардың қатысуын жандандыру, сондай-ақ жаңа жобаларды әзірлеу

және қолданыстағы жобаларды дамыту кезінде жастардың пікірлерін ескеру қажеттілігі туралы идеяны білдірді.

«Осындай жастар бағдарламалары өте тиімді деп ойлаймын. Сонымен қатар осындай бағдарламалар өте көп болғанын қалаймын» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Қазіргі таңда жастардың белсенділікке арттыру қажет. Оларға ұсыныс жасау қажет. Және де олардың көзқарасын, пікірлерін қарастырған жөн қазіргі таңда» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Ауылдық жерлерде де көп болғаны жақсы ғой ондай нәрселер. Қалаймын ауылдық жерлерде көп болғанын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

Жастар тәжірибесін жақсарту бойынша ұсыныстар айтылды. Осылайша, информанттар тәжірибеден өту уақытын бір жылға дейін ұлғайтуды, жалақыны көтеруді, сондай-ақ бағдарламаға қатысу аяқталғаннан кейін жастарды жұмысқа орналастыру бойынша механизмдерді жақсартуды ұсынды.

«Мен ба, тиімді деп санаймын, тағы жақсы жақсы түрлерін ойлап тапса және де жастарға төленетін қаржылай көмек, яғни тәжірибеден өткен жастарға кішкене алатын ақшасын жалақысын көбейтсе деп ойлаймын. Одан айын жақсы жалақыны жақсы тәжірибені көрген адамның өмірге деген құштарлығы, жұмысқа деген жақсы жұмысқа орналасуға деген құлшынысы арта түседі деп санаймын» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жастардың, манағы несі оларды тиімді деп санаймын. Оларды қалай жақсартуға болатынын және де манағы айтып жатырған «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша мысалы толығымен жақсарту керек деп ойлаймын. Себебі «Жастар тәжірибесі» дамыған сайын әрі қарай сол бағдарлама арқылы жұмысқа орналастырып, сол жағын жақсартса жақсы болар еді» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Менің осы орайда қосқым келіп отқаны, жаңа жастар тәжірибесі білуімше жастар тәжірибесінің мерзімі – 6 ай. Соның уақытын ұзарту керек деп ойлаймын 1 жылға, сосын олардың айлықтарын көбейту керек және сол жастар тәжірибесінен өткен азаматтар мен азаматшаларды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету керек деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Тиімді деп ойлаймын. Бірақ, көбіне білім алу жағына көбірек көңіл бөлініп кеткен сияқты. Тұрақты жұмысты да қарастыру керек сияқты жастарға» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

Қорытынды

NEET санатындағы жастардың жастар ұйымдарына қатысты хабардарлығы мен қызығушылығы төмен деңгейде. Жастар көбінесе волонтерлік ұйымдар туралы біледі және мектепте, университетте оқу кезеңінде олардың қызметіне қатысады. Ал ересек жігіттер мен қыздар жастар бірлестіктері аясынан тыс қалады.

Мемлекеттік жастар бағдарламаларына қатысты жағдай жақсырақ, яғни, жалпы алғанда, NEET жастары мемлекет тарапынан жастарды қолдаудың ірі бағдарламалары туралы ақпаратқа ие және кейбір бөлігі оларға қатысқан, бірақ NEET санатындағы жастар арасында бағдарламалардың бар екенін білмейтін және сәйкесінше мемлекеттік қолдаумен қамтылмаған топта бар.

Бұл ретте жастардың басым көпшілігі осындай бағдарламаларды іске асыруды және жастар ұйымдарына мемлекеттік қолдау көрсетуді жақтайды.

5. НЕЕТ санатындағы жастардың девиантты мінез-құлқына деген көзқарас

5.1 Қоғамға қарсы мінез-құлықтың таралуына көзқарас және бағалау

НЕЕТ жастарының басым көпшілігі оның кез-келген көрінісінде қоғамға қарсы мінез-құлыққа теріс қарайды және мемлекет оған қарсы күресте белгілі бір қадамдар жасауы керек деп санайды. Ең жағымсыз деп нашақорлық, ойынға тәуелділік және жезөкшелік аталды. Сонымен бірге, темекі шегу мен ойынға тәуелділік әркімнің жеке таңдауы және көбінесе адамның өзіне зиян тигізеді, ал девиантты мінез-құлықтың басқа түрлері қоғам үшін қауіпті деген пікірлер айтылды.

«Мен барлығына да қарсымын. Ең жаманы нашақорлық пен жезөкшелік деп ойлаймын. Қарсымын» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Манағы айтылып жатырғандардың бәріне қарсымын. Әсіресе ең соңғы мына нашақорлық ойынға құмарлық, және жезөкшелікке» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Қазіргі кезде ойынға құмарлықта көптеп, көптеген жаңағыдай жаман жағдайларға алып келіп жатырғанын көреміз. Нашақорлық пен жезөкшеліктің қатарына ойынқұмарлық та еніп келе жатыр» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Мен осылардың ішіндегі ең көп қарсы болатыным букмекерлік ойындарға, карта ойындары, темекі шегу соларға өте қарсымын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Қазіргі заманда сол нашақорлық, жемқорлық, жезөкшелік деген өте қаптап кеткен, соның ішінде жезөкшелікке өте қарсымын, қыздар сондай ойдамын» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Әрине, мен мұның бәріне теріс қараймын. Мен нашақорлыққа теріс көзқарастамын, өйткені ол өлімге әкеледі» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен бұзақылық пен нашақорлықты жаман деп санаймын, өйткені бұл заңға қайшы, иә. Темекі шегу мен ойынға тәуелділік, мен бұл қоғамға қаншалықты кедергі келтіретінін білмеймін. Адамдар не істейтінін өздері таңдайды. Әрине, бұл денсаулықты құртады. Мұның бәрі жаман» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен теріс қараймын, бірақ сонымен бірге, мысалы, темекі шегу мен ойынға тәуелділік, тек ойынға тәуелділік – бұл қоғамға зиян тигізбейтін әр адамның жеке таңдауы, бірақ бұзақылық, мысалы, жезөкшелік, нашақорлық – бұл қоғамға зиян келтіреді. Мен үшін нашақорлық пен жезөкшелік пен бұзақылық жат қылықтар» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің ойымша қазіргі таңда ең бірінші мәселе ол нашақорлық деп ойлаймын. Өйткені анаша шеккен адам өзін-өзі ұстай алмайды, ол кез келген нәрсеге барып қоюы мүмкін. Мүмкін адам өлтірер, мүмкін тағысын тағы... Нашақорлық!» (әйел, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен құмар ойындарға қарсымын, темекі шегуге қарсымын, нашақорлық пен маскүнемдікке қарсымын. Кейде достарымен кездесіп, сыра ішіп дегендей болған, әрине. Мен жаман әдеттерге, темекі шегуге мүлдем қарсымын, өзім темекі шекпеймін. Бұл денсаулық, бұл менің денсаулығым, бұл айналадағы адамдардың денсаулығы, сондықтан мен темекі шекпеймін және оған теріс қараймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине, өте жаман қараймын. Ең жаманы, меніңше, нашақорлық» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Информанттардың пікірінше, Қазақстанда жастар арасында нашақорлық, бұзақылық, маскүнемдік, сондай-ақ ойынға тәуелділік кең таралған. Ойынға тәуелділікке қатысты қатысушылар ойын автоматтарының оңай қолжетімді болуына байланысты жастар арасындағы тәуелділіктің артуына алаңдаушылық

білдірді. Сондай-ақ, балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігі, қыздар арасында темекі шегудің таралуы мәселелері көтерілді.

«Әрине, бұл айтылған мәселелердің бәрі дұрыс емес деп санаймын. Соның ішінде ең өрескелі менің ойымша нашақорлық пен жезөкшелік. Және бұл мәселе нашақорлық әсіресе бұзақылық деген мәселелер жастардың арасында көптеген өңірлерде көп болады. Осы мәселелерді қолға алып, осыларды дамытпауға мемлекет жақсы іс-шаралар қолданғаны дұрыс деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Бұл айтылған нәрселердің барлығына қарсымын. Және де осындай қазіргі таңда көп кездесетін осы жезөкшелік, тәнін сату және де нашақорлық. Осыларға заң қабылдау керек тәнін сатуға. Және де өзім оқып жүрген кезде осындай нашақорлықпен айналысатын бірнеше адамдарды кездестірдім. Және мен қарсымын мұндай нәрселердің барлығына» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Менің ойымша, жастар арасында, әдетте темекі шегу, бұзақылық және нашақорлық таралған, бірақ жезөкшелік емес» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Жалпы, мен бұған теріс қараймын, сонымен қатар жастар арасында ең көп кездесетіні – бұзақылық, нашақорлық, темекі шегу деп санаймын, мен Лерамен келісемін, жастар арасында жезөкшелік аса сұраныс жоқ, бірақ ең қолайсыз, әрине, бұл есірткі, нашақорлық, міне» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен жоғарыда айтылғандардың бәрін мүлдем құптамаймын. Алкоголь көп ішеді. Мен мұндай адамдарды мүлдем адам демеймін. Бұл дұрыс емес» (әйел, орыс, 16 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Құмар ойындары, ең алдымен. Мен ондай балаларды көрдім, көбінесе ұлдар «Олимпта» ставкалар қойды. Иә, олар ақша тапты, бұл табыс сияқты болды. Олар жақсы ақша табады, айтпақшы, бұл оларды қызықтырды. Жеңіл ақша да тартады» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, мен қатысушымен келісемін, қазір құмар ойындар жиі кездеседі. Сонымен қатар, құмар ойындары, компьютерлік ойындар сияқты, білесіз ғой? Адамдар компьютерге ойнағанда... жалпы құмар ойындар сияқты деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Игровой аппараттар шығар деп ойлаймын. Магазинде тұрады ғой, ақша шығару үшін, я не знаю, как это называется сол. Студенттер арасында болсын, үлкен жаста адамдар болсын. Көп байқаймын осындайды» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің таныстарымның арасында ешқандай проблема болған жоқ, сондықтан менің ойымша, жас буын жастары, мектеп оқушылары арасында ойын, компьютерлік ойындар жиі кездеседі. Құмар ойындар жас ұрпаққа тән проблема» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Бұл айтылған нәрселердің ішінде қай-қайсысы болса да жақсы емес. Бірақ, ішіндегі ең қауіптісі ішкілік деп ойлаймын. Ол жастардың арасында, нашақорлық, ішікілік кең тараған нәрсе. Ол адамның ортасына байланысты» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Кең тараған дейсіз ба? Жеткілікті түрде деп ойлаймын, нашақорлық та, жезөкшелік те, темекі шегу деген де. Темекі шегу тек ерлердің арасында ғана емес, тіпті әйелдер арасында да белең алып кеткен, оған тәуелділік те өте көп» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Жастар арасында жалпы ішімдік ішу, шылым тарту деген дүниелер қазір менінше осылар өте көп» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

5.2 Себептері және ықпал ету факторлары

Жастар арасында девиантты мінез-құлықтың таралуының негізгі себептері, информанттардың пікірінше, отбасылық қатынастар саласында, отбасында моральдық қолдаудың, түсінудің, сүйіспеншіліктің болмауы. Жастар отбасындағы тәрбиенің және ата-аналардың балаға көңіл бөлуінің маңыздылығын

атап өтіп, ақша табу, отбасылық міндеттерден, жауаптылықтан демалу үшін ата-аналар балалармен сөйлесу, уақыт өткізу және белгілі бір мінез-құлық нормаларын үйрету қажеттілігін ұмытып кететінін айты.

Бұл тұрғыда қоршаған ортаның, достардың ықпалы да айтылды. Бұдан кейін жастарды тәуелділікке итермелейтін қаржылық проблемалар аталды.

Сонымен қатар, талқылауға қатысушылардың айтуынша, жастар өздері және жұбайлары үшін жауапкершілікті алуға дайын болмаған жағдайда ерте неке проблемалары туындайды дейді. Сондай-ақ, информанттардың пікірінше, мемлекет қоғамға қарсы мінез-құлықтың таралуы үшін жауапты, өйткені ол жастардың, әсіресе аймақтардағы жастардың зиянды мінез-құлқымен тиімсіз күреседі.

«Менің ойымша, жастардың мінез-құлқына ата-аналар ғана ықпал етпейді. Мысалы, ата-аналар жұмыс істейді. Олар көп жұмыс істейді. Олар таңертеңнен кешке дейін жұмыста немесе тағы басқа орындарда. Осындай сәттерде адамды өзі тұрған орта, мектеп, ауладағы достар тәрбиелейді. Егер ол жақсы мектепке, жақсы сыныпқа барса, онда оның жолы болды. Егер жаман болса, онда ата-аналар қандай жақсы болса да, оны қалай тәрбиелеуге тырысса да, ол айналасындағылар сияқты болады» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің ойымша, ең алдымен қоғам адамнан тұлға жасайды және қалыптастырады, мұнда психология, отбасы және қоғам басты рөл атқаруы мүмкін» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Сондай-ақ, мемлекет те кінәлі деп айтқым келеді, өйткені шалғай өңірлерде, Майқұдықта, Пришахтинскіде, ол жерде спорт секциялары өте нашар дамыған, онда үйірмелер, көркемдік, музыкалық үйірмелер аз. Егер жастар айналысатын нәрсе болса, бұзақылық немесе темекі шегудің пайызы төмендеуі мүмкін, жалпы, осындай әңгіме» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

«Әрі қарай, олардың барлығы мен үшін қолайсыз, бірақ жастар арасында олар, әрине, кең таралған, өйткені олар мұнымен көп күреспейді, егер олар күрессе, онда олардың орнында жаңалары пайда болады, ал ең алдымен жастардың мінез-құлқына қоршаған орта әсер етеді, яғни ата-аналар, ата-ана тәрбиесі немесе жаман компаниялар немесе жаман таныстар, олар, әрине, жасөспірімнің мінез-құлқына әсер етеді» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Ақшаның жоқтығы ғой ақшаның аздығынан жасайды ғой, оның бәрін ақша жетпегендіктен жасайды, еріккеннен ешкім жасамайды, өйтіп ондайға мүлдем қарсымын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мысалы, ұл балалар тойынғандықтан барады, қыз бала жетпегендіктен барады және де үйде жылулық көрмегендіктен барады деп санаймын. Көбінде қыздар мысалы әкелері, ағалары еркелету дегенді білмейді, өздері ағалық қамқорлық көрсету білмейді, олармен ашық түрде сөйлессе қарындастарымен, апайларымен бір нәрсе істеп қойса айғайлайды, ұрыса береді былайша айтқанда. Ал, мысалы, қыз баланы қандай мәселе толғандырады, оның жан дүниесінде не болып жатыр ешкім сұрамайды» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менімше, ондай нәрселерді басқа балаларға көрсетпей жастарға түсіндіріп мысалға еліктеушілік, әр адам үйде не көреді соны істейді. Көшеге барғанда да соны көрсетеді» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Ұл балалар отбасылық өмірге дайын емес, олар отау құруды яғни үйленуді ойыншық көреді. Мысалы біреуі жарайды шын соған тоқталып ойланып отау құрып жатады, біреуі немесе екіқабат қылып алады немесе қалай деушеді ана жастықтың буымен алып алады, одан кейін үйленіп алады не отбасын асырамайды, не отбасына қарамайды, өз алдына жүріп. Одан кейін екі-үш айдан кейін ажырасып жатады, ал әке-шешелері соған шашылып кредитке той жасайды. Сондықтан ұл балаларды қаттырақ ұстау керек деп санаймын және де көп ата-аналар ұлдарының нестеп жүргеніндерін, қыздарының да нестеп жүргенін білмейді, әйтеуір аман жүрсінші деп қана ойлап отыра береді, әйтеуір тірі болса

болды деп біріншіден, екіншіден ұл балаларды жауапкершілікке дұрыстап үйрету, ол қыз бала біреудің қарындасы аялап отырған қызы, біреудің болашақ жары екенін дұрыстап үйрету керек және де өздері де, ұл балалар да сол қыздарға мысалға өздерінің қарындасы, анасы, апайлары бар екендерін біле жүру керек. Еліктеушілік деп айтып өтті, қазір ұл балалардың көбі боянады, сырға тағады, оның бәрі батысқа еліктеушілік деп санаймын, бірақ әркімнің өз таңдауы бар, мен оған қарсы емеспін, бірақ адам өзіне жақсысын ала білу керек, ол басқа жаққа еліктеу дегеннің өзінде де, әншейін ол сырға тақты, ол боянды екен деп соған тура тап бермеу керек. Қазір өзі қоғамға қарасаңыз, ер мінезді қыздар көп те, қыз мінезді жігіттер көп, соны дұрыс саралай білу керек деп есептеймін» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менің ойымша, балаларды ата-аналар емес, телефон тәрбиелейді. Ата-аналар күні бойы жұмыста болғандықтан, олар өзімен өзі қалады. Олардың көп уақыты бар, сондықтан интернетте отырады» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Ең алдымен, ата-аналар балаға ықпал етеді деп ойлаймын. Дәл қазір бәрі қалай істейді? Бала жылайды, бірдеңе қалайды, ата-анасы оған айқайламай, тынышталуы үшін телефон береді. Ол телефонға жабысады және бітті, ата-аналар өз істерімен айналысады. Сондықтан, менің ойымша, ата-аналар, ең алдымен, бала тәрбиесіне көбірек уақыт бөлуі керек. Нашақорлық та солай, әр ата-ана бала кезінен балаға оның қажетсіз екенін түсіндіруі керек. Әрине, қоғам әсер етуі мүмкін, бірақ егер мен темекі шекпеймін, оны қолыма алмаймын деп сіңірсе, баланы ешкім мәжбүрлей алмайды деп ойлаймын. Сондықтан білімге көбірек уақыт бөлуге тырысу керек» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің ойымша, ата-аналар да кінәлі. Олар кейде өз балаларынан тым көп талап етуі мүмкін, балалар олардың талаптарын қанағаттандырғысы келеді. Тіпті бұл мәселеде грант алып, оқуға түс үшін, ұнамайтын мамандық таңдауға мәжбүрлейді. Бұған барлық ата-аналар әсер етеді» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Сын айтумен қатар, жастар спортты дамыту, жастарды жұмыспен қамту мәселесін шешу, қаржылық қолдау көрсету, жастарға өз ойын білдіруге, өз пікірлері мен уайымдарын бөлісуге мүмкіндік беретін алаңдарды ұйымдастыру арқылы қалыптасқан жағдайдың шешімдерін ұсынды.

«Өз пікірім бәріне қарсымын. Ондайды дамытпау үшін өсіп жатырған жастарға көптеген спорт жағынан сайыстар ұйымдастырып және жұмыссыздық болмауы тиіс деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мұның барлығын барынша азайту үшін жаңағыдай көптеген жастарға жұмыстар және де көптеген қаржылай көмектер көрсету арқылы немесе оларға жаңағыдай бизнес-тренинг арқылы көптеген ой тастау керек деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Иә, толықтай сіздің айтқаныңызбен келісемін. Жалпы кейбір ата-аналар мысалы жарайды қызым бір нәрсе күн көреді ғой, осы ұлым ма берейінші ұлымды деп мен көретін көбінде, бәрінде сондай деп айта алмаймын. Сондықтан менімше ер азаматтарды көбірек, қыз балаларға келсем сосын жастар деванттық мінез-құлпын мен мысалы кейбір жерлерде еліктеушілік деп білем басқа мемлекеттің жастарына, сосын өзіміздің еліміздің арасында бар, мысалы, көреді ғой оны бәрібір темекі шегу сияқты мысалы» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Осылармен, әсіресе ойын тәуелділігімен күресу керек. Дәл сол ставкалар қазір үлкен деңгейде, оларда кеңселері неткен үлкен, күннен күнге өсіп келеді. Бір амалын қарастыру керек» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің ойымша өзінің ортасындағы адамдар, яғни достары, қоршаған ортасы және де айналада болып жатырған нәрселердің кері әсері болуы мүмкін. Ондай жағдайда тренинг ұйымдастырғаны

жақсы бір жағынан. Сондай-ақ, жастардың өзінің ой пікірін айтқаны жөн» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Талқылауға қатысушылардың көпшілігінің пікірінше, ең алдымен жастардың мінез-құлқына қоршаған орта, ата-аналар, достар, таныстар әсер етеді; екіншіден, кейде моральдық нормаларға толық сәйкес келмейтін көзқарастар мен құндылықтарды тарататын интернет, теледидар, әлеуметтік желілер.

«Қазіргі кезде жастардың мінез-құлқына әсер ететін бірден бір жағдай, ол интернет. Әртүрлі жағдайларда интернеттен әртүрлі видеолар таратуы, әртүрлі жаңағы ағым, діни ағымдар, теріс діни ағымдардың адамның мінез-құлқын бұзуы және де жаңағы террористтер секілді әртүрлі жастардың миын улайтын заттарды интернет арқылы қарау, сол жастардың мінез-құлқын өзгертеді. Ең бірінші мәселе осы деп ойлаймын мен» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Және де адамның мінез-құлқын өзгертетін бұл әрине қоршаған орта және де осы қазіргі таңда көптің бірі интернет, сотка, әлеуметтік сайттарға кіріп отырады және де осындай мінез-құлқын өзгертетін әлеуметтік сайттардың бірі деп ойлаймын. Және де оны қоршаған орта және айналасындағы адамдар, достары» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Ол қоршаған ортасы. Қоршаған ортаның ішіне дос-құрбысы да кіреді, күнделікті көріп жатқан дүниелер барлығы соның ішіне кіреді» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Телевидение де сол. Олар фильмнен немесе кейбір телехикаядан біреудің темекі шекенін, ішкенін көреді, сондықтан олар өздері тәжірибе жасап көреді» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Өзіміз кінәліміз. Сотканы беріп кетеміз, олар одан неше түрлені көреді. Өзіміз де кінәліміз, не істейміз енді» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине, бұл әрекеттердің барлығы мен үшін қолайсыз, және менің ойымша, қоршаған орта үлкен әсер етеді, міне, ата-аналар, олар қажет емес деп айтады, бірақ осыны өздері жасайды, ішіп-жеп, темекі шегетінін көрсетеді, жаман үлгі көрсетуге болмайды ғой» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

Қорытынды

Қазақстанның NEET жастарына қоғамға жат мінез-құлықтың кез келген көрінісіне, әсіресе нашақорлыққа, жезөкшелікке, құмар ойындарға деген теріс көзқарас тән. Әсер етудің негізгі факторлары – тиісті назардың болмауы, отбасы тарапынан сүйіспеншілік пен қолдау, қоршаған ортамен, достардың әсері, ақпараттық кеңістіктің теріс әсері.

6. НЕЕТ санатындағы жастардың бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы

6.1 Хобби және әуестік

НЕЕТ санатындағы жастар бос уақытын достарымен, туыстарымен, сондай-ақ сүйікті хоббиімен айналысып өткізгенді жөн көреді.

«Бос уақытымда көбінесе уақытымды ата-анама достарыма бөлемін» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Бос уақытымда көбінесе достарыммен боламын» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Бос уақытымда мен достарыммен жүремін, біз көңілді уақыт өткіземіз» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

Жас жігіттер, әдетте, әртүрлі спорт түрлерімен айналысады, сонымен қатар, шығармашылыққа да назар аударады: өлең жазу, музыка, ағаш ою және т.б.

«Мен бос уақытымда заңгерлік, футбол, спорт және де өзімнің отбасыммен уақыт өткізгенді жақсы көремін» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Менің хоббиім спортпен айналысу. Волейбол, футбол т.б.» (еркек, қазақ, 23 жас, Атырау облысы).

«Иә, хоббиім бар, көбінесе футбол ойнаған ұнайды, өлең шығарамын, тағы сондай ғой, сол сияқты» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Бос уақытымда машинамен айналысамын. Шұқылаймын, бірдеңе тазалаймын, жөндеймін» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Бос уақытымда кітап оқимыз бізде. Хоббиім домбыра тартамыз үйде отырып» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Ал енді хоббиге келген кезде, мен өзім ағаштан түрлі мүсіндер ойып жасаймын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Хоббиім бос уақытымда ән айтамын, караоке айтамын және де тренажерларға спорттық нелерге барып жүремін» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен бос уақытымда музыкамен айналысамын» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Бос уақытымда цитата жазумен айналысамын» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

Қыздар, әдетте, шығармашылықпен айналысады: ән айту, сурет салу, би билеу, кітап оқу. Тұрмысқа шыққан қыздар, үй шаруашылығын жүргізуге байланысты, бос уақытын тамақ дайындауға жұмсайды, ал кейбір хоббилер табыс та әкеледі.

«Үй шаруасы. Бос уақытым жоқ, үй шаруасы. Сосын тек ас мәзірінде жаңағы тамақ жасау хобби» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Қазіргі таңда біз үйде отырғандықтан, үйдегі кісіге көмектесеміз. Біз әйел адам болғасын біз үй шаруасымен айналысамыз. Менің хоббиім кітап оқу және басқа тілдерді үйрену. Яғни басқа тілдерде кино қарап, сериал қарап сол тілдерді үйрену» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Бос уақытымда кітап оқып, өлең айтамын. Хоббиім видеорецепттер түсіру, торттар пісіру» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Бос уақытымда кітап оқимын және психология кітабын оқығанды жақсы көремін, ағылшын тілін дамытуда» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мен бос уақытымда үйде дәмді торттар сондай нәрселер пісіруге тырысамын, уақытым бос бола қалса бітті, тамақ пісіруге уақытымды бөлемін и кітап оқимын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Бос уақытымда мен кітап оқып, музыка тыңдағанды жән көремін, болмаса достарыммен қыдырамын» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Иә, мен бос уақытымда билегенді ұнатамын, сондай-ақ өзім үшін оқимын» (әйел, қазақ, 19 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен сурет саламын, ән айтамын, осымен болды. Сурет салғанды ұнатамын» (әйел, орыс, 14 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Сонымен қатар, жастардың бір бөлігі бос уақытын өзін-өзі дамытуға арнайтынын атап өткен жән: кәсіби әдебиеттерді оқу, шет тілдерін үйрену, оқуға түсуге дайындық.

«Иә, менің хоббиім бар. Менің қазір бос уақытым көп. Мен тілдерді үйренемін, кітап оқимын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Бізде оқитын құрбыларыма көмектесемін сабақ жағынан болсын, үй шаруасы және қолым босаған уақыттарда дайындаламын ағылшыннан» (әйел, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен үйден, баладан және күнделікті өмірден басқа спортпен, жүгірумен айналысамын. Мен өз мандығым бойынша курстардан өтемін» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Аз бөлігінде айтарлықтай хобби жоқ, яғни олар ештеңемен айналыспайды.

«Айтарлықтай хобби қазір жоқ, мен жұмыс істемеймін, оқымаймын» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Өкінішке орай, менің хоббиім жоқ. Бос уақытым көп, мен әлі тапқан жоқпын десем болады. Әзірге бұл жағы менде нашар. Мен тек телехикаялар көремін» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

6.2 Жұмыспен қамтылу және жұмысқа орналасу мәселелері

Жұмыспен қамтуға қатысты қатысушылардың көпшілігі қандай да бір шамада жұмыс істейді. Сонымен, белгілі бір бөлігі маусымдық жұмыстармен айналысады, таныстарына, туыстарына кәсіпорындарда көмектеседі. Жастар табысының тағы бір көзі – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына жатқызуға болатын интернет арқылы әртүрлі қызметтерді ұсыну мүмкіндігі: штаттан тыс, онлайн репетиторлық, ғылыми мақалалар жазу, өз өнімдерін сату (торт, қолөнер). Жастардың тағы бір бөлігі уақытша жұмыспен айналысады және кездейсоқ қосымша жұмыс табуға мәжбүр: жеке тасымал, түрлі қызметтерді ұсыну.

«Маусымдық жұмыспен айналысып жүрмін. Ағам ауылда сиыр сойып береді, оны апарып сатамын» (еркек, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жоқ, ол объем аламыз мысалы үшін 3-4 күнде бітіреміз соған байланысты ақшасын аламыз» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Былай сезондық жұмыстар істеймін, андай стройка да өзімнің ағам бар, сомен бірге үй салғанда цемент тасып, сол секілді кірпіштер тасып, солай жүрем қастарында, 5 күн істеп 1-2 күн демалып, сөйтіп ағаларыммен жүрем сезонный жұмыста анда санда былай» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, менің де жұмысым тұрақты емес, жаңағы маусымдық жұмыс, яғни, егіншілік сол сияқты» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Бос уақытымда интернет арқылы табыс тауып отырмын» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менің қазіргі уақытта фрилансермін, үйде отырып интернет арқылы табыс табамын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Қазіргі таңда кездейсоқ табыс десем де болады, себебі мен қазір әлеуметтік желіде Instagram арқылы, WhatsApp-тан және де ағылшын тілін үйрету үстіндемін. Және де өзімнің достарыма және де ағылшын тілін үйренгісі келетін адамдарға үйретемін. Сол арқылы қазіргі таңда күн көріп жүрмін» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен дүкенде тұрамын қолым бос кезде, сосын косметика сатумен айналысамын интернет магазинмен» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Қазіргі таңда жұмыссызбын. Бірақ үйде отырып өз табысымды тауып жатырмын. Ол әртүрлі бокстар жасаймын, бікеттер жасаймын және торт пісіремін. Бірақ қазіргі таңда өзімнің бастаған ісім бар. Өзіме қатты ұнайды. Бірақ пандемия кезінде қиыншылықтар болады» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Өзірге мен жұмыссызбын. Жеке кештер болады, бізге Қарағанды облысы бойынша адамдар тапсырыс береді. Сол Бәйтерек, Ясная сказка, мен сол жерде өткіземін ... онда табыс аз. Бірақ қазіргі уақытта тұрақты бір жұмыс жоқ» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Өзім дәл осы қазіргі уақытта боспын, бірақ тиіп-қашып көтерме жұмыстар жасаймын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Өзірге адам тасу, егер осыны уақытша жұмыс деуге келсе, онда иә» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен жұмыс жасамаймын, арасында әпшелерімнің цехына көмектесіп тұрамын. Былайша тұрақты жұмысым жоқ» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Жұмыс істеймін. Солай нелер тапсырыстар қабылдаймын тапсырыстар бойынша. Апарып беремін, жеткізіп беремін сондай» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Зерттеуге қатысушылардың бір бөлігі, тек мектепті бітіргендер, ата-аналарымен бірге тұрады, еш жерде жұмыс істемейді және жұмысқа орналасу туралы ойламайды, өйткені олар қазіргі уақытта оқуға түсуге дайындалуда.

«Мен әзірге ештеңе істемеймін. Өзімді дамытумен айналысамын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Қазіргі уақытта мен оқымаймын және жұмыс істемеймін, өйткені мен кәмелетке толған жоқпын және ата-анаммен бірге тұрамын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Қазіргі уақытта мен оқымаймын және жұмыс істемеймін, өйткені мен әлі ата-анаммен тұрамын және әзірге жұмыс іздеп жүрген жоқпын» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

Қатысушылардың шағын тобы жұмыс істемейді және оқымайды. Тұрмыстағы қыздар үй шаруашылығымен айналысады.

«Мен әзірге жұмыссызбын» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Мен жұмыс жасамаймын, бірақ тәрбиелеуші боп баяғыда жұмыс жасағам до замужество» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Менде боспын, үй шаруасындамын» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Карантинге дейін мен қосымша табыс тауып жүрдім, яғни официанттық жұмыс. Ол күніне деген сияқты ғой. Ал қазіргі таңда үйдемін, жұмыссызбын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Бос уақытымды әйеліммен өткіземін. Қазір мен оқымаймын және жұмыс істемеймін» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

«Еш жерде жұмыс жасамаймын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

Сұралғандардың бір бөлігі өздерінің өміріне көңілі толатынын айтты, өйткені олар жалпы өздеріне ұнайтын іспен айналысады. Басқалары бұл жағдайда ең бастысы табыс көзі болуы керек екенін атап өтті. Үшіншілері, тұрақты жұмысқа орналасу үшін құзырет пен білім жетіспейтінін айтты.

«Қазіргі таңда мен өзімнің беріп жатырған сабағыма және де осы жұмысыма ешқандай нем жоқ. Өзім жақсы көретін істерімнің бірімен айналысып жатырмын деймін қазіргі таңда» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Уақытша шешім ретінде, иә, қанағаттанамын. Ең бастысы, онда миллиондап болмаса да, әйтеуір табыс табасың» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, қанағаттанамын, тұрақты жұмыс табуға менің білімім жоқ, білімім жетпейді» (еркек, қазақ, 16 жас, Түркістан облысы).

«Мен өзімнің жұмысыма қанағаттанамын» (Ақбаян, әйел, 26 жас, Түркістан облысы).

«Иә, мен де қанағаттанамын, бірақ негізі өзімді үнемі жетілдіріп отыруым керек білім жағынан» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Екінші бөлігі өзінің қазіргі жағдайына қанағаттанбайды, өйткені олар мамандығы бойынша жұмыс істегісі келеді және тұрақты жұмысы болғанын қалайды.

«Мені жасап жүрген жұмысым, әрине, қанағаттандырмайды. Өзімнің мамандығым бойынша жұмыс жасағым келеді» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Мен әлі оқуымды аяқтаған жоқпын, өз мамандығым бойынша жұмыс істеген жоқпын. Бірақ егер сіз адам тасымалы туралы айтатын болсаңыз, шынымды айтсам, жоқ қанағаттанбаймын. Мен тек ақша табу үшін жұмыс істеймін» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жоқ, мен қанағаттанбаймын. Қазір тұрақты жұмысқа орналасқым келеді, бірақ өзіме ыңғайлы жұмыс таппай жүрмін қазіргі кезде» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Бұл ретте жастардың көпшілігі тұрақты жұмыс іздеп жүр немесе жұмысқа орналасуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, әңгімеге қатысушылар COVID-19 пандемиясының салдарынан жұмыс іздеу қиын екенін, сондай-ақ ауылдық жерлерде жұмыс орындарының тапшылығы байқалатынын, сондықтан олар қалаларда жұмыс іздеуге мәжбүр екенін атап өтті.

«Қазіргі уақытта мен жақын арада емес қазіргі уақытта жұмыс іздеп жүрмін мен. Тездетіп табылғанын қалаймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Иә, жұмыс іздеп жүрміз қазіргі уақытта. Тапсақ кіреміз ғой, бұйыртса» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Қазіргі таңда енді жұмыс қарастырудамын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Ауылдық жерде көп жұмыс таба алмадым. Сол себепті қаладан іздестірудемін» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

Өз бизнесі бар немесе оны ашуды жоспарлап жүрген жастар үшін жұмысқа орналасу мәселесі өзекті емес, өйткені олар бірінші кезекте өз ісін дамытқысы келеді.

«Қазіргі кезде жұмыс іздеп жатырған жоқпын. Себебі осы өзімінің айналысып жатырған ісімді әрі қарай дамытқым келеді жаңа айтқандай» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Мен жұмыс істеуді жоспарлаймын, бірақ мамандық бойынша емес. Себебі мамандық бойынша кемінде 3-4 жыл интернатурада оқу керек. Емханада әлі жұмыс істегім келмейді, менің білімім емханада жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мен келесі жылға өз ісімді ашқым келеді» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен өз нем бар жеке кәсібім бар, соны сол бойынша жеке жұмыс жасаймын, соны жетілдіремін. Тұрақты жұмыс жасамаймын» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Жоғарыда айтылғандай, зерттеуге қатысушылардың белгілі бір бөлігі жақында мектепті бітірді, сәйкесінше, олар үшін басты мақсат - оқу орнына түсу.

«Мен енді ғана 17 жасқа толдым және әлі жұмысқа орналаспаймын, өйткені мен мектепті бітірдім және жұмысқа орналасу туралы әлі ойламаймын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Жақын арада жоқ, мен мамандық алғанша жұмыс іздемеймін» (еркек, қазақ, 16 жас, Қарағанды облысы).

«Қазір оқымаймын, жұмыс істемеймін және жұмыс іздеп жүрген жоқпын, өйткені мен университетке түсуді жоспарлап отырмын, өзімді дамытумен айналысамын» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

«Мен әлі жұмыс іздемеймін, өйткені мен бір жерге оқуға түсуді жоспарлап отырмын. Жалпы, маған ұнамайтын жерде жұмыс істегім келмейді» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Алдағы уақытта жұмыс іздемеймін. Себебі менің мақсатым академияға түсу болғандықтан, оған менің уақытым жоқ шынымды айтсам» (еркек, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

Информанттардың шамалы бөлігі жұмыс іздеуге қызығушылық танытпайды.

«Әзірге мен жұмыс табу үшін ештеңе істемеймін, мен үшін бұл аса маңызды емес» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

«Жұмыс істеп жатқан жоқпын. Қатты жұмыс іздеп жатырған жоқпын» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

Декреттік демалыстағы әйелдер үшін жұмысқа орналасу мәселесі екінші орында тұр, өйткені жұмысты бала тәрбиесімен қатар атқару қажет. Сонымен қатар, күйеулері жұмыс істеуге тыйым салулары қосымша кедергі болып табылады.

«Жалпы, менің тұрақты жұмысым бар. Әрине, егер қосымша жұмыс болса жақсы болар еді, бірақ мен тұрмыспен, баламен үйлестіре алатын жұмыс таба алмай жүрмін. Мен әзірге үйде жұмыссыз отырамын, тағы да» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Күйеуім қарсы» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

Респонденттердің біразы жұмыспен қамтылғаны болмауы бірнеше себептерге байланысты қалыптасты: біріншіден, пандемияға байланысты көптеген адамдар жұмыс орнынан айрылды, қысқартылды, сондықтан қазір тұрақты жұмысы жоқ; екіншіден, биыл оқуын аяқтап, қазір жұмысқа орналасу үшін орын іздеуде; үшіншіден, көптеген жас қыздар бұрын жұмыс істеген, бірақ тұрмысқа шығып бала тууға байланысты қазір уақытша жұмыс істемейді, сонымен қатар пандемия жұмысқа шығу мүмкіндігіне өзгерістер енгізді; төртіншіден, өздерінің жеке ісі бар және жұмысқа орналасуға мүдделі емес.

«Иә, жалпы жұмыс іздеуді жоспарлап, қарастырып жүрмін, жұмыс, тұрақты жұмыс істемегеніме қанша жарты жылдай болды ғой деймін карантин басталғалы бері» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен тұрақты жұмысымнан айырылғаныма, жұмыстан шыққаныма март айынан бастап, наурыз айынан бастап шықтым» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Мен де өзімнің тұрақты жұмысымнан апрель айынан бастап, яғни сәуір айынан бастап қысқартылғанмын. Содан бері қарай жұмыста жоқпын. Карантинге байланысты жұмыс табу қиын. Солай» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Мен тұрақты жұмысым екі жыл жасадым. Наурыз айында шығып кеттім. Қазір жұмыс іздеп жүрмін» (еркек, қазақ, 23 жас, Атырау облысы).

«Мен деген оқуды 2015-те бітірдім. Бітіре сала тұрмысқа шықтым. Әлі жұмысқа шықпадым. Баламен отырмын» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Есімім Таңшолпан, жасым 21-де. 19 жасымда жұмысқа кіріп, менеджер болып жұмыс жасадым. Бір жыл тұрақты сол компанияда жасап, тұрмысқа шыққаннан кейін сол жұмыстан шығып кетіп тұрмын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мен университеттен кейін 2 жыл жұмыс істедім, қазір 3-ші жыл декретте отырмын. Өкінішке орай, карантинге байланысты жұмысқа шығу мүмкін емес. Баланы балабақшаға беру керек, әзірге жұмыс істей алмайтын болып тұрмын» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен біріншіден оқуды осы жылы бітірдім және де 18-ге енді ғана толған қызбын. Сондықтан ешқандай тұрақты жұмыс жасамадым. Тек уақытша. Сосын жастар практикасына жазылып, жұмыс іздеп жатырмын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Мен мүлдем жұмыс істеген жоқпын десем болады. Мен тек оқыдым, оқып жүрмін, сонымен болды» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен мектеп бітіргелі тұрақты жұмыс жасамадым әлі, оқуға түсемін деп ойладым, оқуға түсемін деп ойланып жүргем. Менің де жасым 18-де. Тұрақты жұмыс дегенде осы өзімнің ісіммен айналысымын. Ондай тұрақты дегенде осы жұмыс. Басқа жұмыс қарап көрмедім» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Қазір жасым 19-да, тұрақты жұмыс істемегенмін» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

1 жылдан астам уақыт жұмыс істемеу себептері арасында жастардың бір бөлігі жұмыс орнындағы сыбайлас жемқорлықтың таралуын, жұмыс орындарының қысқаруын атады.

«Бір жыл болды жұмыс істегеніме тұрақты» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Маған 1 жыл болды, қазір істеп жатқан жоқпын, себебі орындардың аз болуына байланысты» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Мен жаңа түсінгенім бойынша тұрақты жұмыс істегенмін айлыққа, бірақ айлығы аз болғанына байланысты және ол жерде жемқорлыққа араласпау мүмкін емес... Сол себептен істемеймін» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Жұмысқа орналасудағы негізгі кедергілер жастардың мамандық бойынша жұмыс істеуге ынтасы, бұл олардың жұмыс табу мүмкіндіктерін азайтады, сондай-ақ жұмыс берушілер жұмыс өтілінің болуын сұрайды, ал ЖОО түлектерінің тәжірибесі жоқ. Сонымен қатар, үміткердің білім деңгейіне байланысты жалақының төмендігі байқалды; тілдерді білу талабы тағы бар.

«Кедергі сол финанс бітірдім ғой мен барған кезде менен стаж сұрайды, стажың жоқ дейді сенің. Олар үйреткісі келмейді жұмысқа бухгалтерияға, бухгалтерия жұмысы негізі қиын ғой, вот соған

үйреткісі келмейді. Былай қарап отырсаң зарплатасы да аз, колледж бітіріп барсаң тем более аз, хотя бы 100 мың болатын шығар әрі кетсе. Ал колледжбен 60-70 мың ғана негізі вот сол үшін жұмыс істегім келмейді, осылай жүре бергенім жақсырақ қой деймін, чем бухгалтер болғанша» (еркек, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жалпы енді әр адам өзінің сүйіп оқыған мамандығы бойынша жұмыс жасағанды қалайды. Қазір енді кедергі болатын жастарға көп нәрсе жұмыс ол енді өтілін сұрайды жұмыс берілсе және тағы әртүрлі кедергілері болады» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Иә, мен ізденіс үстіндемін. Олар қоңырау шалады, әртүрлі бос жұмыс орындарын ұсынады, менің біліміме сәйкес келетін саланы ұсынбайды. Жоқ, маған жалақым маңызды емес, менің ойымша, мамандық бойынша жұмыс істеу керек. Өсу, мансаптық өсу» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Бірақ мамандық бойынша кедергі болатын, ол манағыдай айтқандай, опыт работы сұрайды. Қазір университет бітіріп, жаңағыдай тәжірибе қайдан жинауға болады деп ойлаймын өз ойым» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мен өзімнің мамандығым бойынша әзірше жұмыс істемеймін. Маған көбіне сұрайтыны опыт работы және басқа тілді меңгеру. Қазіргі әрбір мекемеге үш тілді меңгеріп жүргені жақсы. Яғни үш тілді сұрайды көбіне, сосын опыт работы. Сол жағынан қиындық болып тұр» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

Сонымен қатар, көптеген адамдар жұмыспен қамту орталығының ұсынысы бойынша жұмысқа баруға келіседі. Жастарды ынталандыратыны – отбасын асырау, ата-аналарға қаржылық жүктемені жеңілдету қажеттілігі. Екінші жағынан, қатысушылар жұмыспен қамту орталықтарының ұсыныстарын қабылдауға дайын емес, өйткені олар мамандығы бойынша жұмыс істегісі келеді, білімі, белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі бар және оны өзгертуге дайын емес. Сондай-ақ жалақысы төмен еңбек жағдайлары жастарды қызықтырмайды.

«Келісемін. Өйткені маған жұмыс керек» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Мен де келісемін. Шақырса болды» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Менің есімім Айбек болады. Келісемін. Бізге енді жұмыс таңдайтын уақыт емес. Табылған жұмысқа да қалыс қалмауымыз керек» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Ата-ананың мойнына жүк салғаннан қандай жұмыс болса да келісетін едім, себебі бос жатқанша күнделікті ақша тапқан жақсы ғой» (әйел, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен келісер едім, бірақ тұрақты емес, ауыспалы» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

«Продавец-консультант болуға барар едім жұмысқа. Себебі олардың зарплаталары жақсы. Өйткені мен студент кезде жұмыс стегенім болатын. 300-400-ге дейін істеуге болады зарплатаны. Мен келісетін едім» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менде келіспеймін, өйткені өзімнің мамандығыммен жұмыс жасағанды жөн көремін» (әйел, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Мен келіспеймін. Себебі мен 2 жыл өзім мамандығым бойынша офисте отырып жұмыс жасап қалған адаммын және 4 жыл оқып жоғары білім алғандықтан, ондай жұмыс жасағым келмейді» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Мен мұндай жұмысқа шақырса келіспеймін. Себебі менің жиналған тәжірибем мынадай жұмыс жасауға арналмаған деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Мен мұндай қосымша жұмыстарға өз басым келіспеймін, өзімнің оқыған мамандығым бойынша жұмыс табылады деген үміттемін және де ондай ізденісте қазіргі таңда. Жастар практикасына жазылып қойдым. Және де одан хабар күтіп отырмын» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Жоқ. Маған лото сату менеджері, пәтер сату менеджері болу ұсынылды, бірақ мен мамандығым

бойынша барғым келеді. Әзірге такси қызметін ұсынамын» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жоқ келіспеймін ондай жұмысқа, өйткені көшеде күні бойы жүргізім келмейді ондай жұмыспен» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

Тұрмыстағы қыздар жұмыстан бас тарту себептері ретінде балалардың болуын және үй шаруашылығын жүргізу қажеттігін келтірді, сонымен қатар жұбайлары әйелдердің жұмыс істегенін аса құптамайды.

«Мен айтсам мен келіспес едім, себебі әлі менің кішкентай балаларым бар 3 ке толмаған, дәп қазіргі уақытта күн суытты бала ертіп жүріп сондай жұмыстар істей алмаушы едім» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен ондай жұмыстарға келіспеймін. Себебі жолдасым рұқсат етпейді» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

Жоғарыда айтылғандай, кейбір информанттар уақытша болса да жұмысы мен табысына қанағаттанды және оны өзгерткісі келмейді, өйткені қазіргі жағдай оларға қолайлы, коронавирусқа қатысты жағдай мен сақтық шараларын сақтау қажеттілігі қосымша атап өтілді. Информанттардың белгілі бір бөлігінде жұмысқа орналасу емес, оқу және білім алу басымдыққа ие.

«Мен де келіспеуші едім, жалпы менің ойым, келіспеу себебім, қазір карантин уақытында адам көпшілік жерде болу мен үшін қауіпті секілді. Енді мысалы карантин шаралары қатты емес әлсіреттік дегеннің өзінде де, сонда да, ол вирус бар, жоқ емес, түбімен жойылған жоқ, сондықтан сақтық шараларын әрине сақтаған дұрыс деп ойлаймын. Өзім интернет арқылы табыс табатын болғаннан кейін, мен келіспеуші едім деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жоқ. Себебі сіз такси қызметінде көп ақша таба аласың және өз машинаң болған соң, өзіңе жұмыс жасай аласың. Әрине, бұл менің көлігім емес, бірақ мен әпкеме күн сайын бірдеңе әперемін немесе жалдау ақысын төлеймін, бірақ жұмыс жағымды және әжептеуір ақша табуға болады» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, мен де келіспейтін едім. Өйткені себебі қазір ауылда шаруа қайнап жатыр, күздің күні қысқа қарай» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Егер олар маған қоңырау шалса, мен одан бас тартар едім, қазір басқа жоспарлар мен мақсаттар болғандықтан шығар, мені қазір қызықтырмайды» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

«Егер маған хабарласатын болса, мен келіспейтін едім, себебі мен оған мүдделі емеспін» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

6.3 COVID-19 пандемиясының NEET санатындағы жастардың жұмыспен қамтылуына ықпалы

Осыған дейін айтылғандай, пандемиямен байланысты төтенше жағдай режимі жастардың жұмыспен қамтылуына қатты әсер етті. Көбісі жұмыс орнының қысқаруы немесе жабылуы салдарынан жұмысынан айрылды, сондай-ақ пандемия және карантиндік шараларды енгізу қазіргі уақытта жұмыс іздеуге үлкен кедергі болып табылады.

«...карантинға байланысты сокращение болып біраз уақыт жұмыссыз болдым, енді заман талабына сай интернет арқылы табыс табамыз» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Ықпал етті. Жоқ біз айналысатын жұмыс тоқтап қалды» (еркек, қазақ, 21 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Карантин менің қызметіме қатты әсер етті, өйткені барлық мекемелер жабылды. Мен әзірге жұмыссызбын» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Иә, әрине төтенше жағдайлар орнату, сол карантин режимін орнату кесірінен мен жұмысымнан жаңағы қысқартылып қалдым» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Әрине осы пандемия маған қатты әсерін тигізді. Себебі өзімнің 3 жылдан бері жасап жатырған тұрақты жұмысымнан осы пандемияның кесірінен айырылдым. Ал нақты жұмыс ретінде қазір кедергі болып тұрған осы пандемия» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Қазір енді басты кедергі, ол пандемия. Пандемия басталғаннан бері көп мекемелер жұмысын тоқтатты. Соған байланысты қазір енді жұмыс табу қиын болып, осы пандемия кесірінен жұмыс болып тұр қазіргі жастарға» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«ТЖ енгізу, иә, әсер етті, бірақ бұл менің жұмысым маған сәйкес келе ме деп ойлануға мәжбүр етті» (әйел, қазақ, 23 жас, Қарағанды облысы).

Төтенше жағдай режимі мен шектеулер енгізілгенге дейін белгілі бір бөлігі бос болмағандықтан, пандемия олардың кәсіби қызметіне әсер етпеді. Алайда, бұл күнделікті өмірге әсер етті: хобби, тұрмыс, баланы балабақшаға беру мүмкіндігі.

«Жұмыс саласында карантин маған әсер еткен жоқ» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«...карантин маған ешқандай әсер еткен жоқ, өйткені мен еш жерде жұмыс істемеймін» (әйел, ұрандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

«Мен биге бардым, бірақ пандемияға байланысты клуб жабылды, енді үйде отырамын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Карантин әсер етті, мен түнде тамаққа тапсырыс бере алмадым, бары осы. Мен басқа ештеңеден қысылған жоқпын, осы карантин ғана. Дүкен аралай алмай қалдық деген сияқты нәрселер. Бары осы» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің жұмысыма емес, балама, садикке беруіне» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің жұмыс жоспарымда да қиындықтар болған жоқ, тек баланы саябақтарға, бассейндерге, басқа жерлерге апарғым келеді. Ал жұмыс тұрғысынан әсер етпеді» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен Әйгеріммен, қыздармен келісемін, баланы балабақшаға апарғым келеді, сол балалармен ойнап, араласса деймін. Үйде жалғыз, айналысатын ісі жоқ. Өзім де жұмысқа шықсам деймін. Бала өзімен өзі болғандықтан, айналысатын ісім қалмады деуге болады» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

6.4 Жұмыс іздеудің тиімді әдістері

Белсенді жұмыс іздеу – жастардың NEET санатынан сәтті шығу факторларының бірі. Мәселен, аустриялық ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әртүрлі тренингтерге қатысып, қосымша білім алу арқылы жұмыс іздеу Аустрияның NEET жастарының 32-ден 47 пайызға дейін дәрежесінің өзгеруіне ықпал етті.¹¹

Информанттардың пікірінше, жұмыс іздеудің ең тиімді әдісі – Интернеттің мүмкіндіктерін пайдалану. Бұл тұрғыда жастар арасында ерекше танымал әлеуметтік желілердегі топтарды, Instagram-дағы мақсатты жарнамаларды көрсетуге болады. Сонымен қатар, жұмыс іздеу бойынша Интернет-сервисстердің мүмкіндіктері атап өтілді, онда ізденушілер онлайн-түйіндеме толтырады, олардың арасында

¹¹Bacher, Johann & Tamesberger, Dennis & Leitgöb, Heinz. (2014). Not in Education, Employment or Training: Causes, Characteristics of NEET-affected Youth and Exit Strategies in Austria working paper A

HeadHunter ерекше атап өтілді. Сонымен қатар, информанттар дәстүрлі формат – сайттардағы хабарландырулар туралы да айтты.

«Жұмыс табудың ең тиімді әдісі Интернет арқылы іздеу деп ойлаймын» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Телефоннан қарап, интернеттен қарап, сол арқылы табуға болады» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Жұмысты интернет желісі арқылы Instagram, Instagram-ның оның ішінде («Вакансия Атырау», «Работа Атырау») ішінен көбінесе іздеймін. Уақытша жұмыстарды содан тапқанмын. Әрине бұл тиімді деп ойлаймын қазіргі таңда интернеттен тапқан» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Жаңағы айтқандай өз органдарына барған дұрыс және де көбісі интернет желі де болады ВК-да, Instagram сайттары болады страницаларда жұмысшы керек, андай жұмыс деп салып отырады, сол жерлерді де қараған дұрыс, қарауға болады» (еркек, қазақ, 18 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менің ойымша, Instagram. Сториз, жарнама қояды, себебі, жастар негізінен Instagram-да отырады. Және Instagram қарап отырып, қандай да бір жарнамаға кезігуге болады. Жұмыс берушілер жұмысшы іздейді, қарап отырып тауып алуға болады. Мен өзім де бір кездері солай орналасқан болатынмын» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің ойымша, А. HeadHunter немесе басқа агенттіктерді жоғары бағалайтынын айтты, иә, мен онымен келісемін, өйткені олар қазір өте танымал, сондықтан пәрменді» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Жұмыс іздеудің ең тиімді әдісі - газеттер, Олх сияқты сайттар» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

«Әртүрлі сайттар арқылы, мысалы, JOOBLE, HeadHunter...» (әйел, қазақ, 19 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің ойымша HeadHunter – бұл өте жақсы нұсқа, меніңше. Жеке өзім ойлаймын, өйткені қазір бәрі интернет арқылы. Сондықтан, осындай қосымшалар арқылы, OLX, HeadHunter арқылы, менің ойымша, XXI ғасыр үшін ең қолайлы әдіс, интернет арқылы» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Жастардың белгілі бір бөлігі үшін таныстар, туыстар арқылы жұмыс іздеу ең тиімді әдістердің бірі болып табылады, өйткені бұл жұмысқа орналасудың көп таралған және қауіпсіз әдісі. Сонымен қатар, информанттар аймақтарда кейде таныс арқылы жұмыс табу жалғыз ұтымды тәсіл екенін атап өтті.

«Жұмыс іздеу тәсілдері. Таныстар арқылы шығар, өйткені азды-көпті тексерілген, болмаса хабарландырулар арқылы» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Сосын таныс арқылы да мысалы бәріміз де туыс бар деген сияқты, таныстар арқылы жұмысқа кірсең онда тұрған ештеңе жоқ деп есептеймін» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Таныс арқылы орналасу, басқа жолдары қиындау енді. Не болмаса ақша болу керек деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Иә, менде таныс арқылы деп ойлаймын. Себебі қазір интернеттен табатын болсаң, ол жерде алданып қалуың мүмкін. Таныс деп ойлаймын ең тиімдісі» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Тиімді негізі электронды жаңағы резюме тастау деп ойлаймын. Бірақ біздің өңірде, бізде негізі таныс құртады барлығын. Сол үшін жұмысқа тұра алмай жүрген қаншама жастар бар. Білімі болып тұрса да алмайды. Өйткені таныс болмаса, болмайды» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Менде солай таныс арқылы деп ойлаймын. Онсыз қазір жұмысқа алмайды өңірлерде» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Ең тиімді әдісі – барлық нәрседен хабар бар сондай бір кісілер бар ғой айналамызда, барлығын жайғастырып жүретін. Сол кісілерге бір айтсаң, 5 минутта жұмыс тауып беретін шығар, одан басқасын

білмеймін» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

Сондай-ақ, информанттар жұмыспен қамту орталықтарының жұмыс іздеуде өте тиімді екенін айтты, өйткені орталықтарда бос жұмыс орындары туралы дайын тізім бар.

«Менімше ең біріншіден Центр занятость деп айтады ғой, соған айтып өзіңнің жұмыссыз екеніңді айту керексің, сол жерге барып тіркелу керексің. Ол жерде, әрине, адамдар біз сияқты жұмыссыздарға жұмыс тауып беру үшін отырған адамдар, сондықтан, ең бірінші сонда обращаться еткен дұрыс деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Менің ойымша жұмыспен қамту орталығына бару керек себебі ол жерге барсаңыздар кәдімгі списокпен тұрады, осындай заведениеге осындай адамдар керек деп. Жұмыспен қамту орталығына барсаңыздар тура өзіңізге керек жұмысты табасыз деп ойлаймын. Өзім сол жерге барсам деп ойлаймын егер жұмыс керек болса» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылар түйіндеменің жұмыс іздеушілерді қызықтыратын компанияларға, кәсіпорындарға өздері апарып беруі де нәтиже бере алатынын атап өтті.

«Бірақ ең тиімдісі мен ойлаймын жеке сол компанияларға барып, резюмеңі апарып танысқан жөн деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Мен де қосамын, менің ойымша, Head Hunter, сондай-ақ жұмыс берушінің веб-сайтына кіруіңіз керек, олар әрқашан өзекті лауазымдарды қояды. Көптеген компаниялардың сайттары бар және менің ойымша, олар лауазымдарды жаңартып отырады» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, сол нені қолдану керек, жаңағы интернет желісін, сосын резюме тастау керек өзіне мысалыға ұнайтын жеріңе мекеме болады ғой. Қай жері банк саласы ма, вот сол жерге апарып бересің резюме-леріңді. Электронды почтасына жібересің сол арқылы, егер оларға қажет болса әрине жақсы мамандар алады» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Сондай-ақ, информанттар жұмыс іздеу үшін барлық әдістерді қолдану керек деген пікір білдірді. Ең бастысы – тұрақты іздеу және белсенді болу.

«Мен енді жұмыс іздеу дегеннің жақсы әдісі енді ізденіс қой. Біреуге манағы біреуден хабар күтіп емес, өзі ізденіп манағы, әртүрлі жұмыстардың жолдарын қарап, хабарласып деген секілді ізденіс деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Тиімді дегенде мен ойлаймын барлық жағынан да тиімді. Әлеуметтік жағынан да немесе өзің барсаң да. Мен көбіне әлеуметтік желілерден қараймын, және де сол арқылы резюмемді жіберемін. Және сонымен қатар өзім барып, жолығып сөйлесемін» (еркек, қазақ, 22 жас, Атырау облысы).

«Барлық жағынан да тиімді деп ойлаймын менде де. Жұмыс іздеудің барысында кез келген жағынан қарап көру керек» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

Жұмыспен қамтылмаған жастардың бір бөлігі өз өңірлерінің жұмыспен қамту орталықтарында тіркелмеген, бұл ретте қазіргі уақытта жұмысқа орналасуға мүдделі емес немесе жұмыс іздеудің неғұрлым тиімді тәсілдері бар екенін атап өтті.

«...жоқ, мен ешқандай жұмыспен қамту органдарында тіркелмегенмін» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен қандай да бір жұмыспен қамту органдарында, ұйымдарда жұмыссыз адам ретінде тіркелме-

генмін» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен еш жерде, ешқандай жұмыспен қамту органдарында немесе агенттіктерде тіркелмегенмін» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Жоқ, мен қазір жұмыспен қамту органдарында да, қандай да бір агенттіктерде тіркелмегенмін, өйткені маған жұмысқа мұқтаж емеспін, яғни мен бар болғаны 17 жастамын» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен еш жерде, ешқандай жұмыспен қамту органдарында тіркелмегенмін, өйткені интернеттен басқа тәсілдермен жұмыс табуға болады» (еркек, қазақ, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Мен ешқайда тіркелген жоқпын. Былай өзім іздеп жатырмын жұмысты» (әйел, қазақ, 27 жас, Атырау облысы).

«Мен тіркелген жоқпын. Мен декретке дейін жұмыс істедім. Менің өз орным бар» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Сонымен бірге, жастардың басқа бөлігі жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген немесе тіркелуді жоспарлап отыр, өйткені тіркелген адамға жұмыссыздық бойынша мемлекеттен көмек алуға мүмкіндік бар. Екінші жағынан, тіркелген сәттен бастап өтініш берушіге жұмыс туралы ұсыныстар түспегені айтылды.

«Иә, мен Жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелдім» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мен де Жұмыспен қамту орталығында тіркелгенмін» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Осы күнге дейін Жұмыспен қамту орталығына тіркелдім. Бірақ ешқандай хабар жоқ» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Иә, мен тіркелдім, бірақ мен осы аптада барғым келді, бірақ реті келмеді. Баламен отырдым, әйелім емханаға емделуге барды. Келесі аптада, егер жол түссе, барамын. Менің досым тіркелген еді, оған жалақы немесе зейнетақы аударымдарының қандай да бір пайызы төленетін болды. Кем дегенде жарты жылға уақытша шешім ретінде, менің қанша уақыт жұмыс іздейтінім белгісіз. Себебі әзірге жұмыс бойынша ұсыныстар жоқ, келесі аптада тіркелемін деп отырмын» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

6.5 Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бастамаларға көзқарас

Мемлекеттің жұмыссыздықпен күрес және NEET жастарына көмек көрсету жөніндегі бастамаларының бірі жергілікті деңгейде жастардың осы санатын есепке алу базасын құру болып табылады. Зерттеуге қатысушылардың көпшілігі бұл бастамаға қолдау білдірді, бұл бір жағынан жастарға жұмыс табуға көмектеседі, ал екінші жағынан жас ұрпақ арасында девиантты мінез-құлық мәселесін шешуге көмектеседі.

«Менің ойымша, өздері бір нәрсеге қол жеткізгісі келетін, өздеріне бір нәрсе сатып алғысы келетін және сол ақшаны өздері тапқысы келетін жастар бар. Мен мұны керемет деп санаймын. Жастарда өз күнін өздері көруге, қандай да бір қалауларын сатып алуға және басқа да тілектеріне ақша табу мүмкіндігі болғаны жақсы» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Менің ойымша, жастардың осындай мәліметтер базасы қажет» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Мен осындай базаның болуын қолдаймын, себебі жастар іспен айналысып, оларға жұмыс табуға көмектессе, жұмысқа орналастыру бойынша жәрмеңкелер ұйымдастырса жақсы болар еді. Менің ойымша, мұндай база жастарға көмектесу үшін қажет. Өз бетінше жұмыс таба алмайтындар немесе

жұмыс істегісі келетінін, бірақ не істейтінін білмейтіндер бар, мұндай база оларға көмектесе алады» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Жастардың мәліметтер базасы, менің ойымша, бұл ыңғайлы. Себебі көп адамдар не істеу керектігін және жұмысты қалай табуға болатынын білмейді. Осылай тиімдірек болуы мүмкін» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

«Бұл деректер қорын құрылуына тек жұмыссыз жастарды тіркеп қоймай, жұмыс табу жағынан да көптеп көмегін тигізеді деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Халыққа пайдасын көрсететін әрбір іс шараның өзі дұрыс деп есептеймін себебі пайдасын тигізетін болса қоғамға адамдарға жақсы жағынан әсер етсе әрине ол пайдалы деп есептеймін, ондай нәрселердің бар болғаны дұрыс деп есептеймін» (әйел, қазақ, 20 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Өз ойым дұрыс деп ойлаймын. Банағыдай айтып жатырсыз ғой нашақорлық сияқты, букмекерге ставка салатын жастардың банағыдай мүмкіндігі болады да өзгеруге, кішкене көмек болады, пайдасы зор болады деп ойлаймын өз басым» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

Өңгімелесу барысында осы бастаманы енгізу бойынша белгілі бір ұсынымдар айтылды, олар жастар арасында деректер базасы туралы, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы ақпаратты тарату мәселелерін қозғады, сондай-ақ жоба шеңберінде қосымша психологиялық көмек ұйымдастыру ұсынылды.

«Иә, иә жүргізу керек деп ойлаймын. Өйткені олар өмірден қалып қойған бір жастар болуы мүмкін, бір алға қойған мақсаты жоқ. Оларға бір не болу керек, арнайы бағдарлама ма, бұлармен или психолог жұмыс істеуі керек па, олар неге ондай қалып қойған, неге қоғамнан оқшауланып қалған деген соны анықтау керек қой» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

«Менің ойымша, егер олар оны ашқысы келсе, онда алдымен оны жарнамалап, бәріне айту керек. Себебі неше түрлі ашылып жатыр, бірақ көптеген адамдар оны білмейді. Мазмұны қызықты контент болуы керек, адамдар өздері жазылып, күтіп отыруы тиіс» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Иә, мен жақсы идея деп санаймын. Меніңше, қазір, әсіресе пандемия кезеңінде, күрделі кезең туғанда, менің ойымша, бұл ең қолайлы шешім болады. Instagram-да да жарнамалауға болады. Әлеуметтік желілерде адамдар көп отырады» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

Сонымен бірге, информанттар ұсынылған жобаға скептицизм мен сенімсіздік білдірді. Информанттар жоба жақсы және қажет деген пікір білдірді, бірақ оның іс жүзінде тиімді жүзеге асырылуына күмән келтірді.

«Иә, мен бұл қажеттілікті тікелей көре алмаймын. Негізінде жұмыс жеткілікті. Ең бастысы, егер сіз жұмыс істегіңіз келсе – таба аласыз. Ал жастардың деректер базасын құру жөнінде мен бұған сенімсіздікпен қараймын. Жалпы, мен бұл идеяға қарсымын» (еркек, қазақ, 28 жас, Қарағанды облысы).

«Иә, иә, мен қолдар едім. Тек қағаз жүзінде қалып кетпесе екен. Не болмаса оқуға орналастыру керек, не жұмысқа» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Шынайы көмектесетін болса мемлекет тізімге алуы керек, ал жайдан жай болса оның қажеті жоқ деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

«Ондай тізім қажет болса да қажет демеймін, бірақ енді бізде мына тізімде тұр екенсің деп жұмыс ұсынады деген қиын-ау!» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

Жастарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу үшін бірнеше бағытқа назар аудару қажет: біріншіден, көбірек жұмыс орындарын ашуды көздейтін жұмыспен қамту мәселесі (мысалы, жұмысқа жастарды ғана алатын зауыттар мен фабрикалар); бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін тұрақты негізде өткізу, жұмыс тәжірибесі мәселені шешу (оқуды аяқтағаннан кейін практиканы ұйымдастыру); зейнеткерлерді зейнет-

ке шыққаннан кейін жұмыс орындарын босатуға міндеттеу; жазғы уақытта 9-сыныптан бастап жастарды жұмысқа орналастыру практикасын енгізу, бұл дербестікті, жауапкершілікті дағдыландыруға және еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді; сондай-ақ түлектер арасында тарату үшін бос жұмыс орындарының тізімін тікелей университеттерге, колледждерге жібере алатын оқу орындары мен кәсіпорындар арасындағы өзара іс-қимылды күшейтеді.

«Мемлекеттің шаралары. Меніңше, бұл жалақының тұрақтылығы, ең алдымен қалыпты жұмыс. Яғни, олар тәжірибемен жұмысқа қабылдауы керек, иә, бірақ көбінесе тәжірибесі жоқ адамды мүлдем қабылдамайды. Адамдар бірдеңе қып үйрену керек» (әйел, орыс, 17 жас, Қарағанды облысы).

«Қандай шаралар, мүмкін жұмыс тәжірибесі деген критерийді алып тастау керек шығар, өйткені оқудан кейін, жұмыс тәжірибесі қайдан болсын. Айтарым осы» (еркек, қазақ, 21 жас, Қарағанды облысы).

«Үкімет не істеуі керек, менің ойымша, 9-сыныптан бастап, күніне екі сағат немесе аптасына екі күн, Еуропа мен АҚШ-тағы сияқты, жасөспірімдерге жұмыс ұсыну керек, өйткені бұл жасөспірім кезінен бастап жұмыс істеуге дайын және бұл қалта шығындарын табуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ата-аналардан еркіндік пен тәуелсіздік сезімін береді» (әйел, орыс, 18 жас, Қарағанды облысы).

«Жұмыспен қамту үшін көп жұмыс орындарын ашып, жастарға жаңағы жұмыс жасауға мүмкіндік беру керек» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Біздің елде киім тігетін фабрика ашылса немесе бір завод ашылса жұмыс орны көбейеді деп ойлаймын. Және біздің жастағы 18-ден бастап 25 аралығында жастарды алса, ол керемет мүмкіндік деп ойлаймын жұмыс жасауға» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Мысалы мен ойлаймын университет, колледж бітіретін мамандардың арнайы тізімі болса сол арқылы жастар диплом алған кезде жұмысқа шақырса сонда жастар тезірек жұмыс тауып тәжірибе алып жақсы табысқа жетер еді. Университеттер пен колледждер кәсіпорындармен жұмыс беруші органдармен тікелей байланыста болу қажет, соны мықты дамыту керек деп санаймын. Мысалы, кейбір балалар жастар жұмыспен қамту бөлімі бар екенін де білмейтіндер бар, мысалы, сондай барма еді деп сондайға барып тұруға болады ма деп таңқалып сұрап жатады. Сондықтан жарнама, реклама дейміз ғой, сол көп болу керек және де вакансия, бос орындар жәрмеңкесін үнемі ұйымдастырып отыру қажет» (әйел, қазақ, 28 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Ярмарка вакансий жаңағы көбірек ұйымдастыру керек деп ойлаймын және де біз оқу орнын бітіреміз ғой, диплом алған кезде әр мекемеден запрос жіберсе. Осындай осындай бала бітірді деп биыл осындай орындар бос деп список жіберсе жақсы болар еді» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Тұрақты жұмыс орындарын көбейту керек деп ойлаймын. Сосын зейнеткерлік жасқа шыққан жұмысшыларды уақытылы зейнетке шығарса!» (әйел, қазақ, 23 жас, Түркістан облысы).

Екіншіден, білімге назар аудару қажет, өйткені жұмысқа орналасу үшін критерийлердің бірі - білімнің болуы: гранттар санын көбейту, оқу ақысын төмендету, жеңілдіктер жүйесін әзірлеу, оқу кезінде өндірістік тәжірибе жүйесін жақсарту, қайта даярлау, жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін мамандықтар бойынша қысқа мерзімді тренингтер мен курстар ұйымдастыру.

«Жастарды жұмыспен қамту үшін енді көптеген, мысалы, грант сияқты шаралар ұйымдастырса, мысалы үшін жастар кішкене сол грантта ұтып алып, шығарған заттарынан, өнімдерінен мемлекетке пайдасы тиіп, экономика көтеріліп дальше әрі қарай тағы да сол сияқты нәрселер болса, жастар қызығатын болады» (еркек, қазақ, 25 жас, Түркістан облысы).

«Мен ең бірінші шара ол – білім беру керек деп ойлаймын. Өйткені, білім ала алмай жүрген қаншама азаматтар бар. Ең болмаса бар ғой білім алу үшін жеңілдіктер жасау керек. Сосын тұрақты жұмысты көбейту керек, орындарын және жаңағы мемлекеттік гранттарды көбейту керек» (әйел, қазақ, 26

жас, Түркістан облысы).

«Білімнің бағасын төмендетсе, яғни, жастарға білім болмаса, ол әрі қарай жұмыс істей алмайды ғой. Енді былайша айтқанда, сол» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

«Мемлекет оқу орындарында практика жағын қолға алуға көмектессе. Мысалы, дәрігер ме ол дәрігерге лаборатория қажет, мысалы жас студентке ше. Сол жағынан көмектессе, білікті мамандар шығады ғой» (еркек, қазақ, 19 жас, Түркістан облысы).

«Мемлекет қандай шаралар қабылдауы керек, тез мамандық алу үшін қысқа мерзімді курстар ұсынуға болады, мысалы» (әйел, ирандық, 19 жас, Қарағанды облысы).

«Шаралар... менің ойымша, мемлекет түрлі салалар бойынша курстар құра алады. Және жастарды қолдау керек» (әйел, қазақ, 20 жас, Қарағанды облысы).

«Және де жастарға көбінесе жұмыспен қамту үшін жаңағыдай көптеген осындай жаңағыдай онлайн сабақтар. Оқыту түрлері және де көптеген мамандықтарды тез және оңай түрде игеріп алу курстарын көптеп үйретіп және де соған қарай биімдеп, жұмыспен қамту керек деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

Үшіншіден, жастар арасында жұмысқа орналасу мүмкіндіктері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына да назар аударуды талап етеді: бірыңғай платформа, жұмыс іздеу және бос жұмыс орындары туралы ақпарат сервисі; әлеуметтік желілер, смс-хабарламалар және т.б. арқылы бар алаңдарды жарнамалау.

«Меніңше, «Еңбек» сияқты қандай да бір платформа құру керек деп ойлаймын. «Еңбек» немесе... міне, 42500 берген кездегі сияқты, міне, осындай, заманауи нәрсе. Head Hunter сияқты қосымша немесе Instagram-да жарнамалау керек, Instagram дұрыс шығар, өйткені адамдар Instagram, ВКонтакте желілерінде отырады, сондықтан олар кем дегенде біліп отырады. Меніңше, әлеуметтік желілер арқылы жасау қажет» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Сол құсап, сол деңгейде осы платформаны әлеуметтік желілерде, тіпті YouTube-те де насихаттау керек. Видео көріп отырсаңыз, менің ойымша YouTube-та көп адам отырады, сол кездің өзінде бір видео көріп болғанша, 3-4 жарнама шығады. Және дәл өзің көретін мазмұн шығады. Сондай-ақ, жұмыссыз адамдар, біреу көреді, ол өзінің досына осындай платформа бар деген сілтеме тастай алады, Google арқылы қараса болады. Бұл да көмектесуі мүмкін, көп адам жұмыссыз отырады. Әлеуметтік желілер арқылы бір біріне жіберетін еді» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Әрине, платформа жасалса, бәрі қызықты болады деп ойлаймын. Тіпті біреуден бірдеңе сұраудың қажеті жоқ және т.б. Өзің бірден осы платформаны таба аласың және өзің үшін қажеттінің бәрін таба аласың» (әйел, орыс, 16 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Енді бос жұмыс орындарын ұсынып отырса, оны жастар дер кезінде біліп отырса. Қалай біліп отырады? Оларға смс жолдау керек па, звондап айту керек па, мынандай жұмыс шығып тұр, жалақысы мынандай деп. Ол жерде жалақысы да маңызды әрине, мысалы бағана айттыңыз ғой флайер тарату, андай-мұндай тарату, үйту-бүйту. Ол жұмыстардың жалақысы аз болғаннан кейін оны ешкім істегісі келмейді» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Информанттар мемлекеттік жастар саясатын жақсарту жөніндегі өз ұсынымдарында жастардың жұмыспен қамтылу мәселесін шешу қажеттілігін тағы да атап өтті: жұмыс орындарын ашу, қысқа мерзімді шетелдік еңбек сапарларын ұйымдастыру, жұмысқа орналасу кезінде жұмыс тәжірибесінің болуы турасындағы мәселені шешу.

«Қандай шаралар қолдануға тиіс дегенде сол манағы айтып кеткендер ғой. Вакансияларды көбейту керек, ярмарка вакансий. Пенсионерлердің жаңағы пенсияға шыққан адамдар да пенсияда отыра береді,

соларды. А пенсияға шыққандар жұмыста отыра береді. Соны дұрыстап қадағалау керек деп ойлаймын, сол жастарды жұмысқа алу үшін» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Менің ойымша, кім зейнетке шығады, ересек адамдар ғой, зейнетке шығып, орнын босатуы керек. Жұмыстан кетуі керек, өйткені қай жерде болмасын жас кадрлар, жұмысқа деген жаңа көзқарас, креативті шешімдер керек» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жоғары оқу орындарындағы студенттер соңғы курсты тамамдап жатқан кезде практикаға жібереді, яғни тәжірибе алмастыру үшін. Ондай жағдайда жоғары оқу орны мен белгілі бір мекемелер өздерінің арасында договор жүргізуге болады. Яғни белгілі бір мамандық бітірген студентті сол мекеме сразу жұмысқа қабылдайтындай қылдырып» (әйел, қазақ, 18 жас, Атырау облысы).

«Мысалы, егер бір компания 150-200 мың жалақы төлей алмаса, мысалы, компания 60-70 мың төлейді, қалғанын мемлекет қосады. Мысалы, әртүрлі бағдарламаларға көп ақша салу керек. Алдымен адамдарға төлеңіз. Иә, жаңадан келген маманды ешкім алғысы келмейді, одан тәжірибе талап етіледі, ол жұмыс істеп көрмеген болса, тәжірибе қайдан болсын. Барлығы тәжірибе талап етеді» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Менің ойымша, мемлекет біз білетін ірі компаниялармен, сондай-ақ осындай компаниялармен байланысып, оларды бос орын беруге міндеттеуі керек. Ал, тиісінше, жалақы... адамдар негізінен қайда барады, жалақы қайда көп болса, сол жерге ұмтылады. Егер бұл бастаушы маман үшін және оның саласы үшін жақсы жалақы болса, менің ойымша, адамдар сонда барады. Сондықтан, ол осы кестені оқумен үйлестіре алатындай етіп жасау керек. Егер ол түсте оқитын болса, онда таңертең жұмыс істесін. Сонда ол жұмыс та істейді, оқуын да оқиды, бұл жақсы болар еді» (еркек, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен жастарға инвестиция салу керек деп санаймын. Яғни, Болашақ арқылы шетелге жіберу емес, шетелмен жұмыс бойынша апталық алмасу ойластыру қажет» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мемлекет жастарды қолдау үшін қандай шаралар болғанда енді, жаңағы жоғарыда айтылғандай жұмыс орындарын көбейту керек. Жастарға именно. Қазіргі уақытта көп жерде сокращение болып жатыр. Мысалы госслужбаның өзінде қырғын сокращение болады деп жатыр. Дұрыс сондай жұмыстарды наоборот қысқартпай одан сайын көбейту керек деп ойлаймын» (еркек, қазақ, 28 жас, Атырау облысы).

«Мен қоссам бола ма? Әзірге студенттер университетте қыркүйектен мамырға дейін қалыпты уақытта оқиды, жазда олар әртүрлі компанияларда тағылымдамадан өте алады және мемлекет компанияларды студенттерді барынша шақыруға қолдау көрсетіп, міндеттеуі керек. Сонда болашақта студенттерге жұмысқа орналасу оңайырақ болар еді. Себебі оларда қандай да бір тәжірибе болады» (әйел, қазақ, 26 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Жастардың тәжірибесі болмағандықтан айлықтары аз. Сол үшін айлықтың мәселесін көтерсе!» (әйел, қазақ, 27 жас, Түркістан облысы).

Қатысушылар өңірлер мен ауылдарда жастарды қолдау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру қажеттілігін ерекше атап өтті, өйткені, әдетте, мұндай бағдарламалар ірі қалаларға баса назар аударады.

«Үкімет әрине жастарды қолдау керек. Ұйымдар ашу керек жастар жағына. Қазіргі таңда бізде үкімет жағынан жастарға деген көмек шыны керек өте төмен. Тек қалаларда жүреді жастар, районда ондай аты да жоқ, сондықтан көп естіген жоқ ондай бағдарламаларды» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

«Жастар жағын қолдау керек ауылдық жерлерде. Жастар көп қой. Соларға жұмыс тауып беріп, тегін оқу нетіп. Соларды жастарды қолдау керек» (еркек, қазақ, 17 жас, Атырау облысы).

Жастардың пікірінше, жастар саясаты бағыттарының бірі жас кәсіпкерлерді қолдау болуы керек: бизнес

ашуға, кеңес беруге көмектесу; сондай-ақ тұрғын үй мәселесін шешу: жас мамандарға жеке тұрғын үй сатып алу үшін арнайы бағдарлама ұйымдастыру. Бұл ретте, әдетте, мемлекет әлеуметтік сала қызметкерлерін қолдайды, ал басқа сала қызметкерлері осы бағдарламалардан тыс қалады.

«Қазіргі жастар көбінесе бизнес ашқысы келеді да. Сол бизнес ашуға тоже ешқандай көмек шаралар жоқ. Тек қана бір «Даму» деген компанияны білемін, которая көмектесетін. Ал Қазақстанда ол өзі жеке бизнес ашу қиындау қазіргі жастарға. Соған да көмек берсе жақсы болар еді деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 24 жас, Атырау облысы).

«Өз ойым манағыдай жастарға бизнес-тренингтер, курстар дегенім, соларды ашып, оқытсын жастарды» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

«Иә, пәтер жалдауға жұмсайды, сондықтан ипотеканың шараларын белгілі жаңадан тұрған жас мамандарға деп арнап сондай санатты бөліп берсе, қазіргі көбінесе әлеуметтік санаттарға мүгедектер жас отбасы дегендер көбінесе ал енді ғана университет бітіріп жұмысқа орналасып жатқан жас мамандардың жағдайын мемлекет көп ойлай қоймайды, көбінде ата-анасы көмектесіп жатады, бірақ сонда да осынша жасқа кеп ата-анаға жүк салып отырған олда дұрыс емес деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Мен айтайын, қазір тұрғын үйлерді көбінесе мұғалімдер мен медсестраларға, врачтарға ғана береді, соны жалғыз медсестра мен врачтарға ғана емес, тағы да басқа мамандықтағы нелерге де берсе деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Иә, сіздің айтқаныңызбен толықтай келісемін, себебі басқа да мамандық иелері бәріміз әлеуметтік жағынан бірдей болсақ та, көбінесе сондай востребованный мамандықтарға көп көңіл бөлінеді, бәріне бірдей көңіл бөлінсе деген ойдамын» (әйел, қазақ, 25 жас, Шығыс Қазақстан облысы).

«Жастар тұрғын үй мәселесін шешіп берсе» (әйел, қазақ, 18 жас, Түркістан облысы).

«Өз ойым манағыдай жастарға бизнес-тренингтер, курстар дегенім, соларды ашып, оқытсын жастарды. Және жұмыс беріп, қамтамасыз етіп көмектессе, ол пайдасы зор деп ойлаймын» (әйел, қазақ, 21 жас, Атырау облысы).

НЕЕТ санатындағы жастардың пікірінше, қазақстандықтардың жас буыны да білім беру саласында мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді. Сонымен, оқу ақысын төмендету немесе тегін жоғары, орта арнайы білім беру жастардың оқуға және жұмысқа деген ынтасын арттыруға, сондай-ақ олар қызығатын мамандықтарға түсуге ықпал етеді, бұл болашақта жұмысқа орналасуға оң әсер етеді.

«Меніңше, білесіз бе... білімді ақысыз етуге болады деп ойлайсыз ба? Өзіңіз ойлаңызшы, мысалы, осы жерде оқы бітіресің, белгілі бір салада маман боласың, осы жерге, осы елде тұратын адамдарға, өз отаныңызға қызмет етесің, ал неліктен өз отаныңда тегін оқи алмайсың? Ал, егер шетелге кетсең, онда ақша төлейсің, ал егер өз жеріңде болсаң, бұрынғыдай болса, медицина да, оқу да тегін. Оқуға түссең түстің, түспесең әскерге алып кетеді. Менің ойымша, егер білім тегін болса, онда бұл мемлекет тарапынан жастар үшін жақсы үлес болар еді» (еркек, қазақ, 23 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мысалы, біреу сәулетші болғысы келеді, одан жақсы сәулетші шығады, бірақ оған жоғары балл қажет. Ақылы оқуға мүмкіндік жоқ, ол қайда түсе алса, сонда бара салады. Барлығы физиканы қазір тапсырады. Меніңше, жақсы кадрлар осылай жоғалады. Тегін білім беру де жақсы көмек» (әйел, қазақ, 25 жас, Нұр-Сұлтан қ.).

«Мен айтар едім ол үшін мемлекет жаңағы білім сапасын арттырса, талап етсе білімді болып шығуын, қадағалап. Білімді болып шықса кез келген жерге орналаса алады, әйтпесе өз кәсібін істейтін болса да, ол уже білімі жетеді. Бірінші кезекте білім сапасына мән берсе!» (еркек, қазақ, 26 жас, Түркістан облысы).

Қорытынды

NEET санатындағы жастар бос уақытын достарына, туыстарына және жақындарына, сондай-ақ өздерінің әуестіктеріне бөледі, сондай-ақ, олардың бір бөлігі өзін-өзі дамытуға уақыт пен көңіл бөлетінін атап өтуге болады. Әдетте, жастарда спорттық, шығармашылық хобби бар, ал декреттік демалыста жүрген қыздардың бір бөлігі өздерінің хоббиін табыс көзіне айналдырды.

Жоғарыда айтылғандай, жастарда белгілі бір дәрежеде уақытша, маусымдық жұмыспен қамту, штаттан тыс жұмыс, жеке шағын бизнесті жүргізу есебінен табыс көздері бар. Бұл ретте, бір бөлігі, жалпы, өзінің қазіргі жұмыспен қамтылған саласында дамуға деген ұмтылысын атап өтіп, өзінің жағдайына қанағаттанады. Алайда, екінші жағынан, бір бөлігі тұрақты жұмысқа орналасқысы келеді. Жұмысқа орналасуға: жұмыс тәжірибесінің болмауы, ізденушінің мамандығы бойынша еңбек нарығындағы ұсыныстардың тапшылығы, еңбек жағдайлары мен жалақысы, жұмыс орнын иелену үшін біліктіліктің жетіспеушілігі кедергі болады. NEET жастары арасында мамандандырылған сайттар арқылы өз бетінше іздеуден бастап, туыстары мен таныстарына көмек сұрауға дейін жұмыс іздеудің әртүрлі тәсілдері жиі кездеседі.

Пандемия жастардың жұмыспен қамтылуға әсер етті. Біріншіден, коронавирустық пандемия, шектелулердің енгізілуі кәсіпорындардың экономикалық белсенділігіне әсер етті, бұл жастардың жұмыс орындарының жоғалтуына әкеп соқты. Екіншіден, пандемия, карантиндік шаралар қабылдау қазіргі уақытта жұмысқа орналасудың қиындауына ықпал етеді.

Жұмысы жоқ және оқымайтын жастардың пікірі бойынша мемлекет жұмысқа орналастыру (жұмыс орындарын көбірек ашу, жұмыс тәжірибесін талап ететін мәселені шешу, бос жұмыс орындары мен мүмкіндіктер туралы хабардарлықты арттыру); білім беру (тегін білім беруді енгізу, гранттар санын көбейту, тренингтер мен курстар өткізу); әлеуметтік, қаржылық қолдау (тұрғын үй, жастар кәсіпкерлігін дамыту, материалдық қолдау мәселелері) мәселелерінде шешуі тиіс.

Қорытынды

Қазақстанда NEET санатындағы жастар еңбекке жарамсыз, сондай-ақ экономикалық белсенді емес жастардан тұрады. Егер еңбекке жарамсыздықтың себептері туралы айтатын болсақ, елдегі эпидемиологиялық жағдай, төтенше жағдай режимін, карантинді енгізу үлкен әсер етті, бұл жұмыс орындарының қысқаруына, елдегі бизнес белсенділігінің төмендеуіне әкелді, бұл өз кезегінде жастар арасындағы жұмыссыздыққа әсер етті. Екінші жағынан, бұл топта оқу орындарына түспеген, оқуды аяқтамаған себебінен қазіргі уақытта жұмыссыз жүрген жастар да бар. Жастардың жоғары оқу орнын немесе колледжді бітірмеуінің бір себебі – мамандықты дұрыс таңдамауы және оқуға деген ынтаны төмендігін атап өткен жөн. Жастардың экономикалық енжарлығының себептері де әртүрлі: білім алу мақсаттарынан туындаған жеке шешім, декретте болу, денсаулығына байланысты. Тұрмыстағы әйелдердің енжарлығы бала бағу мен жұбайлары жұмысқа шығуға тыйым салу қосымша әсер ететінін айта кетуге болады.

Көп жағдайда NEET жастары орта және аяқталмаған орта білімі бар жастар екеніне қарамастан, Қазақстанның NEET жастарына орта кәсіптік, жоғары білімнің болуы тән, сонымен қатар мектеп түлектері арасында да, өткен жылдары оқуға түспеген түлектер арасында да оқуға түсуге деген ынта байқалады. Мұны білім алу міндеттілігіне қатысты қоғамдық ұстанымдардың болуымен түсіндіруге болады, бұдан басқа, қосымша фактор Қазақстанда білім алудың қолжетімділігі, түрлі деңгейдегі оқу орындарының (колледждер, институттар, университеттер) көптігі болып табылады.

Сонымен қатар, орта білімі бар жастар тобы да ерекшеленеді, олар саналы түрде мектепті бітіргеннен кейін оқу орындарына түспеуге және жұмыс істей бастауға шешім қабылдады.

